

Әділетті Қазақстан

Әр азаматтың Отанға деген сүйіспеншілік сезімінен, туған елінің тағдырына бей-жай қарамайтын жауапкершілігінен ұлтымыздың жаңа сапасы көрініс табады.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

САЯСАТ



«ОРТА АЗИЯ – ҚЫТАЙ» САММИТИ

ТҮЛҒАТАНУ

6



ХУСАМУДДИН ӘС-СЫҒНАҚИ МҰРАСЫ

9

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ



«ҚҰРАЛАЙДЫҢ САЛҚЫНЫ»

24

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

18.05.2023

Түнде:



+13+13 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+21+23 °C

Көшпелі бұлтты, жаңбыр, кей уақытта қатты, найзағай, бұршақ.



Желдің жылдамдығы:

түнде 5-10, күндіз 9-14, екпіні 18-23 м/с

19.05.2023

Түнде:



+13+15 °C

Көшпелі бұлтты, жаңбыр, кей уақытта қатты, найзағай, бұршақ.

Күндіз:



+21+23 °C

Көшпелі бұлтты, жаңбыр, кей уақытта қатты, найзағай, бұршақ.



Желдің жылдамдығы:

9-14, екпіні 15-20 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҢАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty

AQSHAMY




Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №61 (6354) 18 мамыр, бейсенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

ПРЕЗИДЕНТ

«ЫРЫС АЛДЫ – ЫНТЫМАҚ»

Бірлігі бекем мемлекеттердің берекесі мол болады



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қытай Халық Республикасына мемлекеттік сапармен барды

«Ырыс алды – ынтымақ», «Бірлік болмай, тірлік болмас» дейді халық даналығы. Осы бір абзалдық әліппесіндей даналық сөздер заманалар мен тұлғалар ауысып, заңдар өзгеріп жатса да, өзінің өзектілігін ешқашан жойған емес.

Қай ұлт, қай мемлекет болсын, бейбіт өмір мен ашық аспанды, сапалы дамуды қалайды. Мұндайда іргелес жатқан көрші мемлекет-

тердің баянды, жарқын, бақытты бүгіні мен ертеңі, болашағы үшін алдымен бір-бірімен өзара ынтымақта, ауызбірлікте болуы – басты қажеттілік. Бірлігі бекем, ынтымағы жарасқан мемлекеттерде ырыс та, береке де болмақ. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қытай Халық Республикасына бұл мемлекеттік сапары да осы мақсат-мүддемен үндеседі.

2

«ЖАСЫЛ АЛМАТЫ»

АЛЫП ШАҢАР АЖАРЫ

қызылды-жасылды гүлдермен көмкеріледі



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Алып шаһардың көркі көктемде ерекше кейіпке еніп, түрлене түседі. Өйткені, бұл кезде шаһар жасыл желекке оранып, қызылды-жасылды гүлдермен көмкеріледі.

24

ҚЫСҚА...

- Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ҚХР Төрағасы Си Цзиньпинмен келіссөз жүргізді.
- Ертең «Орталық Азия – Қытай» саммиті басталады.
- Сенатта заң қызметінің сапасын арттыру мәселелері талқыланды.
- ЕҚЫҰ-ға мүше мемлекеттер парламенттері Орта Азиядағы өңірлік қауіпсіздік мәселелерін талқылады.
- Үкімет отырысында өрт қаупі бар кезеңге дайындық шаралары қаралды.
- Қытайдың Сиань қаласында еліміздің Бас консулдығы ашылады.
- Қазақстандық бизнесмендер Сианьда \$100 млн экспорттық келісім-шарттар жасасты.
- Қазақстан мен Сингапур арасында тікелей әуе қатынасын ашу бойынша келіссөз жүргізілді.
- Бүгін Халықаралық музейлер күніне арналған «Музейлер түні» акциясы өтеді.
- Елімізде алғаш рет жаңа технология бойынша көздің донорлық қабығы трансплантацияланады.
- Қазақстанда мобильді интернет жылдамдығы артты.

www.almaty-akshamy.kz





«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ ПРЕЗИДЕНТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен өткен жиында Ұлттық банктің 2022 жылы атқарған қызметі туралы есеп берілді.

Президентке 2022 жылғы ақша-кредит саясатының жүзеге асырылу нәтижелері, қаржы тұрақтылығын қамтамасыз ету шаралары, сондай-ақ Ұлттық банктің алтын-валюта қоры мен Ұлттық қор активтерінің жай-күйі жөнінде мәлімет берілді. Жалпы экономикаға бөлінген кредит 2022 жылы 21,7 пайызға өсті. 2023 жылдың 1 қаңтарындағы мәлімет бойынша оның көлемі 28,9 триллион теңгені құрады. Ұлттық банктің дерегі бойынша былтыр жалпы халықаралық резервтер 1,2 миллиард долларға көбейіп, 90,8 миллиард долларға жетті. Соның ішінде алтын-валюта қоры – 35,1 миллиард доллар, Ұлттық қор активтері – 55,7 миллиард доллар. Талқылау қорытындысы бойынша Президент жылдық есепті мақұлдады.

■ СЕНАТ

Маулен Әшімбаев «Бельгия–Қазақстан» достық тобының төрағасы Тим Ванденпут бастаған Бельгия Парламенті депутаттары делегациясымен кездесті.

Тараптар екіжақты ынтымақтастық пен парламентаралық өзара іс-қимылды одан әрі нығайту перспективаларын, халықаралық және өңірлік күн тәртібіндегі мәселелерді талқылады. Тим Ванденпут Қазақстанда жүргізіліп жатқан саяси трансформацияның, сондай-ақ еліміздің халықаралық ұйымдармен ынтымақтастығының тиімділігін атап өтті. Парламентарий өз тарапының инвестициялық және көлік-логистикалық жобаларды дамытуға және парламентаралық ынтымақтастықты нығайтуға мүдделі екенін білдірді.

■ ҮКІМЕТ

Әлихан Смайылов Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас хатшысының орынбасары, UNFPA атқарушы директоры Наталия Канеммен кездесу өткізді.

Тараптар ҚР әлеуметтік саласын, оның ішінде білім беру мен денсаулық сақтауды дамыту, жастарды қолдау жөніндегі бастамаларды, сондай-ақ Алматыда UNFPA көшбасшыларының жаһандық кездесуін өткізу мәселелерін талқылады. Наталия Канем Қазақстанның соңғы жылдары әлеуметтік саланы дамытуда қол жеткізген жоғары нәтижелерін атап өтіп, UNFPA жаңа бастамаларды жүзеге асыруда республикаға көмек пен техникалық қолдау көрсетуді жалғастыруға дайын екенін растады.

«Біз Үкіметтің жастарды, әсіресе, республика бойынша ашылған жастар денсаулық орталықтарын дамыту үшін қолайлы жағдай жасау жөніндегі күш-жігерін құптаймыз. Бұл тамаша жетістік, озық тәжірибенің үлгісі, біз бұл туралы Алматыда сөзсіз айтатын боламыз, онда әлемнің түкпір-түкпірінен UNFPA-ның 200-ден астам көшбасшысы жиналады. Осы тұрғыда өмірлік дағдыларға негізделген білім беру тұжырымдамасының маңыздылығын да атап өткім келеді, UNFPA бұл бағытты қолдауға дайын», – деді Наталия Канем.

■ «БІР ТЕРЕЗЕ» ҚАҒИДАТЫ

Қандас мәртебесін беру тәртібі өзгереді. Енді өтінімдер Қазақстан елшіліктері арқылы «бір терезе» қағидаты бойынша қабылданады.

Жаңа тетік бірқатар мемлекеттерде пилоттық режимде іске асырылуда. Бұл елімізге бару, жұмыс орны, тұрғын үй беру мүмкіндіктері туралы мәселелерді шешуге және республика аумағына кірмей-ақ қандас мәртебесін алуға мүмкіндік береді, деп хабарлайды ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі. Қазіргі уақытта этникалық қазақтардан өтініштерді қабылдау бойынша жұмыс визалық режим елдерінде (Түркіменстан, Моңғолия, Қытай, Иран, Ауғанстан) орналасқан ҚР Сыртқы істер министрлігінің шет елдердегі мекемелерінде пилоттық режимде жүргізілуде. Кейінірек елшіліктер арқылы өтінімдерді қабылдау визасыз режимі бар елдерде де жүргізілетін болады.

Бұдан басқа, Enbek.kz порталы арқылы осы пилоттық жобаны (қандас мәртебесін беру және қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу жөніндегі қызметтер) іске асыру шеңберінде мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде мемлекеттік органдардың өзара іс-қимыл алгоритмі енгізілді.

■ ВИЗАЛЫҚ РЕЖИМ

Қазақстан Премьер-Министрінің орынбасары – Сыртқы істер министрі Мұрат Нұртілеу Брюссельге жұмыс сапары аясында Ішкі істер бойынша Еуропалық Комиссар Ильва Йоханссонмен кездесу өткізді.

Келіссөздер нәтижесі бойынша тараптар ҚР азаматтары үшін визалық режимді жеңілдету туралы ресми консультацияларды бастау жөнінде уағдаластыққа қол жеткізді, деп хабарлайды ҚР Сыртқы істер министрлігі.

Еуроодақ Қазақстанмен өзара тиімді ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға мүдделі екенін және тараптардың азаматтары арасындағы байланыстарды кеңейтуге ұмтылатынын мәлімдеді. Еурокомиссардың пікірінше, Қазақстан мен ЕО арасындағы стратегиялық әріптестіктің маңызды көрсеткіштерінің бірі тұрақты мәдени-гуманитарлық алмасуды қолдау. 2017 жылдан бастап Қазақстан ЕО-ның барлық мемлекеттерінің азаматтары үшін іскерлік ынтымақтастықты, туризмді және адами байланыстарды дамыту үшін біржақты тәртіппен визасыз режим енгізді. Визалық режимді жеңілдету қажетті құжаттар тізімін қысқартуды, визалардың ұзақтығы мен жиілігін арттыруды және т.б. қамтиды.

■ МӘСҚ

2023 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан жұмысынан айырылуына байланысты әлеуметтік төлем алушылардың саны 75,4 мың адамды құрады. Бұл ретте биыл 63 мың адамға төлем алғаш рет тағайындалды, деп хабарлайды ҚР еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес жұмыстан босатылған жұмыскерлер міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысу өтіліне және соңғы 24 айдағы табысына байланысты 1 айдан 6 айға дейін жұмысынан айырылуы бойынша әлеуметтік төлемдер алады. Төлем жоғалған кірістің 45%-ына дейінгі мөлшерде МӘСҚ қаражаты есебінен жүзеге асырылады. Төлем тағайындау үшін жұмыстан босатылған жұмыскерге: eGov.kz порталында авторизациялану; «Жұмысқа орналастыру және жұмыспен қамту» бөлімінде «Жұмыс іздеуші адамдарды тіркеу» қызметін таңдау; онлайн-қызметке тапсырыс беріп, барлық жолдарды толтыру және оған ЭЦҚ-мен қол қойып, өтінімді жіберу қажет; бір күн ішінде тұрғылықты жеріңіздегі Халықты жұмыспен қамту орталығы (бұдан әрі – ХЖҚО) бос жұмыс орындарын ұсынады; егер жұмыс табылмаса, 3 жұмыс күні ішінде қашықтан жұмыссыз мәртебесі беріледі (қажет болған жағдайда сізге ХЖҚО қызметкері қосымша ақпарат жинау үшін хабарласады). Бұл қызметті онлайн-режимінде Электрондық еңбек биржасы (enbek.kz) арқылы да алуға болады.

(Дереккөздер: akorda.kz; parlam.kz; ortcom.kz, primeminister.kz).

■ ПРЕЗИДЕНТ

ЕКІЖАҚТЫ ЫҚПАЛДАСТЫҚҚА –
ТЫҢ СЕРПІН

Мызғымас достыққа және өзара қолдауға негізделген ынтымақтастық

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев
Қытай Халық Республикасына мемлекеттік сапармен барды

(Басы 1-бетте)

Ақорданың Баспасөз қызметі хабарлағандай, Қытай Халық Республикасына мемлекеттік сапармен келген Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ҚХР Төрағасы Си Цзиньпинмен келіссөз жүргізді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевты Құрмет қарауылы салтанатпен сап түзеп қарсы алды. Содан кейін екі ел басшылары бір-біріне ілтипат білдіріп, келіссөз залына қарай өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев, ең алдымен, мемлекеттік сапармен келуге шақырып, құрметпен қарсы алғаны үшін ҚХР Төрағасы Си Цзиньпинге шынайы ризашылығын білдірді. Сондай-ақ, оны Қытай Халық Республикасының Төрағасы лауазымына қайта сайлануымен құттықтады.

– Қазақстан үшін Қытай Халық Республикасының орны – ерекше. Біздің ынтымақтастығымыз мызғымас достыққа және өзара қолдауға негізделген. Екіжақты қарым-қатынасты жандандыру жолындағы мақсатымыз – ортақ. Аймақтық және халықаралық қауіпсіздікті, өзара ықпалдастықты нығайтуды көздейтін мұратымыз да – бір. Біз

үшін Қытаймен мәңгілік әрі жан-жақты стратегиялық әріптестікті одан әрі дамыту өте маңызды, – деді Мемлекет басшысы.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің өзара қарым-қатынасты дамытуға қосқан өлшеусіз үлесін жоғары бағалайтынын жеткізді. Сондай-ақ, екі елдің ынтымақтастығын жаңа белеске көтеру үшін бар күш-жігерін жұмылдыруға дайын екенін атап өтіп, бүгінгі келіссөздер екіжақты ықпалдастыққа тың серпін беретініне сенім білдірді.

Өз кезегінде ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин Қасым-Жомарт Тоқаевқа қонақжайлық ілтипат білдіріп, 70 жас мерейтойымен құттықтады.

– Осындай айтулы күні Сіз Қытайға мемлекеттік сапармен келіп отырсыз. Бұл біздің екіжақты ынтымақтастығымыздың жоғары деңгейде екенін көрсетеді және Қытаймен тығыз байланыстарыңызды тағы да растайды. Қытай мен Қазақстан қытай-қазақ қатынастарының жаңа «алтын 30 жылдығына» қадам басты. Біздің елдеріміз достық, өзара қолдау дәстүрін дамытып, тиімді ынтымақтастықты тереңдетуі қажет, – деді ҚХР Төрағасы.

Кездесу барысында тараптар екі елдің сауда-экономика, мұнай-газ, мұнай химиясы, энергетика, білім және ғылым, қаржы салаларындағы жан-жақты ынтымақтастығын дамыту, көлік-транзит әлеуетін арттыру мәселелерін талқылады. Сондай-ақ, олар халықаралық және өңірлік күн тәртібіндегі мәселелер жөнінде пікір алмасты.

Келіссөздерден кейін Қасым-Жомарт Тоқаев пен Си Цзиньпин Бірлескен мәлімдемеге қол қойды. Сондай-ақ, екі ел делегациясы мүшелерінің бірқатар маңызды құжатқа қол қою рәсімі өтті.

Бүгін, 18 мамырда Мемлекет басшысы Қытайдың ірі компанияларының басшыларымен кездеседі. Және мемлекеттік сапар аясында ел Президенті бірқатар шара өткізетіні, сондай-ақ Сиань қаласындағы еліміздің Бас консулдығының салтанатты түрде ашылу рәсіміне қатысады деп жоспарланып отыр.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Алматы қаласы қала құрылысын бақылау басқармасы мамандарының мәліметінше, қазіргі уақытта Обсерватория көшесі, 104/4 мекенжайында орналасқан «Мечта» таунхаусы бойынша сот талқылаулары жүргізілуде және бұл нысан жеке тұрғын үй құрылысына арналған жерге салынуда.



ҚҰЖАТЫН ТЕКСЕРМЕЙ, ҮЙ САТЫП АЛМАҢЫЗ!

Алматыда тағы бір ТҮК пәтер сатып алуға ұсынылмайтын үйлердің тізіміне енді



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Жоспардан тыс тексеру барысында Алматы қаласы қала құрылысын бақылау басқармасы тұрғын үй кешенінің 1-ші нүктесінен келісілген эскиздік жобадан ауытқығаны, 2-ші нүктеден рұқсат құжаттамасы болмағандығын анықтады. Бүгінгі таңда 1 орынды меншік иесі өз бетінше пайдалануға берді.

2022 жылғы 15 қыркүйекке дейінгі мерзімге ұйғарым бере отырып, тапсырыс берушіге қатысты ӘҚБтК-нің 316-бабының 1-бөлігі (жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасыз немесе талаптарды қоспағанда, белгіленген тәртіппен сараптамадан өтпеген жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасы бойынша нысандар мен олардың кешендерін салу (реконструкциялау, реставрациялау, кеңейту, техникалық қайта жарақтандыру, жаңғырту,

күрделі жөндеу) бойынша шаралар қабылданды). Былтыр 14 қазанынан бастап тапсырыс беруші ӘҚБтК-нің 462-бабы бойынша нұсқаманы орындамағаны үшін (мемлекеттік бақылау және қадағалау органдары (лауазымды адамдар), мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары өз құзыреті шегінде берген заңды талаптарды немесе нұсқамаларды, ұсынымдарды, қаулыларды тиісінше орындамағаны үшін) жауапқа тартылды.

Басқарма нысанды пайдалануға қабылдау және бұзу актісінің күшін жою туралы сотқа талап-арыз жолдады, сот талқылаулары жүріп жатыр.

Алматы қаласы қала құрылысын бақылау басқармасы пәтерлерді сатып алмай тұрып салынып жатқан ТҮК құжатының бар-жоғын аталмыш басқарманың +7 705 89 66 000 WhatsApp жедел желісі нөмірі бойынша тексеру керектігін естеріңізге саламыз.

ЭКОЛОГИЯ

«КӨКТӨБЕ» ҚҰНЫ НЕГЕ ҚЫМБАТ?

Күні кеше әлеуметтік желіде «Көктөбе» демалыс орнына жеке көлікпен шығу құны 7 мың теңге болғаны туралы ақпарат тараған еді. Осы жағдайға қала тұрғындары мен қонақтары наразылық білдіріп, бағаның тым қымбат екенін айтып, шағымданды.



Айнұр
СЕНБАЕВА

Алматылық тұрғындардың айтуынша, қаражаттың қайда кетіп жатқаны белгісіз және отбасылы адамдар үшін «Көктөбеге» көлікпен кіруге жағдай қарастырылуы керек.

Қала тұрғыны Салтанат Солтанқұлованың айтуынша, 7 мың теңге қарапайым отбасы үшін қымбат. «Қалада тұрсақ та, демалыс орындарына сирек барамыз. Осы аптада бала-шағамызбен «Көктөбеге» келдік. Ең үлкені 7 жаста, кішісі 1 жаста болғандықтан, көлікпен шығуды жөн көрдік. Егер көлікпен өткізіліңіз келсе, 7 мың теңге төлеңіздер деді. Шынымызды айтсақ, аң-таң болдық. Бұл баға тым қымбат болғасын, Газельмен көтерілдік. Қалтамызға біраз ауырлық түсірді. Мұндай баға біздің қаламызға тым қымбат емес пе? Күн сайын демалыс орнына 100-ден астам көлік кіреді. Күніне



7 млн теңге табыс табады делік. Табиғатты қорғау мақсатында осындай шара қабылдаса, мүлдем көлікпен жүруді шектеу қажет қой», – дейді ол.

Тұрғынның шағымына «Көктөбе» әкімшілігі жауап берді. Олардың айтуынша, бағаның өсуіне саябақтағы автотұрақтар санының аздығы себеп болып отыр.

«Саябақтың аумағында автотұрақ орындарының аздығынан көлікпен кіру бағасы 1 мамырдан бастап 5 мың теңгеден 7 мың теңгеге көтерілді. Жалпы, саябаққа кіру тегін. Сол үшін тұрғындар мен қонақтар саябақтың жұмыс уақытында жаяу да көтеріле алады. Ал жеке көлікпен келгендерді кіру құнын төлегеннен кейін жоғарғы тұрақ аймағына өткіземіз», – дейді «Көктөбе» әкімшілігі.

Экобелсенділер мен табиғат жанашырлары демалыс саябағына көлікпен көтерілуге қарсы екендерін айтады. Ал Алматы сынды

алып шаһарда миллионға тарта көлік бар. Ауаға зиянды заттардың 65 пайызын тарататын көліктер қоршаған ортаға әсер етіп, ауаның ластануына, адам денсаулығына қауіп төндіреді. «Адамдар салауатты өмір салтын сақтап, ең болмаса саябақтарда жаяу немесе велосипедпен жүруге тырысу керек. Егер саябаққа келіп, көлікпен ауаны ластасаңыз, табиғатқа қиянат келтіргеніңіз», – дейді Экология департаменті жанындағы жастардың экологиялық бастамалары кешесінің төрағасы Әділ Нұрпейісов.

Айта кеткен жөн, «Көктөбе» демалыс орнына кірудің 4 жолы бар. Абай–Достық даңғылының қиылысынан №99, №95 автобустармен соңғы аялдамаға дейін барып, ары қарай жаяу жетуге болады. Екінші жолы Абай алаңы жанынан аспалы жолмен көтерілу. Сондай-ақ, жеке көлікпен және саябақ әкімшілігі ұсынған Газель арқылы көтерілуге болады.

САНИТАРЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

Оқу-жаттығу сабағы



Алматы бөлімшелік көліктегі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының ұйытқы болуымен «Алматы-1» бекетінде «Аса қауіпті инфекцияға күдікті науқас анықталған жағдайдағы іс-шаралар» бойынша оқу-жаттығу сабағы өтті.



Айнабай
МӘДИ

Басқарманың оқу-жаттығу өткізудегі мақсаты – аса қауіпті инфекцияға күдікті (обаға күдікті) науқас анықталған жағдайда атқарылатын іс-шараларды бекітілген кешенді жоспарға сай пысықтап, аталған сабаққа тікелей қатысты барша қызмет пен құрамның өзара тығыз қызметін үйлестіру. Оған себеп, «Жолаушылар тасымалы»

АҚ «Оңтүстік» жолаушылар тасымалы жөніндегі аймақтық филиалының №21/22 «Семей–Алматы» бағытындағы жолаушылар пойызының 18-вагонында келе жатқан А. деген жолаушының басы ауырып, денесі ауырсынып, әлсірегені. Оқу-жаттығу сабағының сценарийі осыдан басталады.

Жолаушының дене қызуы көтеріліп, қалтырап, жүрегі айнып, құскысы келгенін аңғарған жолсерік бұл кісінің қолтық астындағы ісінген түйінге, лимфатүйіннің ұлғайғанынан күдіктеніп, дереу пойыз бастығына хабарлайды. Құрам басшысы пойыздағы жолаушы болып келе жатқан медициналық қызметкерді (дәрігер) шақырады. Шақырылған маман-медицина қызметкері науқастанған жолаушыны тексеруден соң науқаста аса қауіпті инфекцияға күдікті болжам-диагноз бары жөнінде жеделхат мәтінін іргелес вагонның жолсерігі арқылы жібереді. Жолсерік тез арада науқасты өзі жатқан күйде оқшаулап, вагонда індетке қарсы іс-шара жүргізеді.

Осы оқиға оқиғаға байланысты пойыз бастығы машинист арқылы «Алматы-1» бекетінің кезекші диспетчеріне құрамда аса қауіпті инфекцияға күдікті науқас анықталғаны туралы хабар жөнелтеді. Одан әрі қарай шұғыл хабарлама алған бекет кезекшісі құлақтандыру сызбасына (схема) сай, төтенше шараға қатысуға тиісті барлық қызметке хабарлайды. Жолаушылар пойызының келу уақытында, сағат 10.30-да аса қауіпті инфекцияға күдікті науқастың анықталған ошағында індетке қарсы тиісті іс-шара жүргізуге құзырлы қызмет пен құрамдар келіп жетті. Қоғамдық қауіпсіздікті полиция қызметкерлері қамтамасыз етті.

Жолаушылар пойызы құрамындағы науқас бар вагон ағытылып, «санитарлық тұйыққа» жіберілді. Маңайды теміржол бекетінің әскерилендірілген күзеті қоршап тұрды. Құрамында эпидемиолог, обаға қарсы станцияның маманы, инфекционист-дәрігер бар эпидемиологиялық топ науқасты қарап, клиникалық және эпидемиологиялық дерек негізінде «оба» диагнозын қойды. Аталған диагноз қойылған науқас қалалық жұкпалы аурулар ауруханасына жатқызылды. Науқаспен қарым-қатынаста болған 19 адам қалалық жұкпалы аурулар ауруханасының провизор бөліміне жеткізіліп, жатқызылды. Ауру ошағында қорытынды залалсыздандыру жүргізілді. Оқу-жаттығу сабағы барысында барлық мүдделі қызмет пен құрамдар пойызда аса қауіпті инфекцияға күдікті науқас анықталған жағдайда ауру ошағында мүлтіксіз өзара іс-әрекет пен дайындық көрсетті.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ



Алматыда келесі жылы беру маусымы басталғанға дейін 11,1 шақырым магистральдық және тарату жылу желілері реконструкцияланады.

КЕЗЕК КҮТТІРМЕЙТІН МӘСЕЛЕ

Алматыда 40–50 жыл бойы пайдаланылған құбырлар ауыстырылады

Демек, сен қозғалды. 25–30 жылдан астам уақыт немесе одан көп жылдар бойы пайдаланылып, ескірген құбырлар жеке құбырларға ауыстырылады. Алматы қаласының инженерлік коммуникацияларын модернизациялаудың жалпы жоспарына сәйкес, жол төсемі кейіннен толық қалпына келтіріледі.

Құрылыс жұмыстары мына көшелерде жүргізіледі: Бөгенбай батыр көшесі (Байтұрсынов көшесінен Наурызбай батыр көшесіне дейін); Райымбек даңғылы (Галилей көшесінен солтүстікке қарай Казаков көшесіне дейін); Казаков көшесінен Бродский көшесіне ауысуымен (Райымбек даңғылынан Рысқұлов даңғылынан солтүстікке қарай); Шалыпин көшесінің солтүстігі (Саин көшесінен Б.Момышұлы көшесіне дейін); Қажымұқан көшесі (ОШАҚ №2 сорғы станциясынан Достық даңғылына дейін); Саин көшесінің батысына қарай (Ұлықбек көшесінен Шалыпин көшесіне дейін); Ескараев көшесі (Розыбақиев көшесінен Гагарин даңғылына дейін); Гагарин даңғылы (Ескараев көшесінен Ходжанов көшесіне дейін); Ходжанов көшесі (Гагарин даңғылынан ЦТРП дейін); Дөнентаева көшесі (53 тұрғын үйден 26 тұрғын үйге дейін); Есенов көшесі (Раскова көшесінен Колпаковский көшесіне дейін және ары қарай Колпаковский көшесінен №143 лицей-мектепке дейін); Қазыбек би көшесі (Уәлиханов көшесінен Абдуллиндер көшесіне дейін); Ганди көшесі (Батыс Желтоқсан көшесі арқылы Қозыбаев көшесінің шығысынан ОШАҚ дейін); Қозыбаев көшесінің шығысын (Серіков көшесінен төмен Мұқатаев көшесіне дейін) қамтиды.

Құбырларды реконструкциялау олардың сынақтар мен регламенттік жұмыстары аяқталғаннан кейін бірден басталады. Жөндеу науқаны кезінде тұрғындарға қолайлы жағдайларды сақтау үшін ыстық сумен жабдықтау оны берудің уақытша сызбалары арқылы барынша сақталады. Реконструкциялау жұмыстарының кезекті кезеңінің мақсаты – алдағы күзгі-қысқы маусымда жылу желілерінің тұрақты және апатсыз жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

«Алматы жылу жүйесі» ЖШС мамандарының айтуынша, жылыту маусымы басталғанға дейін МИБ, ПИК және басқа да басқарушы компаниялар тұрғын үйлер ішіндегі инженерлік желілерді, элеваторлық тораптарды, жылу пункттерін қысқа дайындауға және үй ішіндегі қолайлы жағдайларды сақтау үшін өзге де іс-шараларды өткізуге міндетті.

Құралай ЖҰМАДІЛОВА.



ТУРИЗМ

АЛМАТЫ АГЛОМЕРАЦИЯСЫ: БІРЕГЕЙ ЖОЛ

ӨТКЕН ЖЫЛЫ алып мегаполис 1 800 000 туристі қабылдаған

Осыдан бірсыпыра уақыт бұрын Мемлекет басшысы шетелдік инвесторларды тарту арқылы туристік инфрақұрылымды дамытуға қажетті жағдай жасау маңыздылығын атап айтқан. Әрбірден соң бұл шаруа еліміздің бүкіл тіршілігіне қан жүгіртіп, экономикасын өрге бастыру үшін қажеттіліктен туындап отыр. Бастама былтыр шаһар басшысы мен бизнес қауымдастықтың кездесуінен басталған болатын. Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев пен «Атамекен» ҰҚП басқарма төрағасы Райымбек Баталовтың кездесуінде туризм жөніндегі кеңес құру қуатталған-тын.

Айнабай
МӘДИ

Шаһардағы «Атамекен» ҰҚП баспасөз қызметі хабарлағандай, таяуда өткен аталмыш кеңестің бірінші отырысында, туристік салалардың, Алматы қаласы мен облысы және Жетісу облыстары мемлекеттік орган өкілдерінің басқосуында жан-жақты талқыланып, мәмілеге келген. Алматы қалалық ҰҚП төрағасы Әуез Тайымбетовтің айтуынша, өңірлердің туристік салаларында туындаған бірқатар мәселелер үкіметтік деңгейде ғана шешімін табады. Міне, осы мәселелер енді шешімін тауып келе жатқандай.

«Біздің бастаманы мемлекеттік органдар, ұлттық парк жетекшілері мен үш өңір қауымдастығы қолдап отырғаны қуантады», – дейді Ә.Тайымбетов.

Қалалық ҰҚП төрағасы Алматы агломерациясын облыстың бес өңірі – Еңбекшіқазақ, Жамбыл, Іле, Қарасай мен Талғар аудандары, сондай-ақ Қапшағай қаласының аумақтық бөлігі мен болашақтың қаласы Gate City (G4 city) құрайтынын еске салады.



Бұл төңірек – 1,5 сағаттық көлікпен жетуге болатын жер, әрі 110 шақырымнан аспайтын магистральдық жол қатынасының маңы немесе Алматыдан 75 шақырымға дейінгі өзге аумақтар.

Осы кезгі аталған мемлекеттік тізілім (реестр) мәліметіне сүйенсек, елімізде жұмыс істеуге рұқсаты бар 380 тuroпeрaтop бap. Олардың ішіндегі 34 тuroпeрaтop ғaнa eлiмiздeн cыртқa шығып жұмыс істейді, қалғаны ішкі және сырттан келген туристерге қызмет көрсетуді жүзеге асырады. Бұрынырақта мемлекеттік тізілімде қағаз бен электрондық форматтағы 1240 тuroпeрaтop cанaттa тұрды. Солардың көбі қызметін тоқтатса да, тізілімде қала берген. Бүгінгі заңдылыққа сәйкес келмейтін құжаттық әрекет лицензия иелерінің, сондай-ақ жергілікті атқару органдардың араласуымен тоқтатылды.

Палата төрағаларының мәлімдеуінше, былтыр Алматыға 1 800 000 турист келген. Бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда, 48%-

ға артқандықты білдіреді. Соның ішінде, шетелдіктер – 417 353 кісі (бұл 2,5% артқан). Көрсетілген қызмет көлемі орналас-тырылуына орай, 56,1 млрд теңге құраған.

Қазақстан туристік қауымдастығының төрайымы Рашида Шайкенова туризм бағыты әр алуан, солардың әрбірін бөлек қарастыру қажет деп мәлімдеді. «Туризм сегменті өте көп. Бұл саладағы мәселе мен проблема бір-бірінен өзгешелеу. Мәселен, қоғамдық тамақтандыру, экологиялық туризм, ұлттық паркпен жұмыс дегендей... Сондықтан кеңес кезінде комитеттермен дұрыс шешім қабылдап, жұмысты бөлісіп атқаруға болады. Мұның өзі ішкі мәселелерді шешуге, өзекті мәселелерді анықтауға мүмкіндік береді», – дейді Р.Шайкенова.

Жиынға қатысушылар сөзіне сүйенсек, саладағы белсенділердің басым бөлігі Алматы қаласында екен. Ал олардың қызметі жаңа өңірлермен тығыз өзара қарым-қатынаста іске асады.

ТАҚЫРЫПҚА ТҮЗДЫҚ

Қаракөз СҮЛЕЙМЕНОВА,
әнші, тележүргізуші:Туризмнен түскен табыс –
16 миллион доллар

Осы күні қазақ-қытай арасындағы бір айлық визасыз қарым-қатынастың туризмге елеулі ықпал етіп отырғанын айтпай кетуге болмас. Бәзбіреулер мұны түсінгісі келмей, байбаламға басып жүр. Мұндай барыс-келістің елімізге пайдасы болмаса, залалы тимейді. Визасыз тәртіп басталғалы бері елге ағылған қытай туристері мемлекет бюджетіне айтарлықтай қаражат түсіріпті. Мәселен, биылғы тек қана үш айдың өзінде, яғни қаңтар-наурыз айлары аралығында Қазақстанда Қытайдан келген 8 мыңнан астам турист тіркеліпті. Ал былтыр елімізге келген қытайлық туристерден түскен табыс 16 млн долларға жеткен.

Асығат ӘЛЕУМЕТ,
қала тұрғыны:Экотуризмнің
үлесі мол

Әлемнің талай жерін араласам да, Алматыдай тау баурайында самалмен желпілген, көркем қаланы көргем жоқ. Тау етегіндегі қалалар көп болды. Бірақ Алатауы асқақтаған, Медеуімен, Шымбұлағымен мәртебелі елдімекенді төрткіл дүниеден таппадым. Бұл менің бір кездері аңқыған алмасы бал шырынды қалаға деген махаббатым болар, бәлкім. Заманында салмағы 1 келіге жуықтаған, бренд саналған апортымен мәлім болған Алматыны туризммен танымал ету – біздің борышымыз. Ал бұл шаһарды танымал етуде экотуризмнің сүбелі үлес қосары сөзсіз.

ӘЛЕУМЕТТІК КОДЕКС

ТИІМДІЛІКТІҢ ТӨРТ ТҮРІ

Еңбекмині жұмыспен қамтудың икемді формасын енгізді



Әлемде кеңінен таралған жұмыспен қамтудың икемді нысандарын заңнамалық реттеу мақсатында Әлеуметтік кодекс шеңберінде заңнамада еңбек қызметінің 4 жаңа режимі бекітілді.

Бұл қазақстандықтар үшін еңбек нарығына қатысу мүмкіндігін кеңейтеді, деп хабарлады ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі. Еңбек нарығында технологиялардың қарқынды дамуы аясында жұмыспен қамтудың жаңа икемді нысандары пайда болды. Олар коронавирустық инфекция пандемиясынан кейін өзектіліктің шыңына жетті және көптеген азаматтардың еңбек қызметін өзгертті. Жұмыспен қамтудың икемді нысандарының басты артықшылығы – жұмысшылардың еңбегін олардың жеке қажеттіліктерімен, әсіресе, жұмыспен қамтудың дәстүрлі форматы ыңғайсыз болуы мүмкін және олардың еңбек нарығына қатысу мүмкіндіктерін шектейтін халықтың жекелеген топтары үшін үйлестіруге жағдай жасау.

Сонымен, жұмыспен қамтудың икемді нысандарын заң-

намалық реттеу мақсатында Әлеуметтік кодекс аясында мынадай режимдер енгізілді:

1. Бірге жұмысқа орналастыру

Бұл режимде бір жұмыс функциясын бірлесіп орындау үшін жұмыс берушінің бірнеше (әдетте екі) жұмысшыны қабылдауы. Мысалы, дәлелді себептерге байланысты (денсаулық жағдайы, отбасылық міндеттері және басқалары) азамат күннің жартысында ғана жұмыс істей алады дейік, бұл жағдайда жұмыс беруші жұмыс күнінің екінші жартысында басқа адамды сол позицияға тарта алады.

Тиімділіктің бұл түрі жасына, денсаулық жағдайына, балалардың болуына байланысты толық жұмыс күні жұмыс

істеуге мүмкіндігі жоқ жұмыскерлердің мүдделерін қорғауға, сондай-ақ оқушыларды оқудан бос уақытында жұмыстарды орындауға тартуға мүмкіндік береді. Өз кезегінде, жұмыс берушілер өндірістік процестің бұзылуын тудырмай, толық жұмыс кестесін сақтай алады.

2. Жылжымалы жұмыс кестесі

Аптаның әртүрлі күндерінде жұмыс ауысымының әртүрлі ұзақтығымен жұмыс. Жекелеген сауда орталықтарындағы, қоғамдық тамақтандыру орындарындағы және басқа да ұйымдардағы қызмет еңбек заңнамасында көзделген шектеулерді ескере отырып, жұмыс көлемін толық көлемде біркелкі бөлуге мүмкіндік бермейді. Осыған байланысты жылжымалы кестені енгізу арқылы жұмыс жүктемесінің көлемін ескере отырып, жұмысты ұйымдастыру (біркелкі бөлу) қамтамасыз етіледі.

3. Төрт күндік, бес күндік және алты күндік жұмыс аптасының кезектесуі

Бұл жұмыс кестесі қызметкердің өтініші бойынша белгіленуі мүмкін, бірақ жұмыс берушінің келісімі қажет. Тиімділіктің бұл режимін енгізу өндірістік процесті ескере отырып, қызметкерге жұмыс міндеттерін жеке және отбасылық қажеттіліктермен үйлестіруге мүмкіндік береді. Мұндай режимдегі жұмыс қызметкер үшін жыл сайынғы ақылы еңбек демалысының ұзақтығына, еңбек өтілін және еңбек саласындағы басқа да құқықтарды есептеуге шектеулер туғызбайды.

4. Платформалық жұмыспен қамту

Бұл – негізгі және қосымша жұмыспен қамтудың рөлін атқара алатын қарқынды дамып келе жатқан икемді жұмыс форматы.

Платформалық жұмыспен қамтудың басты артықшылығы – негізгі жұмыспен, жұмыс уақытының икемділігімен, жұмыс пен жеке өмірдің тепе-теңдігімен үйлесу мүмкіндігі. Еңбек қатынастарының икемді нысандарын енгізу және дамыту қызметкерлер үшін қосымша табыс алуға, жұмыспен қамтуды ұлғайтуға, еңбек ұтқырлығын арттыруға, сондай-ақ жұмыскерлердің еңбегін олардың жеке қажеттіліктерімен (отбасы, оқыту, еңбекке уақытша жарамсыздық және т.б.) ұштастыруға жағдай жасауға мүмкіндік береді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: ortcom.kz).



● ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК

Өзекті салада қандай оң өзгерістер бар?

Тіршілік қазаны күндіз-түні қайнап жататын Алматыны қоғамдық көліктерсіз көзге елестету мүмкін емес. Сондықтан аталмыш саладағы мәселелерді жүйелі жолға қою, қалаішілік бағыттардағы қызмет көрсету сапасын жетілдіруді үйлестіру бұрынғыдан да маңызды болып тұр. Бұл ретте мегаполисте қандай жұмыстар атқарылуда? Сараптап көрейік...

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ



Қолжазғы жасаған Нұрболат ӨРІСҮЛЫ.

Жалпы, атқарушы билік тарапынан да, жолаушылар жағынан да тасымалдаушы компанияларға қойылатын басты талап – кез келген қоғамдық көліктің уақытылы қызмет көрсетуі мен көліктің сапасы. Алматыда бұл бағытта атқарылып жатқан жұмыс көп-ақ. Бірақ миллиондар тоғысқан алып қаланың қоғамдық көліктеріне шағым көп. Алматылықтар бұл тақырыпты әлеуметтік желілерде күн сайын талқылайды. Жазбаларға көз жүгіртсек, жолаушылардың ең бірінші айтар уәжі – қоғамдық көліктер арасындағы интервалдың ұзақтығы. Яғни көліктің уақытылы келмеуі. Ал көлік уақытында келмесе, аялдамаға халықтың көп жиналатыны белгілі. Автобуска адамдық толады. Одан кейін көшеде кептеліс басталады...

Естеріңізде болса, қоғамдық көліктің жай-күйін жақсартып, бұл бағыттағы қызметтің сапалық деңгейін көтеру қажет екенін, Алматыда бұл саланы табысты дамытудың мол тәжірибесі бар екенін өткен жылы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы жұртшылығымен кездескенде де айтқан болатын. Ендеше, алып қалада Президент тапсырмасына орай қандай өзгерістер бар? Жақында қалалық қоғамдық кеңес мүшелерінің қатысуымен өткен жиында аталмыш тақырыпқа байланысты атқарылып жатқан жұмыстар сараланды.

БӘРІ ХАЛЫҚ ИГІЛІГІ ҮШІН

Жиынға Алматы қалалық мобильділік басқармасы, тасымалдаушылар қауымдастығы мен автобус парктөрінің басшылары, жалпы көлік саласында қызмет етіп жүрген сала мамандары қатысты.

Онда Алматы агломерациясын дамыту шеңберінде қоғамдық көлік инфрақұрылымын дамыту мәселе-

лері мен перспективаларына қатысты көптеген мәселелер көтерілді. Басқосуда Алматы қалалық мобильділік басқармасының басшысы Сағындық Телібаев сала мамандарының сауалдарына жауап бере отырып, шаһардағы көлік саласына қандай өзгерістер болатыны, жалпы, атқарылып жатқан жұмыстар туралы мамандар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берді. Спикердің айтуынша, бүгінгі таңда мегаполис пен оның шетіндегі жолаушыларға 20-дан астам тасымалдаушы ұйым қызмет көрсетеді. Олардың иелігінде 160 тұрақты маршрут бойынша жүретін 2100-ден астам автобус бар.

Қалалық әкімдіктің мәліметіне сүйенсек, бұл көрсеткіш алып қала үшін әлі де аз. Халықты қоғамдық көлікпен қамтамасыз ету үшін Алматыға 1200-дей автобус қажет. Осы тұста мына бір жайтты айта кеткен жөн. 2023 жылы қаладағы қоғамдық көліктердің 360-ының пайдалану мерзімі аяқталады. Ал 2025 жылы есептен шығарылатын техниканың саны 952-ге дейін өседі. Бұл қалай болғанда да, қаладағы тұрақты маршруттарда тозған автобустардың үлесі жоғары екенін көрсетеді. Ал мұндай «өзгерістер» қоғамдық көліктердің уақытылы қызмет көрсетуіне әсер етпей қоймайды. Демек, қоғамдық көлік мәселесін түбегейлі шешу қала билігінің бүгінгі таңдағы басты мәселелердің бірі. Сондықтан аталмыш саланың қызметін жетілдіруге, тұрғындардың сұранысына сай оңтайландыру бағытында жұмыс тоқтамайды.

ЖҮРГІЗУШІЛЕРГЕ ЖАҒДАЙ ЖАСАЛАДЫ

Бір кездері автовокзалдарды қала шетінде көшіру туралы шешім қабылданғаны есіңізде болар. Идея авторларының пікірінше, автовок-

залдарды қала шетіне көшіру – шеткі аймақтардан жолаушылар тасымалдайтын көліктердің қозғалысын оңтайландырады. Сондай-ақ, мегаполистегі экологиялық жағдайды жақсартуға және қала жолдарындағы кептеліс мәселесін ішінара шешуге мүмкіндік береді деген еді. Сағындық Телібаевтың мәліметінше, бүгінде екі жаңа автобус паркін салудың жобалық-сметалық құжаттамасы әзірленуде. Олардың бірі – Құлжа трактісінде, нақтырақ айтқанда, Рыскулов даңғылының солтүстігінде «Жетісу» базарына қарама-қарсы жерде бой көтереді. Ал екіншісі – Оңғарынова көшесінің шығысындағы Мөңке би көшесінде салынады.

Жобада автомобильдерге газ құю компрессорлық станциясы мен электрлі автобустарға арналған инфрақұрылым көзделген. Көлік жүргізушілерге жағдай жасау мақсатында он арнайы алаң бой көтермек. Онда кезекті үзіліс уақытында жүргізушілер тамақтанып, демалатын болады. Жобаның ЖСҚ 2023 жылдың екінші жартыжылдығында аяқталады. Ведомство басшысының айтуынша, жаңа автовокзалдар ашылған кезде маршруттық желі жолаушылар ағынын ескере отырып, қажеттілігіне қарай ұйымдас-тырылатын болады.

ЖЕҢІЛ РЕЛЬСТІ КӨЛІК

LRT. Әлемнің ірі қалаларында халық негізінен жүрдек көлік – LRT, BRT, метро секілді жеңіл рельсті көліктермен жүреді. Ал автобус, велосипед, самокаттарды қысқа қашықтыққа қатынайтын жолаушылар қолданады. Бұған дейін хабарланғандай, 2040 жылға дейін Алматыда жеңіл рельсті жүрдек көліктерге арналған үш LRT желісін салу жоспарланған. Спикердің айтуынша, Бас жоспарға сәйкес LRT жобасын іске асыру үш

кезең бойынша жүзеге асырылады. Біріншісі – Момышұлы көшесінен бастап (ЛРТ үшін электродепо салынатын аймақ) Төле би көшесіне дейін; екінші жол – «Барлық» базарына, үшінші жол – Талғар трактіне дейін барады. Сол жерден, яғни Жароков көшесімен «Қазақфильмге» көтерілуге болады.

– Биыл техникалық-экономикалық негіздемені, содан кейін жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеуді бастауды жоспарлап отырмыз. Содан кейін барып құрылыс-монтаждау жұмыстарына конкурс жарияланады, – дейді Сағындық Телібаев.

КӨП ДЕНГЕЙЛІ АВТОТҰРАҚТАР

Қала тұрғындары үшін шешімін таппаған мәселелердің бірі – көлік тұрағының жеткіліксіздігі. Бұл түйткілді мәселені шешу мақсатында Алматыда көп деңгейлі автотұрақтар салу жоспарда бар. Ведомство басшысының айтуынша, көпқабатты автотұрақтарды салу жобасының өзі бүгінде жоспарлау сатысында тұр. Кеңістікті тиімді пайдалану үшін көлік тұрағы механикаландырылған және күрделі, яғни классикалық үлгідегі екі бағытта қарастырылады. Мәселен, механикаландырылған автотұрақтар арнайы құрылыстардың көмегімен жүзеге асады. Онда тек автомобильдерге арналған орындар ғана емес, сонымен қатар қосалқы қызмет көрсету бөлмелері де болуы мүмкін. Бүгінде бұл автотұрақтар пилоттық жоба ретінде нысықтаудан өтіп жатыр. Қолайлы деген орындар анықталған соң, олар техникалық тексеруден өткізіледі. Классикалық автотұрақтардың құрылысы бойынша да арнайы сараптама жүргізіледі. Автотұрақтардың саны жобалау-сметалық құжаттама әзірленгеннен кейін айқындалатын болады.

АЙНАЛМА ЖОЛДАР МЕН ЖОЛАЙРЫҚТАР

Алматы көшелеріндегі жүктемені азайтуда айналма жолдардың, жолайықтардың пайдасы зор. Бұл автожол қоршаған ортаға ғана емес, тұрғындардың қауіпсіздігіне де оң пайда әкеледі. Сағындық Телібаевтың мәліметінше, қазір қалада үш

айналма жолдың жұмыстары белсенді жүргізілуде. Біріншісі – Құлжа тас жолының Бұқтырма көшесімен қиылысқан тұсындағы айналма. Аталмыш жол құрылысының жобалық құны – 22,3 миллиард теңгені құрап отыр. Бұған дейін 19,9 миллиард теңге игеріліп, биыл қосымша 2,4 миллиард теңге бөлінген. Бүгінде нысанның 90%-ы дайын. Маусым айында айналма жолды іске қосу жоспарланып отыр.

Одан кейін Сейфуллин–Жансүгіров көшелерінің қиылысындағы жолайық. Спикердің айтуынша, жер телімдерін сатып алу барысында бірқатар қиындықтар орын алып, жұмыс кешеуілдеген. Бүгінгі таңда бұл мәселе шешімін тауып, жұмыстар кестеге сәйкес жүріп жатыр. Басқарма 2017–2022 жылдарда жұмыс істеген мердігер компания арасындағы келісім-шартты бұзып, бүгінде құрылысты жаңа мердігер – «ДСУ-13» компаниясы жалғастыруды қолға алып отыр. Қазіргі таңда нысанның дайындығы 30%. Шарт бойынша оның құрылысы 2024 жылдың тамызында аяқталуы тиіс. Бірақ басқарма басшысы жолайықтағы қозғалысты 2023 жылдың соңына дейін іске қосу жоспарда бар екенін атап өтті.

Ал Саин мен Мөңке би көшелерінің қиылысындағы жолайық құрылысының жобалық құны – 12,1 миллиард теңгені құрайды. Бұл көшелер Үлкен Алматы айналма автожолына шығатын радиалды жолдар. Басқарма басшысы атап өткендей, учаскені іске қосу – көлік ағынының бір бөлігі – Момышұлы көшесіндегі көлік жүктемесін азайтуға көмекі зор. Бүгінде жобаның дайындығы небәрі 10%. Биыл туннель бөлігін, кіреберістерді және сыртқы жарықтандыруды орнату жоспарланған. Алайда, жоспар бойынша жолайық 2023 жылдың желтоқсан айында іске қосылуы тиіс.

МЕТРОПОЛИТЕН: 85 МЫҢҒА ЖУЫҚ ЖОЛАУШЫ

Шаһарды бүгінде метросыз елестету мүмкін емес. Бүгінде жерасты көлігін тәулігіне 85 мыңға жуық жолаушы пайдаланады. Жолаушылар ағымы ұлғаюына байланысты және қызмет сапасын арттыру мақсатында метрополитен желісіне 2023 жылғы 13 ақпаннан бастап қосымша жылжымалы құрам қосылды. Жаңа құрамның енгізілуі электр жылжымалы құрам қозғалысының аралығын қарбалас уақытта 6 минут 12 секундқа дейін қысқартады.

Естеріңізде болса, осыдан екі жыл бұрын Алматының батыс бөлігінде жаңа станциялар салу жобасы қайта қаралған болатын. Кейіннен Наурызбай ауданы жылдам дами бастаған соң желіні Өшімов көшесімен емес, одан әрі жалғастыру туралы шешім қабылданған-ды. Алдағы уақытта мұнда төрт станция салынады деп күтілуде. Біріншісі «Қалқаман» деп аталатын болады.

Сондай-ақ, өткен жылы Алматы – Қазыбек би – Ұзынағаш станциясы маңындағы теміржол бағытының қозғалысы қайта жанданды. Бүгінде екі метро станциясы да пайдалануға берілген.

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Сағындық ТЕЛІБАЕВ, Алматы қалалық мобильділік басқармасының басшысы:

КЕШЕНДІ ЖОБАЛАР, НАҚТЫ ҚАДАМДАР



Биыл Желтоқсан көшесі бойынша Райымбек даңғылына дейін БРТ құрылысын жалғастырудың жобалау-сметалық құжаттамасы әзірленеді. Желі «Барлық» базарына басталып, Құлжа трактісі бойынша шығыс қақпасына дейін, яғни «Жетісу» базарына дейін созылмақ. Сондай-ақ, агломерация аясында Мөңке би көшесі,

Абай даңғылы, Саин көшесі, Рыскулов даңғылы, сондай-ақ Солтүстік айналма жолы мен Тілендиев көшелері секілді алты радиалды жолдар бойынша жұмыстар жобаланып, жүргізіліп жатыр. Өз кезегінде бұл көшелер қала шекарасына дейін созылады. Бүгінде 200 шақырым жолды орташа жөндеуден

өткізу жоспарлануда. Бұл 30 шақырым тротуарды қоса алғанда 220-ға жуық көше деген сөз.

Қазіргі таңда Алматының барлық ауданында жол құрылысы мен жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Жолдарды орташа жөндеуді оқу жылы басталғанға дейін, яғни 1 қыркүйекке дейін аяқтауды жоспарлап отырмыз.

Бұдан басқа, ағымдағы жылы Есенті өзені арқылы өтетін көпір қайта жөндеуден өтеді. Қазіргі таңда көпірдің ені – 11,5 метр, қайта жөндеуден өткеннен кейін оның ені 14,5 метрге ұлғаймақ. Аталмыш құрылыс жол қозғалысын дамытуға едәуір септігін тигізбек. Бүгінде жаяу жүргіншілер өздерінің қауіпсіздігі үшін өзенді айналып өтуге мәжбүр. Қолайсыздықтардың орнын толтыру үшін алдағы уақытта бұл маңайға жаяу жүргіншілер мен велосипедке арнап арнайы жолдар салынады.

● ТҮЙІН:

Сонымен, Алматыда бұл бағытта атқарылып жатқан жұмыстар осындай. Шындығы керек, қарапайым халық үшін түйіні шешіліп жатқан мәселелер аз емес. Биыл Алматының жолаушы тасымалы мен жол сапасын арттыру мақсатында мегаполисте қолға алынып отырған жоғарыдағы кешенді жобалар көп кешікпей оң нәтижесін береді деген сенімдеміз. Қолға алынған жұмыстар жоспарға ілігіп, құжаты әзірленіп жатқан игілікті істер нәтижелі болғай!



САРАПТАМА

«ОРТА АЗИЯ – ҚЫТАЙ» САММИТИ:

аймақтың тегеурінді, теңгерімді бағдары

Осы аптада Орталық Азия және Қытай басшылары Сиань қаласында 5+1 форматындағы саммитте бас қосады. 18–19 мамыр аралығында өтетін «Орталық Азия – Қытай» саммитінде тараптар бірқатар маңызды келісімдер мен саяси құжаттарға қол қойылады деп күтілуде. Бұған қоса, кезекті кездесу Бейжіңнің аймақпен қарым-қатынасының алдағы бағытын айқындайтындықтан да әлем назарын өзіне аударып отыр.

Ең әуелі, кезекті саммитке ресми Бейжің баса мән беріп, тіпті үлкен үміт артуда. Өткен аптада Қытай Сыртқы істер министрлігінің өкілі Ван Бэнминь жасаған ресми мәлімдемде бұл анық байқалды. Ол Орта Азия елдері Қытайдың достық байланыстағы, жан-жақты серіктестік қатынасты ортақ дамытып келе жатқан көршілері екенін атай келіп: «Қатысушы тараптардың ортақ күш-жігерінің арқасында саммит Қытай мен Орталық Азия қарым-қатынасының тың жобасын түзіп, ынтымақтастықтың жаңа кезеңіне қадам басады деп сенеміз», – деген болатын.

Анығында, «Орталық Азия – Қытай» саммитінің көршілес мемлекеттер мен аймақтардың, тіпті ірі державалардың назарын өзіне бұруға жеткілікті себебі бар. Қазіргі кездегі жаһандық тәртіпке ықпал етуші күштер арасындағы күрделі қарым-қатынастар Орталық Азияның (қысқаша – ОА) әлемдегі геостратегиялық маңызын жаңа деңгейге көтерді. Бұған дейін тек Мәскеудің ықпал ету аймағы ретінде қарастырылған ОА-ға ендігі жерде барлық тарап өзінің саяси-экономикалық қатысуын арттыра түсуді көздейді. Сондықтан да бір тараптың аймақпен жасасқан қарым-қатынасы келесі тараптың жіті қадағалауында болары сөзсіз. Ал кезекті «Қытай – Орталық Азия» саммиті 19–21 мамыр күндері Жапонияда болатын G-7 отырысымен тұспа-тұс келуді де ірі ақпарат құралдарының тіліне тиек, сөзіне тұздық болғалы тұр.

Сианьдегі саммит: Үшінші жақтың қатысуынсыз өтетін отырыс

«Орталық Азия – Қытай» саммитін өткізу туралы 27 сәуірде Қытай СІМ басшысы Цинь Ган ОА елдерінің СІМ басшыларымен кездесуі кезінде келіскен болатын.

Кезекті отырыс тараптардың 5+1 форматындағы алғашқы бетпе-бет жолығуы (2020 жылы және 2022 жылы қаңтарда онлайн форматта өткізілген). Қытай басшысы Си Цзиньпин төрағалық ететін жиынға Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон және Түркіменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов қатысады. Бұған дейін аталған елдердің басшылары арасындағы ортақ кездесу, көбінде Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ) аясында, Ресей сынды үшінші тараптың қатысуымен өтіп келген. Демек, бұл 6 тараптың дипломатиялық тарихындағы үшінші жақтың қатысуынсыз өтетін алғашқы кездесуі.

Бейжіңнің көршілес елдердің көшбасшыларын еліне жинап жатқанын сарапшылар тың әрі өтімді дипломатиялық қадам ретінде бағалайды.

«Қытай – Орталық Азия» саммиті мен 5+1 форматының сипаты және шараның мән-маңызына қатысты сұрағымызға Орталық Азия және Қытайды зерттеу орталығының директоры, қытайтанушы эксперт Руслан Изимов: «Әрине, біз Шанхай ынтымақтастық ұйымының қалыптасып, дамуын көрдік. Бірақ ШЫҰ-дан айырмашылығы, жаңа 5+1 форматында басқа жаһандық немесе аймақтық ойыншылар жоқ. Тиісінше, Қытайдың ОА-дағы ықпалын кеңейтетін мүлде жаңа арна пайда болды», – деп жауап берді.

Келісімдердің бағыты қандай?

Биылғы 8 мамырдағы баспасөз мәслихатында Қытай СІМ-нің ресми өкілі Ван Вэньбинь алдағы отырыс аясында тараптардың бірқатар маңызды келісімдерге қол қоятынын жеткізген еді. Сарапшы Р.Изимов қазіргі геосаяси бағдарды топшылай отырып, бұл келісімдердің саяси бағытқа басымдық беруі мүмкін екенін болжайды. «Өздеріңіз білетіндей, геосаяси маңызды бағыттағы «Белдеу және жол» бастамасына биыл 10 жыл толады. Ол өзінің тиімділігін көрсетіп үлгерді. Өткен кезеңде ондаған жаңа жобаларды жүзеге асыру арқылы Қытай ОА республикаларының экономикасындағы позициясын айтарлықтай нығайтты. Бірақ Қытайдың аймақтағы экономикалық мүмкіндіктері саяси тұтқаға айналған жоқ. Нәтижесінде ОА-дағы дағдарыстық жағдайлар кезінде Қытай тарабы жағдайға қандай да бір ықпал етуде дәрменсіз болды. Сондай-ақ, аймақтағы әртүрлі ішкі саяси дағдарыстар Қытайдың аймақтағы инвестициялары үшін тәуекелдерді арттырады, одан да маңыздысы – Қытайдың ең тұрбулентті Батыс аумағында (ШҰАР) тұрақсыздыққа қауіп төндіреді. Демек, жаңа 5+1 форматы Пекиннің Орталық Азиядағы саяси ықпалын сапалы түрде нығайтуға бағытталған деп сенімді болжам жасай аламыз», – дейді сарапшы.

Тағы бір отандық сарапшы Жаңабек Арыновтың пікірінше, кездесу қорытындысы бойынша жасалатын мәлімдемелерде ОА елдерінің егемендігіне, тәуелсіздігіне қатысты ұстанымдарға да басымдық берілуі мүмкін. Айтастық: «Бұл бірінші кезекті Ресейге қатысты болады, екінші кезекте



Батыс елдеріне қатысты. Қытай көбінесе сыртқы күштер ретінде батыстық бәсекелестерін қарастырып жатады. Сондықтан символикалық тұрғыдан бұл кездесу аймақ елдерінің көпжақты қарым-қатынасын дамыту үшін, Ресей мен Қытай арасындағы балансты ұстау үшін маңызды болады», – дейді Ж.Арынов BBC-ге берген жауабында.

Орта Азия және 5+1 форматы

Көзіқарақты жұртқа мәлім, Кеңес Одағы ыдырағаннан бері ОА елдері дербес геосаяси аймақ ретінде қаралады, алайда, ірі ойыншылар арасында Мәскеудің ықпалы басым күйде сақталып қалды. Тіпті, кейбір батыстық сарапшылардың «Ресейдің артқы ауласы» деп атайтыны да бар. Сондықтан да Батыс немесе Қытай сынды өзге ойыншылар аймақпен қарым-қатынаста сауда-экономикалық байланыстарды басымдыққа алды. Бірақ бұл жағдай жаһанның жаңа геосаяси бағдарына ілесіп өзгере бастады. Украинадағы соғыстың нәтижесінде орай Мәскеудің аймаққа ықпал-назары әлсіреген тұста АҚШ, Қытай секілді ірі ойыншылар Ресейдің аймақтағы ықпал орнына басты үміткер ретінде белсенділіктерін тіптен арттырды.

Қатысушы ойыншылар қолданып жүрген «5+1 форматын» ең алдымен 2000 жылдары Жапония ортаға қойған. Аймақпен ынтымақтастықты тереңдету бағытында АҚШ та осы форматты пайдалана бастады. Бұл сол кездегі Ауғанстандағы жаңа жағдайға түс келді. Ал пандемия кезінде Қытай да аймақпен тікелей диалогқа шығуда осыны қолданды.

Назар аударатын болсақ, соңғы кезеңде ОА елдерінің сыртқы әлеммен қатысуы жиілеген:

- Ақпанда АҚШ Мемлекеттік хатшысы Энтони Блинкен ОА елдерінің басшыларымен Астанада кездесті. Бұл Вашингтонның өз ықпалын Мәскеу мен Бейжіңнің амбициясына теңестіру ретінде бағаланды;
- 9 мамырда Жеңіс күніне орай Ресей аймақ елдерінің лидерлерін Мәскеуге топтастырды. Сырт әлем үшін бұл Мәскеудің аймақтағы өз ықпалын тағы бір мәрте әйгілеуі деп танылды.
- Іле-шала аймақ лидерлері Қытай басшысымен 5+1 форматындағы саммитте жолыққалы отыр.
- Қазіргі үрдістен алып қарағанда, ұқсас форматта аймақ елдерімен диалог орнатуға талпынатын өзге тараптар да болары анық.

Бұның бәрі АҚШ, Қытай секілді ірі ойыншылардың аймақтағы іс-қимылының тың қарқын алғанын көрсетсе, енді бір қырынан Қазақстанды қамтыған аймақтың әлемдегі геостратегиялық маңызының күн санап арта түскеніне де анық дәлел.

Орта Азия – Қытай: ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МҮДДЕ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 17 мамыр күні Қытайға ресми сапарын бастады. Әрине, Қытай билігі мен ақпарат құралдары Қазақстанды аймақтағы көшбасшы ел ретінде таныды. Ортақ кездесулерде Қытай Қазақстанға айрықша басымдық бермеуі мүмкін, алайда, алғашқы жеке кездесулерде Қазақстанның аймақтағы орны айқын көрінді. Бұл ретте қытайлық тісқақты дипломаттар мен ұйымдастырушылар Президент Тоқаевтың сапар уақытына түс келген туған күнін де назардан тыс қалдырмасы анық.

Сапар аясындағы жеке және ортақ кездесулер Қазақстан үшін де аса маңызды мән алады. Саммит қарсаңында Қытайдың жоғары лауазымды тұлғаларымен болатын отырыстарда екіжақты қарым-қатынастар пысықталып, бірқатар келісімдерге де қол қойылатыны мәлім. Келіссөз үстелінде, осыған дейін қызу талқыға түскен 30 күндік визасыз режимге қатысты құжаттар да болады. Отандық БАҚ үшін алдағы күндердегі екіжақты және көпжақты кездесулер мен келісімдер бірдей назарға алынуы тиіс.

ОА-ның біртұтас геосаяси аймақ ретінде Қытай сынды ірі экономикамен байланысты тереңдетуі аймақтың, соның ішінде Қазақстанның да тұрақтылығы мен дамуы үшін маңызды. Дейтұрғанмен, қазақстандық мүдде тұрғысынан қоғам мен биліктің сергек қаперінде болуға тиісті мәселелер де жоқ емес. Сарапшылардың басым көбі соңғы кездердегі Қытай сыртқы саясатының агрессивті және батыл бола түскенін баса айтып келеді. Соңғы кезде Қытай билігі АҚШ және ЕО елдерімен диалогқа ұмтылды. Мәскеумен ортақ ұстанымдарын айқындай түсті, әрі одақ деңгейінде болмаса да достық қарым-қатынасы қарқынды дамып бара жатқанын байқаймыз. Ал бірер күн бұрын ШЫҰ СІМ басшылары отырысында Үндістанмен үлкен қайшылығын ұйым аясында оң бағытта шешуге дайын екенін де көрсетті. Бірақ бұның бәрі Бейжіңнің сыртқы саясаттағы риторикасының бұрынғы қалыпқа түскенін білдірмейді.

Қытайтанушы эксперт Р.Изимов Қытайдың АҚШ және басқа да Батыс елдерімен ашық қайшылықтарға барып отырғанын айта келіп: «Тайвань мәселесі қазір ашық әскери қақтығыс үшін ең ықтимал сылтаулардың біріне айналды. Әрине, Қытайдың сыртқы саясатындағы риториканың өзгеруі Бейжің тарапынан мәжбүрлі шара болуы мүмкін, бірақ факт сол күйінде қалып отыр. Бүгінде Қытай көптеген Батыс елдерінде қауіп ретінде қарастырылады», – деген пікірін ортаға салады. Оның сөзінше Қытай әлемдік саясаттың барлық субъектілерінің мүдделері ескерілетін балама әлемдік тәртіпті қалыптастыруға тырысып жатыр.

Бұған қоса, қоғамда Қытайға деген наразылық көңіл күйдің бар екені де ескерілуі керек. Мұндай қоғамдық көңіл күйге әсер еткен факторлар қатарында Шыңжаңдағы жағдай, синофобияны күшейтетін ішкі және сыртқы ақпараттық ағынмен бірге, сондай-ақ, қытайлық кәсіпорындар мен кәсіпкерлердің бизнес практикасына деген шынайы наразылық та бар. Бұлардың нәтижесінде қоғамда әсіресинофобиялық пікір, көзқарас қалыптасқан.

Бұның бәрін қорыта келгенде, Қазақстан үшін аймақтағы бастамашылық орнын дамытып, ішкі тұтастыққа (билік пен халық арасындағы) қоса, аймақтық тұтастықты да бекемдеуге көбірек күш салған жөн. Себебі, жаңа жаһандық жағдай Қазақстанды қамтыған аймақтың ішкі интеграциясын дамытуға, оның өзінде жедел дамытуға итермелеп отыр. Сөз сонын сарапшы Р.Изимовтың мына бір сөзімен қорытындылауға болады: «Жаңа биполярлық әлемде ортада қалған елдер үшін кеңістік тарылуда. Қазақстан және Орталық Азияның басқа да елдері дәл осы қатарда. Осы тұрғыдан алғанда, заманауи трансформациялар бізді аса қиын жағдайға, геосаяси таңдау жағдайына қалдырды».

Естай БОЖАН,
сарапшы.

(Сараптамалық мақаланың толық нұсқасын almaty-akshamy.kz сайтынан оқыңыздар).





● КОНФЕРЕНЦИЯ

ОТАНДЫҚ ҒЫЛЫМИ МЕКТЕП

балаларды қатерлі дерттен арашалайды

Қазақстанда қатерлі ісік диагнозы жыл сайын орта есеппен 600-ге жуық балаға қойылады. Өткен жылы елімізде 585 бала онкологиялық ауруға шалдыққан. Аз да болса көңілге медеу болатыны, соңғы 8 жылда ауыр дертке шалдығушылар санының өсуі байқалмаған. Орта есеппен 100 000 балаға шаққанда, 10 жағдайды құрайды. Бұл көрсеткіш көптеген елдерге қарағанда, біршама төмен. Мысалы, Германия, Канада, АҚШ, Ұлыбританияда жыл сайын 100 000 бала санына шаққанда, 16-дан астам бала мен жасөспірім осы дертке шалдығады екен.

Айнұр
СЕНБАЕВА

Балалар шалдығатын қатерлі ісіктің көптеген түрі бар. Олардың көпшілігі туа біткен, кейбіреулері тұқым қуалайтын ауру. Балалар арасындағы қатерлі ісіктердің ең көп таралған түрі – жедел лейкоз. Ол онкологиялық аурулардың үштен біріне жуығында кездеседі. Екінші, орталық жүйке жүйесінің ісіктері. Үшінші кезекте, әдетте лимфомалар, нейробластомалар, жыныс жасушаларының ісіктері және жұмсақ тіндердің саркомасы сияқты ісіктер бар. Бұл Қазақстанға да, Еуропа елдеріне де тән статистика. Барлық жастағы бала қатерлі ісікпен ауруы мүмкін. Бірақ көптеген қатерлі ісіктің өз «жасы» бар. Яғни жас балаларға нейробластома, ретинобластома, гепатобластома сияқты ісіктер тән. Сүйектің қатерлі ісігі – остеосаркома жасөспірімдерде жиі кездеседі.

Бүгінгі таңда Алматыдағы Педиатрия орталығында балалардағы барлық қатерлі ісік



түрлері емделеді. Көрсетілетін медициналық қызметтердің қолжетімділігі мен сапасы жыл сайын жақсарып келеді, мемлекет қызметті қаржыландыруды толық көлемде жүзеге асырады. Балаларға гемопоэздік дің жасушаларын трансплантациялау (ГДЖТ) енгізілді. Бүгінде трансплантацияның барлық түрлері жүргізіледі. Республикалық орталықтарда жылына орта есеппен қатерлі ісіктерге шалдыққан 5000-ға жуық бала емделеді.

Балалар онкогематологиялық қызметі 30 жылдық тарихында көптеген балалардың өміріне араша түсіп, қатерлі дертпен күресіп келеді. Бүгінгі таңда республика бойынша осы салада көптеген жоғары білікті мамандар даярланды, диагностика мен емдеудің заманауи технологиялары енгізілді, онкологиялық және гематологиялық аурулары бар балаларды оңалту жүзеге асырылуда. Онкологиялық сақтану бойынша халықпен және МСАК дәрігерлерімен үлкен ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

Қазақстанда онкогематологиялық қызметтің 30 жылдығына арналған конференция балалар онкологтары мен гематологтарының ғана емес, Қазақстанның барлық педиатриялық қоғамдастығы үшін маңызды оқиға. Республикалық балалар онкогематологиялық орталығының ашылуымен елімізде балалар онкогематологиялық қызметінің жаңа деңгейі басталды. Осы тарихи 30 жыл ішінде айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізілді. Атап айтқанда, диагностиканың заманауи әдістері жолға қойылды, бағдарламалық химиотерапия және трансплантациялау технологиялары, әртүрлі онкогематологиялық аурулары бар пациенттерді оңалту және психологиялық қолдау шаралары енгізілді. Профессор Күлән Омарованың жетекшілігімен балалар онкологтары мен гематологтарының отандық ғылыми мектебі құрылды, онда жүздеген онкогематолог мамандары даярланды.

● БРИФИНГ

4 КҮНДІК ЖҰМЫС АПТАСЫ

еңбек шартында жұмыс беруші мен қызметкерлердің келісімімен белгіленеді

Алматыда еңбек инспекторлары жұмыс берушілер арасында 20,4 млн теңгеге бағаланған заң бұзушылықтарды анықтады. Қолданыстағы заңнаманы бұзғаны үшін 112 заңды тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Нұржамал
ӘЛШЕВА

Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте Алматы қаласы еңбек инспекциясы басқармасының басшысы – бас мемлекеттік еңбек инспекторы Еркінбек Әмірғалиев айтты.

Басқарма жыл басынан бері 230 жоспардан тыс тексеру жүргізді, тексеріс барысында еңбек заңнамасы нормаларының 294 заң бұзушылығы анықталып, бұзушылықтарды жою туралы 159 ұйғарым берілді.

«20,4 млн теңге сомасына 112 заңды тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Жалақыны уақытылы төлемегені үшін 13,3 млн теңге сомасына 82 заңды тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды», – деді спикер.

Еңбек заңнамасының нормаларын түсіндіру үшін қала кәсіпорындарында 1716 адамның қатысуымен 82 кездесу өткізілді. 451 азаматқа еңбек заңнамасының нормалары бойынша түсініктемелер берілді.

177 кәсіпорында 116,4 млн теңге сомасына жалақы бойынша берешек өтелді, осылайша 764 қызметкердің еңбек құқығы қорғалды.

«Қала кәсіпорындарында жасалған 27 551 ұжымдық шарттың (2023 жылдың басынан бастап 100 КД) мониторингі мен тіркеуі жүзеге асырылды», – деді спикер.

Қала кәсіпорындарында өндіріске байланысты 30 жазатайым оқиға анықталып, тір-

келді. Зардап шеккендердің саны – 31, оның ішінде 4 адам көз жұмған, 9 адам ауыр, ал 18-і жеңіл жарақат алған.

Бас еңбек инспекторының дерегі бойынша Алматыда жұмыс істеп тұрған 113 916 кәсіпорын бар, жалдамалы қызметкерлер саны 897 925 адамды құрайды.

Брифингте 4 күндік жұмыс аптасы туралы да айтылды. Биылғы 1 шілдеден бастап 4 күндік жұмыс аптасы болады. Бұл өзгеріс Еңбек кодексіне де енгізілді. Спикер осы жөнінде де тарқатып айтып берді. Төрт күндік жұмыс аптасын жұмыс беруші мен қызметкерлердің келісімі бойынша еңбек шартында белгіленеді.

«Бұл барлық жұмыс беруші мен қызметкерлер автоматты түрде төрт күндік жұмыс аптасына ауысады деген сөз емес, өйткені ауысу үшін тараптар, яғни жұмыс беруші мен қызметкер осы келісімге келіп, оны еңбек шартында рәсімдеуі қажет», – деді спикер.

Спикердің айтуынша, бұл түзетудің отбасы институтын нығайтуға және мемлекеттік ортақ жауапкершілікті, жұмыс беруші мен қызметкерлердің, қоғам мүшелерінің жеке денсаулығын нығайтуға бағытталған көптеген артықшылықтары бар.

«Төрт күндік жұмыс аптасы Франция, Исландия, Испания сияқты елдердің заңнамасында қарастырылған. Кейбір елдерде мұндай түзетулердің тиімділігі әлеуметтік эксперименттер жүргізу арқылы дәлелденді, бұл еңбек өнімділігінің нашарламай, керісінше жоғарылағанын көрсетті. Сарапшылардың пікірінше, мұндай өзгерістер күйзелістің алдын алады. Өзгерістерді енгізген елдердің тәжірибесі көрсеткендей, қызметкерлер ауруханаға сирек барып және жұмыстан сұрануы азайған», – деді Е.Әмірғалиев.

Сонымен қатар, кәсіпорындар жұмыс көлемі азайған кезеңде төрт күндік жұмыс аптасын бекітіп, одан кейін өндірістік қажеттілік туындаған жағдайда алты күндік жұмыс аптасына ауыса алады. Төрт күндік жұмыс аптасын белгілеу кезінде кәсіпорындар электр қуаты мен кеңсе шығындарын да үнемдей алады.



«Осы Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, жұмыс уақытының қалыпты ұзақтығы аптасына 40 сағаттан аспауға және күнделікті жұмыстың ұзақтығы 8 сағаттан аспауға тиіс. Сондай-ақ, жұмыс уақытының жиынтық есебін белгілеу кезінде – қосымша жұмыстардың жалпы ұзақтығы айына он екі сағаттан және жылына жүз жиырма сағаттан аспауы қажет», – деп түсіндірді спикер.

Бес күндік, алты күндік немесе төрт күндік жұмыс аптасында жалпы демалыс күні жексенбі болып табылады. Бес күндік және төрт күндік жұмыс аптасындағы екінші немесе үшінші демалыс күні ұжымдық шартта немесе еңбек тәртібінің ережелерінде ғана белгіленеді.

Сонымен бірге, жұмыс берушілер еңбек инспекциясын осындай форматқа көшу туралы хабардар етуге міндетті емес және тиісінше инспекцияда 4 күндік жұмыс аптасына ауысқан ұйымдардың саны туралы ақпарат берілмейді.



САУАЛНАМА



КӘСІП БАСТАУ ҮШІН НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Серік ДӘУЛЕТОВ,
кәсіпкер-инвестор:

ТӘЖІРИБЕЛІ КӘСІПКЕРГЕ КӨМЕКШІ БОЛҒАН ЖӨН

Мен мектеп кезінде-ақ сауда-саттықпен айналысқанмын. Қазір мамандығым заңгер болса да, осы кәсіпкерлік салада жүрмін. Кейбір бизнес-коучтар «ақшасыз бизнес бастауды үйретемін» деп айтып жатады. Бұл ұғыммен мен келісе бермеймін. Әрине, біреудің жолы болып кетуі мүмкін, бірақ екінші біреуге ондай ереже жүрмейді. Сондықтан бұл сөздерді жалпыға айтудың қажеті жоқ деп ойлаймын. Ал өз басым, кәсіп бастағысы келіп жүрген жас қыз-жігіттерге тәжірибелі кәсіпкерлерге не инвесторларға көмекші болып баруға кеңес беремін. Себебі, менің де көмекшілерім бар, олар менің жүрген жолдарымды жүріп өтпейді. Олар салынған жолмен іс жүзінде жұмыс істей алады. Табысты кәсіпкердің қасында жүріп, одан кәсіпкерлік істің қыр-сырын үйреніп, өзінің де жақсы бизнесменге айналу өте ықтималдығы жоғары. Себебі, кәсіпкердің көмекшісі болсаң, сен оның командасында боласың, сондай-ақ оның ақшасын, білімін, байланыстарын қолдана аласың. Меніңше, бұл кәсіп бастаудың ең ұтымды жолы.

Берік ОМАРБЕКОВ, «Print lamp»
ЖШС директорының орынбасары:

ҚАРЖЫЛАЙ САУАТТЫЛЫҚ ҚАЖЕТ

Менің кәсіпкерлікпен айналысып жүргеніме 10 жылдан астам уақыт болды. Кәсіпті енді бастағысы келетін адамдарға ақшаны дұрыс пайдалануға кеңес берер едім. Аз қаражат болса да, көп болса да, оны дұрыс жұмсай білу керек. Өйткені, кей кәсіпкерлер жақсы қаражат табады да, бірақ одан да көп ақша құртады. Ал кей адамдардың алғашқы кезде табысы көп болмауы мүмкін. Дегенмен, оның бір бөлігін үнемдеу арқылы бірнеше жылдан кейін керекті капиталы жиналады. Сосын жинаған ақшасымен бизнес бастауға болады. Сондықтан кәсіп бастағысы келетін адамдар ең алдымен қаржылай сауаттылығын арттыруы қажет.

Диана СӘКЕН, «Ds.beauty» сұлулық
салонының иесі:

БИЗНЕС БАСТАУ ЕШҚАШАН КЕШ ЕМЕС

Мен 10 жылдан астам сұлулық саласында жұмыс істеп келемін. Кәсіпкермін әрі өзім де мастермін. Осы уақыт аралығында 300-ге жуық адамды оқыттым.

Жаңадан кәсіп бастайын деп жүрген адамдар көбіне белгілі бір шекарадан шығуға қорқады және «ісім жүрмей қала ма» деп уайымдайды. Менің айтарым – тырысып көре беріңіз, бизнес бастау ешқашан кеш емес. Өзіңіз бизнеске қадам басып, тәжірибе алыңыз. «Екі рет құласан, үш рет тұр» деп айтады ғой. Адамдар сол тәжірибе үшін үлкен ақша төлеп жатады. Мен өз кәсібімді 20 мың теңгеден бастадым. Бірақ уақыт өте ол дамып кетті. Егер адам бірнәрсені қалайтын болса, міндетті түрде оған жетеді. Ең маңыздысы, бірінші қадамды жасау. Алғашқы қадам жасалды ма, онда жай болсын, жылдам болсын – сіз мақсатыңызға жетесіз!

Әзірлеген Досбол АТАЖАН.



БӘРЕКЕЛДІ!

Түркияның Анталия қаласында өткен 40-шы Балқан математикалық олимпиадасы аяқталды. Айтулы олимпиада әлемдегі ең беделді білім бәйгелерінің бірі саналады. Оған биыл Балқан түбегінің 22 елінен және басқа да мемлекеттерден барлығы 130-дан астам оқушы қатысқан еді. Біздің еліміздің абыройын арқалап барған 6 оқушының да еңбегі жанды. Олар олимпиада қорытындысы бойынша жеңімпаз деп танылып, медальға ие болды.

АЛМАТЫЛЫҚТАР
АЛТЫН АЛДЫ

Есепке жүйріктердің қатарында Алматы қаласындағы республикалық физика-математикалық мектебінің 10-11-сынып оқушылары Райымбек Байшуақ пен Мирон Юркевич бар.

Жалпы, Балқан математикалық олимпиадасын ұйымдастырушылардың басты мақсаты – математика пәнінен дарынды оқушыларды ынталандырып, олардың білімдерін дамыту, қатысушы елдер арасында мектеп бағдарламалары мен тәжірибелері туралы өзара тәжірибе алмасу болып отыр.

Бұл – заңдылық. Өйткені, білім жүйесінде болып жатқан өзгерістердің өзіндік әсері болады. Мәселен, 2023 жылғы ҰБТ-да тест тапсырушылардың қалауы бойынша кестелердің қағаз нұсқасын беру туралы шешім қабылданды. Бұл туралы Ұлттық тестілеу орталығының директоры Руслан Емелбаев «Химия» пәнін тапсырушыларға Менделеев және тұздар ерігіштігі кестесі компьютерде берілгенімен, түлектердің қағаз нұсқасын пайдалануға рұқсат сұрағанын мәлімдеген еді. Жақында ғана Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университетінің базасында Атырау қаласы мектептерінің түлектеріне Менделеев (Химиялық элементтердің

ТАЛАПКЕР – 2023

ТҮЛЕКТЕРГЕ РҰҚСАТ БАР

ҰБТ-да Менделеев кестесінің қағаз нұсқасын пайдалануға болады

Енді санаулы күнде мектеп бітіруші түлектер ҰБТ сынағын тапсыратын болады. Жалпы, мемлекеттік білім сынағы жыл сайын жаңарып, өзгеріп отырады.

Бұл – заңдылық. Өйткені, білім жүйесінде болып жатқан өзгерістердің өзіндік әсері болады. Мәселен, 2023 жылғы ҰБТ-да тест тапсырушылардың қалауы бойынша кестелердің қағаз нұсқасын беру туралы шешім қабылданды. Бұл туралы Ұлттық тестілеу орталығының директоры Руслан Емелбаев «Химия» пәнін тапсырушыларға Менделеев және тұздар ерігіштігі кестесі компьютерде берілгенімен, түлектердің қағаз нұсқасын пайдалануға рұқсат сұрағанын мәлімдеген еді. Жақында ғана Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университетінің базасында Атырау қаласы мектептерінің түлектеріне Менделеев (Химиялық элементтердің



периодтық жүйесі) және тұздар ерігіштігі кестесінің басып шығарылған нұсқасын көрсетілген көрінеді. Сондықтан талапкерлерге ҰБТ кезінде кестенің электрондық немесе қағаз форматын да қолдануына болады. Талапкерлерге қағаз нұсқалар ҰБТ орнын-

да беріледі. Сондай-ақ, компьютер экранында «Математикалық сауаттылық», «Математика», «Информатика», «Физика», «Химия» және «География» пәндері бойынша берілетін есептерді шешу үшін калькулятор қолжетімді.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

БАЛАБАҚШАЛАРҒА ҚАБЫЛДАУ БАСТАЛДЫ

Қалалық әкімшілік мемлекеттік балабақшаларға қабылдау басталғанын хабарлайды. Нақты мәліметке сай, балабақшаларға қабылдау 16 мамырдан маусымның ортасына дейін кезек-кезеңімен жүргізілетін болады.

Сондай-ақ, мемлекеттік балабақшаларға өтініштерді balabaqsha.bilimalmaty.kz сайты арқылы да беруге болады. Бұл ретте ең алдымен, әскери қызметкерлердің, арнаулы ұйымдарда жұмыс істейтін ата-аналардың,

мүгедектігі бар, ерекше білім беру қажеттілігі бар, көпбалалы отбасылардан шыққан және басқа да санатта тұрған балаларға орын берілетін болады. Балабақша кезегінде тұрған басқа балаларға қалған орындар қолжетімді

болады. Қалалық әкімшіліктің мәліметінше, биыл 2021, 2020, 2019, 2018 жылы туған балалар арасында кезек жүргізілмекші. Кезекте тұрған ата-аналардың balabaqsha.bilimalmaty.kz сайтынан топтарды жасақтау күндері, бос орындар туралы және жолдама алу жөнінде білулеріне болады. Толық ақпарат алу үшін ата-аналарға 1308, +7 (727) 338-33-88 нөмірі бойынша Call-орталыққа хабарласуларына болады.

ЕҢБЕК АДАМЫ

ГҮЛМИРАНЫҢ ӘН ӘЛЕМІ



Осынау қоңыр үнді қазақ қызының кім екенін даусынан-ақ тануға болады. Ол әуе толқынына әуен қосып, тыңдарманының құлақ құрышын қандырып жүрген өз ісінің нағыз майталманы. Қазақ радиосы толқынынан өзіндік сандуғаш үнімен талай жанға қуаныш сыйлап жүр. Жақында Алматыдағы жоғары оқу орындарының біріне оқитын студент-жастар тікелей эфир майталманы Гүлмира Нәлібаймен жақынырақ танысқылары келетінін айтып, кездесу өткізуге өтініш жасаған көрінеді. Жастардың бұл өтініші аяқсыз қалмады. Көп ұзамай, әуе толқынынан даусын естіп жүрген мәдениет саласының үздігі Гүлмира Нәлібай оқу ордасына қонаққа келді.

Еліміздің ақпарат саласына зор үлесін қосып жүрген Гүлмира Нәлібай «Шалқар» радиосында ұзақ жылдан бері еңбек етіп келеді. Ол жүргізіп келе жатқан «Ән жұмбақ» радиоойыны, салт-дәстүрді дәріптеуге арналған «Алтын тамыр» хабары, өмірден өтіп кеткен жандарды еске алуға арналған «Даусыңды сағындым» хабары, «Шалқар таңы» сазды көңілашар бағдарламасының тыңдарман тарапынан жоғары бағасын алғалы қашан.

– Мен де сіздердей студент болдым. Сол кездерде танымал кісілермен болған кездесулерге қалмай қатысушы едім. Қазір ойласам, сол кештердің өзі үлкен тәрбие мектебі екен. Сол жылдарда ақын-жазушылармен, жалпы белгілі тұлғалармен кездесулер жиі өтетін. Соңғы уақытта бұл үрдіс ұмыт болуға айналып еді. Сіздердің қайта жаңғыртып, қолға алып жатқандарыңызға өз басым шын қуанып отырмын, – деген кеш қонағы қол жеткізген жетістіктерімен ой бөлісті. Студенттер тарапынан қойылған келешек жоспарлары, еңбек жолы сияқты сауалдарға жауап берді.

КӘСІБИ БАҒДАР

20-21 мамырда «Алматыдағы заманауи білім беру күндері» атты кәсіби бағдар беру фестивалі өтеді. Бұл іс-шараның мамандық таңдау кезінде көптеген сұрақтар мазалайтын мектеп пен колледж түлектері үшін маңызы зор.

«ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ
ФЕСТИВАЛІ»

Аталмыш фестиваль барысында білім беру мекемелерінің өкілдері Алматы қаласының тұрғындары мен қонақтарына оқытудың өзекті бағдарламалары туралы кеңінен айтып береді. Сонымен қатар, олар еңбек нарығындағы белгілі бір кәсіп туралы түсіндіреді, кәсіби мансапты жоспарлау бойынша да жан-жақты кеңес береді.

Фестивальға қатысушыларды көрмелер, түрлі бағыттар бойынша шеберлік сабақтары, тұсауке-серлер, қойылымдар мен флеш-мобтар күтеді. Шеберлік сабақтарында жоғары оқу орындары мен колледждердің өкілдері жастарға түрлі кәсіптің ерекшеліктерін түсіндіреді. Алдағы мемлекеттік сынақта оқуға түсу

үшін қанша балл жинау керектігін де айтады. Олар белгілі бір оқу орнына түсуге дайындық, белгілі бір салада сұранысқа ие маман болу үшін қандай дағдылар қажет екендігі туралы ұсыныстар береді.

Іс-шараға Ұлттық тестілеу орталығының сарапшылары да қатысады. Олар ҰБТ жаңалықтары туралы, тестілеуге қалай жақсы дайындалу керектігі туралы кеңестер ұсынады.

Фестиваль Панфилов және Жібек жолы көшелері бойында 10.00-ден 18.00-ге дейін өтеді. Кез келген қала тұрғыны қатыса алады.

Бетті әзірлеген
Рая ЕСКЕНДІР.



ХУСАМУДДИН ӘС-СЫҒНАҚИ – 800

Қайрат ҚҰРМАНБАЕВ:

ХУСАМУДДИН ӘС-СЫҒНАҚИ МҰРАСЫ

Қазақ даласынан шыққан ғұламаларымызды келер ұрпаққа таныту – маңызды бағдар



Ұлы дала елінен шыққан көрнекті ғалым, есімі күллі мұсылман әлеміне белгілі ғұлама-ұстаз Хусамуддин әс-Сығнақидың дүниеге келгеніне биыл – 800 жыл. Бүгін осыған орай, Нұр-Мүбәрак Египет ислам мәдениеті университеті мен Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының ұйымдастыруымен, «Ислам өркениеті кеңістігіндегі Хусамуддин әс-Сығнақи мұрасы» атты тақырыпта халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтеді. Конференцияға Хусамуддин әс-Сығнақи мұрасын зерттеуші шетелдік танымал ғалымдар мен отандық зерттеушілер арнайы шақырылған. Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі мен Мысыр Араб Республикасының Уақыттар Вице-министрі Махмуд Абдулхалек Абдулхалек әл-Фахрани бұл тағылымды шараның басты қонақтары болмақ. Сондай-ақ, дін ғалымдары мен сала қайраткерлері, діни қызметкерлер, оқытушы-профессорлар мен магистрант-докторанттар қатыспақ. Осы орайда Нұр-Мүбәрак Египет ислам мәдениеті университетінің проректоры, PhD доктор, доцент Қайрат Құрманбаевпен сұхбаттасқан едік.

Шоқтығы биік тұлға

– Қайрат мырза, өзіңіз басшылық етіп отырған Нұр-Мүбәрак Египет Ислам мәдениеті университетінде Хусамуддин әс-Сығнақидың 800 жылдық мерейтойына орай халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткелі жатыр екен. Конференция жайлы әңгімеге кіріспестен бұрын, оқырмандарымызға Хусамуддин әс-Сығнақидың ислами-ғылыми еңбегі мен тұлғалық келбеті жайлы аз-кем ақпарат берсек.

– Хусамуддин әс-Сығнақи XIII ғасырда Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданындағы ескі Сығанақ шаһарынан шыққан Ислам ғұламасы. Әс-Сығнақидың ғылым-білімдегі дәрежесін, оның бірқатар салаларда жазған еңбектерінен, ғұлама ұстаздардан білім алып, ғалым шәкірттер тәрбиелегендігінен және ғалымдардың оны дәріптеулері мен исламтану, лингвистика салаларындағы терең зерттеулерінен көруге болады.

Атап айтар болсақ, ислам құқығы, ислам құқығы негіздері мен ислам теологиясы және араб лингвистикасына қатысты еңбектері ғалымның осы салаларда шоқтығы биік тұлға екендігін аңғартады.

Ханафи мәзһабының танымал фикһ кітабы «Әл-Һидаяға» «Ән-Нияһа» атты ауқымды, құнды комментарий еңбегі де әс-Сығнақидың білімнің биігіне шығып, замандастарынан оқ бойы озық тұрғандығын көрсетеді. Сол секілді, шәкірттерінің бірі – Жәләлуддин әл-Ғуждауни «Шарху әл-Кафия» атты еңбегінде: «Маған үмбеттің данышпаны, миллеттің телегей-теңіз ғұлама имамы, мырзамыз әрі ұстазым Хусамуддин әс-Сығнақи, бір ғылым алқасында достарына Құран тәпсірінің нәзік тұстарын түсіндіргенін айтты», – деген сөздерімен, әс-Сығнақидың тәпсір саласының да білгірі екендігін білдірген. Сонымен қатар, әс-Сығнақи – Әбу Ханифаның еңбектері мен ханафи мектебінің құнды мұралары бұрмаланбай, жоғалмай ұрпақтан-ұрпаққа жетуіне үлес қосқан ғалым. Қысқасы, қазақ даласынан шыққан көрнекті ғалымымыз жайлы ұзыннан-ұзақ айта беретін деректер өте көп. Осының өзінен-ақ ғалымның Ислам ғылымында қаншалықты салмағы барын көруге болады.

Дәстүрлі исламды дәріптеу – ата-бабаларымыздың өшпес мұрасын жаңғырту

– Ғылыми-тәжірибелік конференцияның бағыт-бағдары мен мән-маңызына тоқталсаңыз...

– Қазіргі таңдағы ел тәуелсіздігін нығайтудың басты бір шарты – мәдени-рухани саламыздың өркендеуі мен дамуы болып табылады. Жақында ғана Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев: «Халқымыздың дүниетанымына сай дәстүрлі исламды дәріптеу аса маңызды. Оның ғылыми-теориялық негізін дамыту қажет. Өскелең ұрпақтың рухани тәрбиесін назардан тыс қалдыруға болмайды. Шын мәнінде, бұл – өте маңызды мәселе», – деп, біздердің діни саладағы бағыт-бағдарымызға айқын жол көрсетіп берді. Осыған сәйкес, ұлттық дүниетанымымызға сай дәстүрлі исламды дәріптеу – ата-бабаларымыздың өшпес мұрасын жаңғыртумен тікелей байланысты. Бұл ұлттық болмысымызға қайтадан үңілуге, келер ұрпақтың тәрбиесінде өзіміздің төл мұрамызды пайдалануға мүмкіндік береді.

Бүгінде өзіміздің топырақтан шыққан ғалым-ғұламаларымызды дұрыс дәріптей алмай жатқандығымыздан жастарымыз сырттан келген дін насихатшыларының жетегінде кетіп қалып жатыр. Кейбір топтар қазақ халқының діни-тарихи жадын мансұқтап, қазақ даласының орта ғасырлардағы ислам өркениетінің бір бөлігі болғандығын жоққа шығарады. Тәуелсіздік алған жылдардан бері рухани жаңғыруға қол жеткізіп, тарихи тұлғаларымызбен қайта қауыштық. Бұл қазіргі қазақ исламтану мектебінің тарихи тұғырын тауып, қайта жандануына серпін берері анық. Ортағасырлық Мауараннаһр кеңістігінде ислам өркениеті мен мұсылмандық ойдың дамуына атсалысып, дәстүрлі дініміз саналған ханафилік мұраны жалғастырған ғалымдар мен ойшылдар аз болған жоқ.

Егемендігімізге қол жеткеннен кейінгі тарихи және мәдени мұраларымызды тану, оларды игеру құбылысының табиғи көрінісі ретінде, қазіргі таңда қазақ даласынан шыққан ғұлама ойшылдардың өмірі мен шығармашылықтарын ғылыми бағытта зерттеп, келер ұрпаққа жеткізу – жауапкершілікті талап ететін, маңызды іс. Бұл бағытта Нұр-Мүбәрак университеті ауқымды, тағылымды шараларды қолға алуда. Бүгін ұйымдастырылып жатқан «Ислам өркениеті кеңістігіндегі Хусамуддин әс-Сығнақи мұрасы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы осындай маңызды шаралардың бірі.

Сығанақ саңлағының жаңа еңбегі жарық көрді

– Хусамуддин әс-Сығнақи мұрасы, тұлғасы мен еңбектері қаншалықты зерттеліп, зерделенді?

– Ислам өркениетінде өзіндік із қалдырған Мауараннаһр ғалымдарын, қазақ даласының жұлдыздарының рухани мұрасын қазақ тілінде ең алғаш зерттеп, еңбек жазған белгілі отандық ғалым, профессор Әбсаттар қажы Дербісәлі марқұм. Ғалымның 1995 жылы жарық көрген «Қазақ даласының жұлдыздары» атты еңбегі мен тың мақалалары осы бағыттағы зерттеулердің даңғыл жолын бастаса, Нұр-Мүбәрак университетінің алғашқы проректоры, профессор Шәмшиддин Керім Хусамуддин әс-Сығнақидың өмірі мен шығармашылығын зерттеген «Сығанақ саңлағы» атты монографиясын жазды. Бұл зерттеулерді Адырбек Сопыбеков пен Асан Саркуловтың «Һисамиддин Сығнақи (Сунақ ата) – тұғырлы тұлға» атты ғылыми зерттеулер мен танымдық пайымдауларға құрылған еңбегі жалғады.

Бұған қоса, ғұлама тұңғыш рет еліміздегі докторлық диссертацияның тақырыбына арқау болды. Ол да өзімнің Нұр-Мүбәрак университеті қабырғасында жазған «Хусамуддин әс-Сығнақи еңбектеріндегі «Усул әл-фиқһ» ілімінің лингвистикалық негіздері» атты диссертациялық жұмысым. Соңғы жылдары Хусамуддин әс-Сығнақидың теологиялық, құқықтық еңбектері мен ойлары еліміздің докторанттары мен магистранттарының диссертация жұмыстарына да арқау болуда. Әлі де болса зерттеушілер мен ғалымдарымыз әс-Сығнақидың жарық көрмеген қолжазбалары Түркияда, Мысырда, Сауд Арабиясында, Өзбекстанда, Германияда, Үндістанда, т.б. елдерде сақталғанын анықтап, кейбір қолжазбалары мен нұсқалары елімізге алдырылып жатыр. Бұдан бөлек, елімізде бірнеше ғылыми-танымдық конференциялар өткізілді, енді міне халықаралық конференцияның да кезегі келіп отыр. Осы орайда тағы бір жаңалығымызбен бөлісе кетсек, Нұр-Мүбәрак университеті Хусамуддин әс-Сығнақидың «Ән-Нажаху әт-тали тилуа әл-марах» атты араб тілінің морфология ғылымына арналған кітабын аударып шықты. Конференцияда сол кітаптың тұсауы кесіледі. Қазақ даласынан шыққан ғұлама-ғалымның бұл еңбегі араб және қазақ тілдерінде тұңғыш рет жарық көріп отыр. Бұған дейін университетіміз ғалымның «Тәсиди» атты еңбегінің де жарыққа шығуына мұрындық болған еді.

Ғұлама-ғалым қолжазбалары зерттеледі

– Халықаралық конференцияның тақырып аясына үнілсек. Шараға кімдер келмек және қай мемлекеттер зерттеушілері қатыспасқ?

– Еліміздің Ақпарат және қоғамдық даму министрі Қыдырәлі Дархан Қуандықұлы мен Мысыр Араб Республикасының Уақыттар Вице-министрі Махмуд Абдулхалек Абдулхалек әл-Фахрани конференциямыздың басты қонақтары болады. Бұдан өзге, Мысырдағы әл-Әзһар университетінің ғұламалары, Ислам Ынтымақтастығы Ұйымы жанындағы Ислам тарихын, өнерін, мәдениетін зерттеу орталығы (IRICA) ғалымдары, Түркия, Иран, Өзбекстан, Қырғызстан, Ресей мемлекеттерінен келген және отандық ғалымдарымыз баяндамалар жасамақ.

Бұл баяндамаларда «Әс-Сығнақи және оның Ханафи



фиқһына ықпалы», «Хусамуддин әл-Сығнақи – Алтын Ордадағы Ханафи мәзһабының негізін қалаушы», «Хусамуддин әс-Сығнақидың Иран Ислам Республикасында сақталған қолжазба мұралары», «Имам Сығнақи және оның сопылық ілімі жайындағы еңбектері», «Сығнақидың дүниетанымы және түркі дүниесі» және т.б. тақырыптар қозғалмақ. Айта кетуіміз керек, бүгінге дейін Иран еліндегі әс-Сығнақи мұралары қол жетімді емес-тін. Осы конференциямызға бабамыздың қолжазба еңбектерін зерттеуші ирандық ғалымдар да қатысқалы отыр. Жалпы, ғұлама-ғалым бабамыздың қолжазбалары алдағы уақытта да зерттеліп, зерделенетін болады.

Ақиқатқа көз жеткізу қағидаттары

– Жоғарыда өзіңіз де Хусамуддин әс-Сығнақиден докторлық диссертация жаздым дедіңіз. Сіздің зерттеуіңіз несімен өзекті болды?

– Докторлық диссертациям Хусамуддин әс-Сығнақи шығармашылығы негізінде ханафи мектебінің діни мәтіндерден құқықтық нормаларды айқындау методологиясындағы араб лингвистикасының маңызын зерттеумен өзекті болды. Еңбекте орта ғасырда қазақ топырағынан шыққан құқықтанушы, лингвист ғалым Хусмауддин әс-Сығнақидың өмірі мен шығармашылығы және оның еңбектеріндегі ислам құқығы негіздерінің араб лингвистикасымен арақатынасы зерттеледі.

Зерттеудің мақсаты – ұзақ жылдар бойы ұмыт бола жаздаған ұлттық рухани болмысымызға, тарихымызға қайта үңілу. Ислам ілімдерін дамытуда Орта Азиядан шыққан ғұламалардың Құран, хадис, құқық, теология ғылымдарымен қатар, араб тіл білімін зерттеудегі елеулі үлестерін баяндау. Сондай-ақ, зерттеу жұмысымыздың басты мақсаты – исламтану салаларының бірі ислам құқығы негіздері мен осы бағытта құнды еңбектерімен танылған Хусамуддин әс-Сығнақи шығармашылығындағы ислам құқығы негіздеріне қатысты құқықтық герменевтикалық, лингвистикалық мәселелерді зерттеп, ғалымның ұстанымын талдау.

Ислам құқықтанушысы араб тіл білімін жетік меңгеріп, тіл табиғаты мен шариғаттың асыл мақсаттарын үндестіре білгенде ғана, негізгі мағына мен мақсат етілген шариғи үкімге қол жеткізе алады. Яғни араб тіл білімін білмеген адамға Құран мен хадис мәтіндерін интерпретациялауға, олардан теологиялық, құқықтық үкімдер шығаруға құқық берілмейді. Бұл мәселені ғылыми-теориялық, практикалық тұрғыда айқындау – қазіргі қоғамдағы діни мәтіндерді өз мүдделеріне сай бұрмалап, қате ұғынып жүрген жекелеген тұлғалар мен топтардың ақиқатқа көз жеткізуіне себеп болады.

Хусамуддин әс-Сығнақи еңбектерінің құндылығы, оның ислам құқығы методологиясындағы лингвистикалық мәселелерге айрықша орын беруінен көрініс табады. Диссертация барысында ғалымның «әл-Уафи», «әл-Кафи» атты еңбектері негізінде, сөздің мағынаға қолданылуы мен антонимиялық интерпретациялануының және тура немесе метафоралық мағыналарға жұмсалыуының құқықтық герменевтикаға ықпалы баяндалды. Сол секілді, діни мәтіндердің грамматикалық, семантикалық ерекшеліктерінің құқықтық көзқарастардың туындауына әсері айқындалды.

Бабамызды ұлықтау – ұлттық рухани болмысымызды жаңғырту

– Хусамуддин әс-Сығнақиға қатысты еліміздегі келесі атқарар шаралардың бағыты қандай болуы тиіс деп ойлайсыз?

– Қазақстан тарихы оқулықтарындағы Әл-Фараби, Бала-сағұни, Махмұт Қашқари секілді қазақ даласының ойшыл ғалымдарының қатарына дін, құқық, тіл салаларында құнды еңбектерімен танылып, көпшілік еңбектері бүгінгі күнімізге дейін жеткен Хусамуддин әс-Сығнақидың да рухани мұрасын енгізу қажет деп ойлаймын. Сондай-ақ, мектеп, медресе немесе орталықтарға және көшелер мен аудандарға ғалымның атын беру арқылы да әс-Сығнақи мұрасын жаңғыртып, жалпы халыққа таныту қажет. Аллаға шүкір, соңғы бағытта атқарылар шаралардың легі басталып та кетті. Былтыр Елордамызда Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасына қарасты Хусамуддин әс-Сығнақи атындағы ислам институты ашылды. Бұл институттың мақсаты – имамдарға терең білім беру, классикалық еңбектерді оқыту, араб тілін жетік меңгеруіне ықпал ету, діни мәселелерді түсіндіру қабілетін ашу. Сондай-ақ, білім ордасы діни дәріс іздеп шетелге ұмтылатын жастарға шетке шықпай-ақ өз елімізде білімін жетілдірулеріне мүмкіндік береді. Бұл ретте қазақ топырағынан шығып, ислам өркениетіне өзіндік үлес қосқан бабаларымыздың рухани мұраларын білу, оны келер ұрпақтың жадында қалдыру біздің міндетіміз.

Сұхбаттасқан Салтан САЙРАНҰЛЫ.



АҚОРДА

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ҰЛТТЫҢ АСҚАҚ РУХЫ

Әлемдік жарыста төрт алтын, бір күміс медаль алу – зор жетістік

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бокстан Өзбекстанның Ташкент қаласында өткен әлем чемпионатының жеңімпаздары – Санжар Тәшкенбай, Махмұд Сабырхан, Асланбек Шымбергенов, Нұрбек Оралбай және күміс медаль иегері Дулат Бекбауовты, сондай-ақ бокстан Қазақстан ұлттық құрамасының мүшелері мен бапкерлерін қабылдады.

Президент спортшыларды әлем чемпионатындағы жарқын жеңісімен шын жүректен құттықтап, бұл күллі еліміз үшін айтулы оқиға екенін атап өтті.

– Әлемдік жарыста төрт алтын, бір күміс медаль алу – зор жетістік. Қазақ жасөспірімдері әлем чемпионы атанып, еліміздің мерейін өсірді. Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, барлық жанкүйерлерге алғысымды білдіремін. Олардың дауысы сонау Ташкент төрінен анық естілді. Дәл осындай шынайы қолдау спортшыларымызға айрықша күш бергені сөзсіз. Спорт додасын бүкіл халқымыз көрді, сіздерге тілекші болды деп айтсақ, артық болмайды. Мен де финалдағы жекпе-жектерді түгел көрдім. Жігіттеріміз ел на-



мысын қорғау үшін бар күшін салып айқасты. Желбіреген Көк Туымызбен және Әнұранымызбен бірге халқымыздың рухы көтерілді. Ұлттың асқақ рухы және отаншылдық қасиеті дегеніміз – осы! Өйткені, спортшыларымыздың әрбір жеңісі елді қанаттандырады. Шын мәнінде, өткен жек-

сенбі қазақ боксының асығы ашысынан түскен күн болды. Мұхиттың ар жағында Жәнібек Әлімханұлы чемпиондық атағын абыроймен қорғады. Оның жеңісті жолы Ташкентте жалғасты. Осының бәрі бариша қазақтың мерейін тасытты, – деді Президент.

Мемлекет басшысы қазақ спортының жаңа белеске көтеріліп келе жатқанына назар аударды.

– Шахматшы Бибісара Асаубаева блицтен әлем чемпионы атанды. Теннисші Елена Рыбакина беделді турнирлерде қатарынан бірнеше рет топ жарды. Балуандарымыз, оның ішінде қыздарымыз да бар, Азия чемпионатында 7 алтын медаль алды. Нұрғиса Әділетұлы ауыр атлетикадан Азия чемпионы болды. Футболшыларымыз, хоккейшілеріміз жақсы нәтиже көрсетіп жүр. Әрине, спортта жеңіс те, жеңіліс те болады. Дегенмен, біздің спортшыларымыз биік белестерді бағындырып келеді. Бұған бапкерлер мен басқа да спорт мамандарының зор еңбек сіңіргені анық. Баришаңызға шынайы ризашылығымды білдіремін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент елімізде спорт саласын дамытуға айрықша мән берілетінін, жастардың жаппай спортпен айналысуына қажетті жағдай жасалатынын айтып, спортшыларға сәттілік тілеп, алдағы байрақты бәсекелерде ел намысын лайықты қорғайтынына сенім білдірді. Сондай-ақ, Қазақстан бокс федерациясының басшылығына, спортшылар мен бапкерлерге Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хаттары мен Құрмет грамоталарын табыс етті.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ЖЕҢІМПАЗДАР!

«ЕРЛІКТІҢ ДАСТАНЫ, ЕЛІМЕ ҚАРАШЫ!»

Жүректілер барда қазақтың Әнұраны әлі талай шырқалады



Бокстан чемпион атанған жерлестеріміз елге оралды. Ел мерейін үстем еткен жеңімпаздарды жанкүйерлер ыстық ықыласпен күтіп алды. Ташкенттің «Хумо» аренасында өткен бокстан әлем біріншілігіндегі финалдық кездесулер мен жүлдегерлерді марапаттау рәсімі әлі күнге дейін көптің аузында. Осыған қарап-ақ бүкіл жер-жаһанның назарын аударған бәсекенің тартисты әрі қызықты өткенін байқауға болады.

секелерде елінің Әнұраны шырқалуы – жеңімпазға деген құрмет. Әнұран өшкен сәтте қазақ жанкүйерлері бірнеше рет соңына дейін айтып шықты. Желі оқырмандарының кейбірі «ұйым-

дастырушылар біздің елдің Әнұранын әдейі үзді, мемлекеттік рәмізге деген құрметсіздік» деп сыни пікір білдірсе, енді бірі «қайта осылай болғаны дұрыс болды, үзілген Әнұранды жалғастырған жанкүйерлер арқылы бүкіл әлем қазақтың рухты халық екенін көрді» деп жазуда. Негізі әлемдік тәжірибеде Әнұранның бір шумағы мен қайырмасы айтылуға тиіс және әуені сөзсіз болуы керек. Финалдық бәсекенің регламенті бойынша Әнұрандар осылай орындалады.

Чемпиондарды марапаттау сәтіндегі видеолар әлеуметтік желіде тарап жатыр. Әсіресе, ортасынан шорт үзілген Әнұранды жанкүйерлердің аяғына дейін орындап шыққан сәті тым әсерлі. Ұлттық рухтың әуені саналатын Әнұран кілт тоқтағанда, аренадағы жанкүйерлер кідірмстен әуелете жалғастырып әкетті. Жеңімпаздар мен жанкүйерлердің рухты дауысымен қазақ Әнұраны бүкіл аренада жаңғырды. Тіпті, спорттан аса хабары жоқ жандардың өзін бұл сәт бей-жай қалдыра қоймас. Ту көтеріліп, Әнұран орындалғанда көз жасқа толып, жүрек оң жаққа жылжып кеткендей күй кештіреді. Отанға деген сүйіспеншілікті одан әрі асқатататыны да рас.

Әнұранның үзілуі бірнеше рет қайталанды. Қайырмасы екінші рет қайталанды да, соңына жетпей үзіліп қалды. Жалпы, спорттық бә-

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Аян ТӨЛЕГЕН,
Қазақстан бокс федерациясының ресми өкілі:

Әнұран әдейі үзілген жоқ

Әлеуметтік желіде ел чемпиондарын марапаттау сәтінде қосылған Әнұранға қатысты видеолар жиі жарияланып, көпшілік пікір қалдыруда. Ұйымдастырушылар Әнұранды жартысынан әдейі үзді деу – қате пікір. Себебі, әлемдік чемпионаттарда марапаттау кезінде жеңімпаздар мен жүлдегерлер көп болғандықтан барлық елдің Әнұранының тек бір шумағы мен қайырмасы ғана орындалады. Рәсімнің регламенті сондай. Мән беріп қарасақ, Өзбекстанның, т.б. елдердің жеңімпаздарын марапаттау сәтінде де Әнұрандарының жартысы ғана орындалды.

Өздеріңіз көргендей, аренадағы жанкүйерлердің жартысы Қазақстан жанкүйерлері болды. Біздің Әнұранның ғажабы сол, жартысын айтып қоя салу мүмкін емес. Шырқалғасын, соңына дейін шырқалуы керек. Төртеуінде де Әнұранымыз талапқа, заңға сай орындалды. Бүкіл әлемдік, халықаралық чемпионаттарда кез келген жағдайға қарамастан Әнұран осылай орындалады. Ал ел ішіндегі спорттық чемпионаттарда Әнұран толық орындалып жүр.

АУЫР АТЛЕТИКА



БІЗДІҢ АЛЫПТАР

Азия чемпионатынан 14 медаль жеңіп алды

Оңтүстік Кореяның Чинджу қаласында ауыр атлетикадан Азия чемпионаты аяқталды. Бұл құрлықтық біріншілікке Қазақстан атынан 20 спортшы қатысты.

Ұлттық құрама қоржынына «алтынды» құрама көшбасшыларының бірі – Әділетұлы Нұрғиса алып келді. 102 келіге дейінгі салмақта біздің спортшымыз 400 (181+219) келіні бағындырып, жұлқи көтеруде күміс, серпе көтеруде және жалпы жаттығуларда алтын жеңіп алды. 109 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде 2 қазақстандық бірден жеңіс тұғырына көтерілді. Артем Антропов алтыдан 5 тәсілді орындап, қоссайыс бойынша жалпы есепте екінші болды. Оның нәтижесі – 399 (172+227) келі. Үздік үштікті 390 (169+221) келі көрсеткішпен Андас Самарқанов түйіндеді. 55 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде Арли Чонтей жұлқи көтеруде «алтын» жүлдені жеңіп алды және қоссайыста үшінші орынды иеленді (117+141).

Ерлер арасында 73 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде үздік үштікті Қостанай ауыр атлетика мектебінің оқушысы Алексей Чуркин түйіндеді. 340 (154+186) келі – оның нәтижесі, сондай-ақ жұлқи көтеруде күміс медаль. Сейітқазы Еламан 81 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде бірінші жаттығуда қарсыластарын сенімді түрде басып озды.

Жұлқи көтеруде біздің спортшымыз 155 келіні көтеріп, бұл жаттығуда алтынға қол жеткізді. 2016 жылғы Олимпиада ойындарының қола жүлдегері Карина Горичева 64 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде жұлқи көтеруде күміс жүлдені жеңіп алды (91+101). Ал Аиша Омарова (87 келі) серпе көтеруде қола жүлдегер атанды. 2 жаттығудың қосындысы бойынша Арай Нұрлыбекова (76 келі), Аиша Омарова (87 келі), Любовь Ковальчук (87+ келі), Сергей Петрович (89 келі) үздік үштіктен бір қадам қалып тоқтады.

Осылайша біздің құрама 4 алтын, 5 күміс және 5 қола медаль жеңіп алды. Командалық есепте Қазақстан Республикасының ерлер және әйелдер құрамасы төртінші, ал медальдық есепте ерлер құрамасы Қытай құрамасынан ғана ұтылып, екінші орында тұрақтады, әйелдер құрамасы 11-орында болды.

Бетгі әзірлеген Гүлжанат СЕМБАЕВА.



ҚАЛА ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

МҰРАЖАЙ – КӨНЕНІҢ КӨЗІ, ТАРИХТЫҢ ӨЗІ

Биылғы мереке «Музейдің тұрақтылығы мен өркендеуі» ұранымен өтеді

Биылғы
Халықаралық музейлер күні «Музейдің тұрақтылығы мен өркендеуі» ұранымен өтеді. Атаулы күн қарсаңында Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында «Алматы қаласы музейлер бірлестігі» мен ҚР Орталық мемлекеттік музейі өкілдері сөз сөйледі.



Нұржамал
ӘЛІШЕВА



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

«ТІРІ МУЗЕЙ»

Алматы қаласының мұражайлары жыл сайын 18 мамырда «Музей түні» дәстүрлі акциясын өткізеді. Биыл да жалғастырып отыр. Мәселен, бүгін құрамына 8 музей кіретін «Алматы қаласы музейлер бірлестігінде» (Алматы музейі, Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музейі, Д.А.Қонаев музейі, Н.Тілендиевтің мемориалды музейі, С.Мұқанов пен Ғ.Мүсіреповтің әдеби-мемориалды музей кешені, А.Байтұрсынұлының музей-үйі, Мультимедиялық дәстүрлі музыка орталығы) «Тарих. Тұлға. Музей» тақырыбында ауқымды мәдени көңіл көтеру іс-шарасын бастайды.

«Музейлер – Алматы қаласының рухани және мәдени өмірінің ажырамас бөлігі. Біздің мұражайларға келушілер артефактілермен танысып, олардың тарихы мен Алматы қаласының тарихы туралы біліп қана қоймай, түрлі рухани-тарихи және мәдени іс-шараларға қатысып, ой-өрістерін кеңейтеді. Осындай акциялардың бірі «Музей

түні» акциясы болып табылады», – деді «Алматы қаласы музейлер бірлестігі» директорының даму жөніндегі орынбасары Қайрат Тарбаев.

Мәселен, Алматы музейінде бүгін кешке «Тірі музей» театрландырылған қойылымы ұйымдастырылады. Келушілердің назарына қола дәуіріндегі әйел, қазақ батырлары, сондай-ақ басқа да белгілі, тарихи тұлғалар ұсынылады. Сондай-ақ, белгілі артистер Ғазизхан Шекербек, Кенжебек Жанәбілов, Ерлан Байназаров және «Tengri ethno music band» қатысатын концерттік бағдарлама ұйымдастырылады.

Сондай-ақ, іс-шара бағдарламасында:

– Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музейінде және Мультимедиялық дәстүрлі музыка орталығында ҚР-ның дәстүрлі әншілері Мұрат Әбуғазы, Нұржан Жанпейісов, Рамазан Стамғазиев, «Steppe Sons» модерн этно-джаз тобы, т.б. қатысуымен концерттік бағдарлама өтеді. Музейдің экспозициялық залдарында келушілерді Қорқыт, Құрманғазы, Ақан сері, т.б. кейіпкерлер күтеді.

– Д.А.Қонаев музейінде, А.Байтұрсынұлы музей-үйінде, Н.Тілендиевтің мемориалды музейінде, С.Мұқанов пен Ғ.Мүсіреповтің әдеби-мемориалды музей кешенінде концерттік бағдарлама, деректі фильмдер көрсетілімі өткізіледі.

Сондай-ақ, спикер атап өткендей, қала музейлерінде тақырыптық экскурсиялар, интеллектуалдық квест-ойындар, шеберлік сағаттары ұйымдастырылады.

«ҰШАТЫН КЕМЕ»

Айта кетейік, бұл акция 2006 жылы алғаш рет ҚР Орталық мемлекеттік музейінде өткізілді. «Осыдан тура 18 жыл бұрын отандық музей кеңістігінде алғаш рет ерекше ірі оқиға орын алған болатын – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік орталық музейі «Халықаралық музейлер күні» кәсіби мерекесіне арналған «Музей түні» әлеуметтік маңызы бар акциясын өткізген болатын», – деді өз кезегінде музей директорының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары Ғалия Теміртон.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Қайрат ТАРБАЕВ, Алматы қаласы музейлер бірлестігі директорының даму жөніндегі орынбасары:

«ҚАЗАҚТЫҢ РУХЫ, ӘРУАҒЫ – БӘРІ МУЗЕЙДЕ»

Біздің замандасымыз, белгілі ақын Бақыт Беделханның айтқан сөзі бар еді. «Музейге келген адам мешітке келгендей дайындалып келуі керек. Өйткені, музейлерде біздің тарихымыз, рухымыз жатыр, ата-бабаларымыздың қолының табы қалған, тері, қаны сіңген жәдігерлер сақталған. Сонымен қатар, музейде ата-бабаларымыздың тарихы, сүйегі жатыр. Демек, қазақтың рухы, әруағы – бәрі сол музейде жатыр» деген еді. Сондықтан музей қасиетті де киелі орын. Иә, музей біздің өткеніміз бен болашағымыздың арасына жасалған алтын көпір. Сол музейлерде қызмет істеп жүрген әріптестеріміздің еңбегі орасан. Жастарды музейге тарту, тарихымызбен таныстыру мақсатында көптеген іс-шара ұйымдастырып келеміз. Мәселен, бүгін өтетін «Музейлер түні» жастар үшін де, ересектер үшін де таптырмас үлкен мүмкіндік. Келіңіздер!

Орталық музейдегі іс-шараның салтанатты ашылуы З.Алтынбаева, Бүркіт және Аиша, «Tengri» тобы және т.б. атақты жұлдыздардың қатысуымен өтеді.

Бұл күні музейге келушілер «XXI ғасырдың көшбасшылары мен танымал тұлғалары. Бірлескен шығармашылық» көрмесінің ресми ашылуына қатыса алады. Онда белгілі мәдениет және өнер қайраткерлерімен бірге кәсіби суретшілердің шығармашылығы көрсетіледі.

Музей бағдарламасында бұл күні келушілер келесі көрмелерді көре алады:

– музей қорынан ұсынылған «Ер жігіттің бес қаруы бойында» қару-жарак көрмесінің ашылуы;

– Қазақстан суретшілер пленері қатысушыларының «Ұлттық мұра – ұрпаққа аманат» атты жұмыстарының тұсаукесері;

– суретші, дизайнер Айжан Әбдубаитованың «Зерлеу» топтамасының этнокөрсетілімі және т.б.

Бұл күні мұражай бағдарламасында интерактивті білім беру бағдарламалары, театрландырылған сабақтар және балаларға арналған экскурсиялар түріндегі көптеген акция мен іс-шаралар бар. Олардың ішінде:

– «Археолог өмірінен бір күн» – инсталляция-квест.

– «Үш тақырып – үш тарих», «Үш діннің ерекше тарихи мұралары: Тора, Библия, Құран» – музейлік сабақ/көрме;

– «Жеті қазына», «Қазақтың әшекей бұйымдары», «Ұлы Жібек жолы» – балалар коворкинг орталығындағы шығармашылық музейлік сағаттары;

– «Ұшатын кеме» қойылымы және т.б.

Алматылықтар мен қала қонақтарына көптеген басқа да көрмелер, шеберлік сабақтары мен атақты жұлдыздардың қатысуымен өтетін салтанатты бағдарламалар ұсынылады.

12-13

ТАНЫСТЫРЫЛЫМ

ҒЫЛЫМИ ЕҢБЕК

Жазушы, ғалым Нұрдәулет Ақыштың «Қазақ балалар әдебиетінің тарихы» атты екі томдық монографиясының тұсаукесер рәсімі өтті

Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының Н.Дәулетова атындағы залында М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолдауымен жазушы, ғалым Нұрдәулет Ақыштың «Қазақ балалар әдебиетінің тарихы» атты екі томдық монографиясының тұсаукесер рәсімі өтті.



Олжас
ЖОЛДЫБАЙ



сының аға оқытушысы Гаухар Балтабаева сөз сөйлеп, ҚазҰҚПУ ректорының Алғыс хатын табыстады және ҚазҰҚПУ Филология факультетінің 1-курс студенті Айман Сманкүл арнау өлең оқыды.

Қазақ балалар әдебиеті көптен назарға ілінбей жүрген сала. Өр жерде қалам тербеп, еңбектеніп жүргендер баршылық. Дейтұрғанмен, арнайы мақсатпен жүйелі істер атқарылмай келеді. Жиынға қатысушылар осы тақырыптар төңірегінде де ой-пікірлерін ортаға салды.

– Балалар әдебиетінің 10 томдық жинағын Байбота Қошым-Ноғай ағамыз құрастырып шығарған болатын. Ол да бір ерекше құбылыс болды. Әлеуметтік желіде, қаламгерлер арасында көп талқыланды. Бүгінгі ғылыми туынды М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының жобасы екен. Өте сәтті шыққан деп пайымдаймын. Бұл монографияда XIX ғасырдан тартып, қазіргі кезге дейінгі туындылар қарастырылыпты. Қазақтың үлкен ақын-жазушыларынан бастап, кейінгі буын өкілдерінің шығармалары талданыпты. Аты ұмтыла бастаған қаламгерлерді де қосыпты. Түйіндей келе филология ғылымының докторы Нұрдәулет Ақышқа зор табыс тілейміз, – деді Қазақстан Жазушылар одағы басқарма төрағасының бірінші орынбасары Нұржан Қуантайұлы.

ның докторы, әдебиет сыншысы Бекен Ыбырайым, филология ғылымының докторы, профессор Кансейіт Әбдезұлы, филология ғылымының докторы, жазушы, драматург Серік Асылбекұлы, жазушы Қуандық Түменбай, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, жазушы Әділғазы Қайырбеков, журналист Бейсенбай Сүлейменов және т.б. зиялы қауым өкілдері мен ақын-жазушылар сөз сөйледі.

Сондай-ақ, филология ғылымының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Қазақ әдебиеті кафедра-

ТҰСАУКЕСЕР

Алматы қаласының Жамбыл атындағы жасөспірімдер кітапханасында Қазақ ПЕН-клубының президенті Бигелді Ғабдуллиннің басшылығымен көрнекті прозаик Қалихан Ысқақовтың ағылшын тілінде Лондонда аударылып, басылып шыққан кітабының тұсаукесері өтті. Сонымен қатар, ПЕН-клубтың мұрындық болуымен АҚШ пен Англияда басылған қазақ жазушыларының кітаптарын кітапханаға сыйға тартты.

ҚАЛАМГЕР КІТАБЫ

ағылшын тіліне аударылды

Іс-шараға жазушының ұрпақтары, аудармашы Адольф Арцишевский, жазушылар Нұрдәулет Ақыш, Сәуле Досжан және т.б. қатысты. Сонымен қатар, жиын барысында ПЕН-клубтың жаңа мүшелеріне куәлік тапсырылды.

– Қалихан Ысқақ қазақ жазушыларының ішіндегі шоқтығы биік, өресі кең жазушы болатын. Оның туындылары ағылшын тіліне тәржімаланып, басылды. Бұл біздің халқымыз үшін мерейі үстем іс болды деп айта аламыз. Ендігі кезекте Қазақстан Жазушылар одағына хатышы болып қызмет істемекшіміз. Алда атқарар іс көп, – деді Қазақ ПЕН-клубының президенті Б.Ғабдуллин.

Жиын барысында қаламгердің еңбектері туралы, қазақ әдебиетіне қосқан үлесі жайында кеңінен айтылды. Бұл жөнінде егжей-тегжейлі жазушы Нұрдәулет Ақыш айтып берді.

– Қалекен Қатонқарағайдың тумасы. Жастайынан талантты, мінезді һәм өзіндік дара қасиеттерге ие кісі еді. Шығармаларды жазған-

да табиғатты көркем суреттейді. Тілдік қоры да өте бай-тұғын. Қарапайым, жаттанды тілмен емес, құбылтып жазатын. Бір жазбасында самаурын туралы жазыпты. Сонда «мешел самаурын» деген тіркесті қолданыпты. Негізі «мешел» сөзін аяқ-қолынан жан кеткендерге таңады ғой. Қысқасы, самаурын арқылы айрықша образ бейнелеген. Ол «Ақсу жер жанның», «Тұйық», «Қара орман» сынды романдардың авторы. Бір сөзбен айтқанда, жасаған еңбегі зор, – деді қаламгер.

Әдебиеттің төңірегінде жүрген жандар бір серпіліп, іштегі ой-тебіреністерімен бөлісті.

– Өзім осындай басқосуға қаламгерлердің жиналып, бас қосып жатқанына риза болып отырмын. Сондай-ақ, Қазақ ПЕН-клубына мүше ретінде тіркелдім. Куәлік нөмірім 100 екен. Ерекше сан деп білем. Сірә, осыған қол жеткізген алғашқы әйел жазушы шығармын, – дейді Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері С.Досжан.

О.МҰРАТБЕКҰЛЫ.



ҚАЛА ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

МҰРАЖАЙ – КӨНЕНІҢ КӨЗІ,

Алматы қаласындағы ең танымал 10 музей

Музей – тарихи-мәдени мұралардың қоймасы, көненің көзі, білім мен өнер ордасы. Таным көкжиегін кеңейтем деген адам музейге барса, небір құнды деректерді көзімен көріп, талай мәліметтерге қанық болады. Әсіресе, мәдениеттің ошағы саналатын Алматыдай алып шаһарда еліміздегі ең көрнекті музейлер орналасқан.

Қазақстанда барлығы 250-ге жуық мұражай бар, оның ішінде тарихи-өлкетану музейлері, көрнекті тұлғалардың музей-үйлері, музей-қорықтары жұртқа кеңінен танымал. Алматыдағы музейлер еліміздегі ғана емес, әлемдегі ең әйгілі музейлердің қатарына енген. Сондықтан әрбір алматылық және қала қонақтары міндетті түрде барып көруі тиіс музейлер тізімін оқырман назарына ұсынып отырмыз.

АЛМАТЫ МУЗЕЙІ

Қала мұражайы бұрынғы Верный балалар үйінің ғимаратында орналасқан. Бұл ғимараттың жобасын бір кездері қала тарихында өзіндік орны бар әйгілі сәулетші Павел Гурде жасаған. Мұражайда 40 мыңнан астам экспонат бар, олар 11 дәуірге бөлінген: «Алматының ежелгі тарихы», «Алматының ортағасырлық тарихы», «Қазақ мемлекеттілігінің бастауында», «Жетісу этнографиясы», «Алматы тарихының Верный кезеңі», «XX ғасырдағы Алматы», «Мәдениет пен өнер», «Альпинизм тарихы», «Желтоқсан», «Алматы және Ұлт көшбасшысы», «Бейбітшілік пен келісім моделі».

«ҒЫЛЫМ ОРДАСЫ» МУЗЕЙІ

«Ғылым ордасы» музей орталығында археология, табиғат, сирек кездесетін кітаптар және Қазақстан ғылымының тарихы музейі орналасқан. Археологиялық музейде ежелгі қорымдар мен ортағасырлық қалалардың қазба материалдарымен танысуға болады. Табиғат мұражайында Қазақстан аумағында табылған флора мен фаунаның тасқа айналған қалдықтары сақталған. Сирек кітаптар музейі біздің еліміз үшін ХІІІ–ХХ ғасырлардағы мәдени-тарихи мұраны қамтитын маңызды қолжазбалар мен кітаптарды ұсынады. Қазақстандық ағартушылардың шығармашылығы мен өмірі туралы көбірек білгісі келген адам қазақстандық ғылым тарихының музейіне баруына болады.

ALMA MUSEUM МУЗЕЙІ

Елімізде өсетін алмалар туралы қызықты деректерді білгіңіз келсе, Alma museum музейіне барып көріңіз. Мұндағы шағын экскурсия арқылы мұрағаттық фотосуреттер мен кітаптардан өткенге саяхат жасап, елімізде өсетін алма сорттары, соның ішінде Алматының алмасы туралы мол мағлұмат алуға болады. Алматы – апорттың отаны. Музейдің мақсаты – келушілерге



алманың атасы атанған қаланың атмосферасын сезіндіру. Музейден алма туралы деректі фильмдерді тамашалап, алма қаласы туралы баяндаған көптеген адамдардың әңгімелерін оқи аласыз.

ҚР ОРТАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МУЗЕЙІ

Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік музейі Орта Азиядағы ең ірі музейлердің бірі. Үш қабатты музей ғимаратында көрме галереялары, 4 көрме залы орналасқан. Әрбір келуші өз қалауы бойынша жәдігерлерді тамашалай алады. Музейде палеонтология және археология,

XV ғасырдан XX ғасырдың басына дейінгі Қазақстан тарихы, Қазақстанда тұратын халықтардың тарихы мен этнографиясы залы бар. Төртінші зал тәуелсіз Қазақстанның тарихын бейнелейді. Музейде жалпы 300 мыңға жуық жәдігер сақтаулы.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ МУЗЕЙ-ҮЙІ

А.Байтұрсынов музей-үйі – көпестер құрылыс өнерінің бір үлгісі болып саналады. Осы үйде 1933–1937 жылдары Ахмет Байтұрсынов отбасымен бірге тұрған. Мұнда Алаш қайраткерінің қай жерде жұмыс істегенін, оның тұрмыстық заттарын

көруге болады. Музейге барған адам ұлы ағартушының отбасымен уақыт өткізген жерінің атмосферасын сезініп, ерекше әсер алады. Байтұрсыновтың жеке заттары көп емес, бірақ оның өміріндегі құжаттардың, қолжазбалар мен фотосуреттердің түпнұсқалары мен көшірмелері ұсынылған.

Д.ҚОНАЕВ МУЗЕЙІ

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев музейі екі экспозициялық залдан тұрады. Біріншісі Д.Қонаевтың «Балалық шағы мен студенттік кездері және еңбек жолының басталуы», екінші зал «Д.А.Қонаев



НЕ?

ҚАЙДА?

ҚАШАН?

«КІШКЕНТАЙ ХАНЗАДА»

Өтетін орны: Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры.
Күні мен уақыты: 19 мамыр, жұма, сағат 11.00-де және 21 мамыр, жексенбі, сағат 11.00-де.



«АНА ЖҮРЕГІ»

Өтетін орны: Мемлекеттік қуыршақ театры.
Күні мен уақыты: 19 мамыр, жұма, сағат 16.00-де.



«БЕЙБАРЫС СҰЛТАН»

Өтетін орны: Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театры.
Күні мен уақыты: 20 мамыр, сенбі, сағат 18.30-да.





ТАРИХТЫҢ ӨЗІ

ӨТКЕН ҒАСЫРЛАРДАН СЫР ШЕРТЕДІ



саяси және қоғам қайраткері» тақырыбын қамтиды. Музей қорында 3 мыңға жуық жәдігер жинақталған. Қарапайым шаруа баласының тау-кен инженерінен үкімет басшысы деңгейіне көтерілген, есімі тек Одақ көлемінде ғана емес шетелдерге танылған тұлғаның еңбек жолын осы музейдегі жәдігерлер арқылы білуге болады. Оның қызметте өсу баспалдақтары мен қоғам қайраткері ретінде қалыптасу жолы жайлы деректер мен тарихи мағлұматтар музейде сақталуы.

Ә.ҚАСТЕЕВ МУЗЕЙІ

Қазақстан Республикасы мемлекеттік Ә.Қастеев атындағы өнер музейі 1976 жылы Т.Г.Шевченко атындағы Қазақ мемлекеттік көркемсурет галереясының және Республикалық қолданбалы өнер музейінің қоры негізінде қаланған. 1984 жылы музейге Қазақ КСР Халық суретшісі Әбілхан Қастеевтің есімі берілді. 2004 жылы ЮНЕСКО-ның шешімімен Әбілхан Қастеевтің 100 жылдық мерейтойы кең көлемде атап өтілген еді. Сол жылдың 15 қаңтарында Әбілхан Қастеевтің мерейтойлық көрмесінің салтанатты ашылуы болды. Көрме суретшінің күллі шығармаларын қамтыды. Әйгілі суретшінің 400-ден аса акварельдік және кескіндеме туындылары, фотоқұжаттар, суретшінің жеке заттары, кинохроника музейдің үлкен төрт залдарында қойылды. Бүгінде Ә.Қастеев атындағы МӨМ еліміздегі бейнелеу өнері саласындағы жетекші ғылыми-зерттеу және мәдени-ағарту ісіндегі ірі көркемсурет музейі. Музейде Қазақстанның бейнелеу өнері, Қазақстанның қолданбалы өнері, шетел классикалық өнері, жаңа дәуірдегі шетел өнері, қорлар, қайта қалыпта келтіру, көрме және экспозиция, насихаттау және экскурсиялық қызмет көрсету, ақпарат және баспа ісі сынды 9 ғылыми орталық жұмыс істейді. Музей қорында 22 500-ден астам кескіндеме, графика, сәулет және Қазақстанның, Ресейдің, Еуропаның, Американың, Шығыс

елдері халықтарының қолданбалы өнерінің баға жетпес туындылары сақталған.

ЫҚЫЛАС АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚ МУЗЫКАЛЫҚ АСПАПТАР МУЗЕЙІ

Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музейі бүкіл Орта Азия аумағындағы алғашқы болып құрылған бірегей музейлердің бірі. Дүние жүзі бойынша халық музыка аспаптарына арналған бесінші музей ретінде әлемдік музейлер тарихында ойып тұрып орын алған. Музей мәдениет және қоғам қайраткері, этнограф-ғалым Өзбекәлі Жәнібековтің ұйымдастыруымен XX ғасырдың 80-жылдары құрылды. Музей ғимаратының өзі көзтартарлық пішінімен ерекше. 1908 жылы атакты верныйлық сәулетші Андрей Палович Зенковтың жобасымен тұрғызылған ғимарат «Ропетовский» стиліндегі ағаш сәулет өнерінің бірегей үлгісі. Музей ғимараты Офицерлер үйінің бұрынғы ғимаратында орналасқан. Қазіргі таңда ғимарат Республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізімінде. Бұл мәдени орын алматылықтар мен қала қонақтарының әсем демалыс орындарының бірі болып табылатын, «28 гвардияшы-панфиловшылар» атындағы паркте орналасқан. Алматы қаласындағы ең танымал әрі ең көп баратын мәдени орындардың бірі.

СӘБИТ МҰҚАНОВ ЖӘНЕ ҒАБИТ МҮСІРЕПОВТІҢ МЕМЛЕКЕТТІК ӘДЕБИ-МЕМОРИАЛДЫҚ МУЗЕЙІ

Музей кешені 1999 жылы 8 ақпанда С.Мұқановтың (1978 жылы 21 қарашада ашылды) және Ғ.Мүсіреповтің (1987 жылы мамырда ашылды) жұмыс істеп тұрған екі музейі базасында құрылды. Сәбит Мұқановтың әдеби-мемориалдық музейінің негізін қалаушы және алғашқы директоры Мұқановтар отбасының досы Хакім Нұрғалиұлы Бекішев (1976–1986)



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

болды. Оның басшылығымен 1976 жылы музей экспозициясының негізі қаланды, оны суретші-рестовратор Шәміл Қожахановтың шығармашылық тобы құрды. Жұмыс екі жылға созылды және 1978 жылы 21 қарашада жазушының музей-үйінің салтанатты ашылуы болды. Музей ашылған жылы Сәбит Мұқанов тұрған үйде мүсінші Токтағазы Жанызбекұлы Жанызбеков жасаған мемориалдық тақта орнатылды.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ АЛМАТЫДАҒЫ ӘСКЕРИ-ТАРИХИ МУЗЕЙ БӨЛІМІ

Қорғаныс министрлігінің әскери-тарихи мұражайы 1965 жылы Орта Азия әскери округінің аудандық офицерлер үйінде (қазіргі музыкалық аспаптар мұражайының ғимараты) ашылды. 1978 жылы 28 гвардияшы-панфиловшылар саябағын қайта құру шеңберінде офицерлер үйінің жаңа монументалды ғимараты салынды, оған музей көшірілді. Көрме кешені 2200 шаршы метр алаңда орналасқан. Музей экспонаттары XX ғасырдың басынан бері қолданылған кеңестік әскери техника мен қару-жарақтың үлкен коллекциясын ұсы-

нады. Музейде төрт коллекция бар: бронды қару-жарақ пен техника, жерүсті артиллериясы мен минометтер, әуе қорғанысы күштері, арнайы техника. Коллекцияда 122 бірлік қарулы техника ұсынылған. Бірқатар экспонаттар, мысалы, әскери автомобильдер, сирек кездесетін және әскери техниканың тәжірибелік үлгілері бір данадан бар. Жеке залда баннерлер, сондай-ақ әскери даңқ қару-жарақтары мен жәдігерлері орналасқан. Сондай-ақ, әскери коллекцияда ұшақтар, брондалған тракторлар, зенбіректер мен зениттік қондырғылар, зымырандар, барлау патрульдік машиналары, әскери қайықтар, танктер бар. Музейде 1941 жылдың жазында Алматыда құрылған Панфилов атындағы 316 атқыштар дивизиясының материалдарына ерекше орын берілген. Бұл экспозицияны генерал И.Панфиловтың қызы Валентина жинаған, мұнда Мәскеу үшін шайқас диорамасы, сарбаздардың жеке заттары, Брест бекінісінің жәдігерлері қамтылған.

Әзірлеген Айнұр СЕНБАЕВА.
(Деректер музейлердің жеке сайттарынан алынды).

● АКЦИЯ

«МУЗЕЙДЕГІ ТҮН»

Бүгін Алматы қаласының музейлерінде сағат 18.00-де Халықаралық музейлер күніне арналған дәстүрлі «Музейдегі түн» акциясы өтеді.

Мекенжайлары:

1. Алматы музейі – Қабанбай батыр көшесі, 132.
2. Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музейі – Зенков көшесі, 24 А.
3. Д.А.Қонаев музейі – Төлебаев көшесі, 117.
4. Н.Тілендиев мемориалдық музейі – Қонаев көшесі, 96.
5. С.Мұқанов пен Ғ.Мүсірепов атындағы әдеби-мемориалдық музей кешені – Төлебаев көшесі, 130.
5. Дәстүрлі музыканың мультимедиялық орталығы – «Нұркент» шағынауданы, 5/11.
6. А.Байтұрсынов музей үйі – Байтұрсынов көшесі, 60.

Іс-шара аясында театрландырылған қойылымдар, шеберлік дәрістері, байқаулар, квесттер және суретшілермен, жазушылармен, актерлермен кездесулер ұйымдастырылады.

НЕ?

ҚАЙДА?

ҚАШАН?



КЕРАМИКА САБАҒЫ

Өтетін орны: «Алма» шығармашылық академиясы, Айманов көшесі, 126-үй, 405-кеңсе.
Күні мен уақыты: 20-21 мамыр, сағат 10.00 және 18.00-де.

ЖАҢАРТЫЛҒАН «ЖИЗЕЛЬ»

Өтетін орны: Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театры.
Күні мен уақыты: 20-21 мамыр, сенбі-жексенбі, сағат 18.00-де.



«СЕНІҢ ШЫҢЫҢ»

Өтетін орны: Медеу таулы мұз кешенінің жанындағы субұрқак.
Күні мен уақыты: 21 мамыр, жексенбі, сағат 11.00-де.

Әзірлеген
Нұржамал ӘЛШЕВА.



ДҮЙСЕНБІ
22 МАМЫР

Almaty TV АЛМАТЫ

6:00 Алматы кеші
6:45 Әсем әуен
7:45 Жаңалықтар/Новости
8:00 Таңғы студия
10:00 Алматы со вкусом
10:15 Мультфильмы
11:30 Мультфильм. Татонка, Джеки Чан
12:40 Үздік әзілдер
13:30 Телехикая.
15:00 Күндізгі жаңалықтар
15:15 Дневные новости
15:30 Женский кино клуб.
17:00 Женский кино клуб.
18:00 Шешімі бар
19:00 Қорытынды жаңалықтар
19:30 Итоговые новости
20:00 Телехикая. Ұлы Селжүктер
21:00 Телехикая.
22:00 Мужское кино.
0:00 Телехикая.
1:00 Қорытынды жаңалықтар/Итоговые новости
2:00 Шешімі бар
2:45 Өмір иірімі
3:25 Дала сазы
3:50 Алматы тұнған тарих
4:10 Алматинские истории
4:40 Алматы кеші
5:55 ҚР Өнұраны

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

6:00 Өнұран
6:05 «Жәдігер»
6:25 «Күй-керуен» (Түбі бір түркі күйлері)
7:00 «TANSHOLPAN». Таңғы ақпаратты-сазды бағдарлама. Тікелей эфир
10:00 AQPAPAT
10:10 «Жазықсыз жүрек». Телехикая. (Түркия, 2016 ж.)
12:00 «ӨМІР КӨРКЕМ». Тікелей эфир
13:00 AQPAPAT
13:10 «Біздің сынып». Телехикая. («Qazaqstan» Ұлттық телеарнасы, 2022 ж.) (с субтитрами)
14:15 «Дара». Ұлттық білім бейгесі.
15:10 «Арта». Сараптамалық бағдарлама.
16:00 «Ақжауын». Телехикая. («Qazaqstan» Ұлттық телеарнасы, 2021 ж.) (с субтитрами)
17:00 AQPAPAT
17:15 «Ауылдастар»
18:00 «ЖАЗЫҚСЫЗ ЖҮРЕК». Телехикая. (Түркия, 2016 ж.)
20:00 AQPAPAT
20:35 «ASHYQ ALAŃ». Қоғамдық-саяси ток-шоу. Тікелей эфир.
21:30 «БІЗДІҢ СЫНЫП». Телехикая. («Qazaqstan» Ұлттық телеарнасы, 2022 ж.) (с субтитрами)
22:30 «БАУЫРЛАР». Телехикая. (Түркия, 2021-2022 ж.ж.) (с субтитрами)
23:20 «1001 ТҮН». Қоғамдық бағдарлама. Тікелей эфир
0:30 AQPAPAT
1:05 «Сана»
2:25 «Күй-керуен»
2:55 «Ауылдастар»
3:25 «Жәдігер»
3:45 Өнұран

ХАБАР

05:00 ҚР Өнұраны
05:00 Мегакит. «Коллекторы»
07:00 Тікелей эфирде «Оян!»
10:00 «Бақыттың кілті еңбекте»
10:30 Мультфильм. «Феи:

Тайна страны драконов»
11:50 Мультсериал. «Нильс»
12:00 Телехикая. «Мелек 2»
14:00 Тікелей эфирде «АйнаLine»
15:00 Телевикторина. «Бегом за деньгами»
16:00 Телесериал. «Вторая жизнь Евы»
18:00 Новости.
18:20 Ток шоу. Итоги
19:00 Қорытынды жаңалықтар.
19:20 Ток шоу. Біздің мақсат
20:00 Телехикая. «Мелек 2»
21:45 Телехикая. «Келінжан 3», «Келінжан 4»
23:00 «Ұйқым келмейді»
00:00 «Startup KZ»
01:00 ҚР Өнұраны

31-КАНАЛ

05.58 ҚР ӨНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студия
06.30 What's up?
07.00 «Күліп ALL»
08.00 Мультсериал «Ұлы жауынгер»
08.10 «31 әзіл»
09.00 «Жапырақтар төгілгенде» түрік телехикаясы
10.00 «Ұшқан ұя» түрік телехикаясы
11.00 «Құнсыз келін» үнді телехикаясы
12.10 Мультсериал «Маша и медведь»
13.00 КИНО. «Крид 2»
16.00 КИНО. «Рэмбо 3»
18.10 КИНО. «Рэмбо 4»
20.00 Информбюро
21.00 КИНО. «16 кварталов»
23.10 «Жапырақтар төгілгенде» түрік телехикаясы
00.10 «31 әзіл»
01.00 Индийский сериал «Анупама»
01.40 What's up?
02.30 Әзіл студия
03.50 1001 Әзіл
04.00 BALA BATLLE
04.30 What's up?
05.00 Ризамын

ЕВРАЗИЯ

6:00 «КЕШКІ КЕЗДЕСУ» бағдарламасы
7:00 «П@УТИНА» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10:00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»
10:50 «НЕ ОГЛЯДЫВАЙСЯ НАЗАД». Многосерийный фильм
14:10 «НОВОСТИ»
14:20 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы. Тікелей эфир
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMİZ» бағдарламасы
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:35 Премьера. Филипп Азаров, Борис Бедротов в многосерийном фильме «КРЕПКИЕ ОРЕШКИ». НОВЫЙ СЕЗОН
0:05 Премьера. Михаил Гаврилов, Сергей Пускепалис, Агния Дитковските в многосерийном фильме «ТРЕЙДЕР»
1:10 Ночной кинотеатр. «ФУРЦЕВА. ЛЕГЕНДА О ЕКАТЕРИНЕ»
2:15 «НОВОСТИ»
2:20 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
2:30 «KÖREMİZ» бағдарламасы
3:15 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»

3:40 «П@УТИНА» бағдарламасы
До 4:30



7-КАНАЛ

06:00 Т/п «Қуырдақ»
07:10 Т/х «Ұлы дала жанұясы»
07:30 Т/п «Айна Online»
08:00 Jaidarman
09:00 Т/п «Гадалка»
10:10 Т/с «Звезды и лисы»
14:30 Ток -шоу «Қыздар-ай»
15:40 Battle сөз
16:30 Әзіл time
17:00 Т/с «Семейные узы»
18:00 Т/с «Что делает твоя жена?»
20:00 Т/с «Гости из прошлого»
21:00 Т/х «Аппак келін»
21:30 Т/х «Шырғалаң тағдыр»
22:30 Т/х «Қанатсыз құстар»
23:30 Т/х «Пөләншеевтер»
00:10 Т/х «Ата-ана. Бала-шаға»
00:40 Т/п «Айна Online»
01:15 Jaidarman
02:00 Т/п «Тамаша 7 км»
02:45 Т/х «Япырай»
03:40 Т/п «Жеңіп көр»
05:10 Т/п «Қуырдақ»



KTK

07.00 ҚР ӨНҰРАНЫ
07.05 «ДАУ-ДАМАЙСЫЗ» (қайталау)
07.30 «ЕРІКСІЗ МАХАББАТ», корей телехикаясы. Тұсаукесер! С субтитрами на русском
08.00 «ЖҮРЕГІМНІҢ ИЕСІ», Өзбек телехикаясы. С субтитрами на русском
09.30 «БЫЛО ДЕЛО»
10.40 «КРОВАВЫЙ ТРАНЗИТ», казахстанское кино (худ.фильм) (повтор)
12.40 «БЕЗ ШАНСОВ», криминальная мелодрама (худ.фильм) (повтор)
15.00 «ЕКІНШІ ӘЙЕЛ», өзбек телехикаясы. С субтитрами на русском
17.40 «ӨТКЕН КҮНДЕР», өзбек телехикаясы. Тұсаукесер! С субтитрами на русском
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу. Жаңа маусым!
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.40 «БОЛЬШОЕ НЕБО», мелодрама (худ.сериал)
00.00 «МЕТОД МИХАЙЛОВА», остросюжетная драма (худ.сериал)
01.40 «БЫЛО ДЕЛО» (повтор)
02.25 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу (қайталау)
03.10 «ӨТКЕН КҮНДЕР», өзбек телехикаясы (қайталау)
04.30-
05.00 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

07:00 Өнұран
07:05 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасы. 1/2 финал. «Манчестер Сити» (Англия) - «Реал Мадрид» (Испания)
09:05 «Ташкенттегі тарихи нәтиже» Арнайы репортаж
09:25 ВОЛЕЙБОЛ. Ерлер командалары арасындағы Азия клубтық чемпионаты. Жартылай финал
11:30 «PRO FOOTBALL». Лига чемпионов, Европы и Конференций УЕФА. 1/2 финал
12:00 Жақсылық Үшкөмпіровті еске алуға арналған турнир
14:30 ФУТБОЛ. УЕФА

Чемпиондар Лигасының шолуы
15:05 «Karate Combat» турнирі
17:05 «Жүлде бұйырмаған жарыс». Арнайы репортаж
17:25 ВОЛЕЙБОЛ. Ерлер командалары арасындағы Азия клубтық чемпионаты. 3 орын үшін матч
19:30 «PRO FOOTBALL». УЕФА Чемпиондар, Европа мен Конференция лигасы. 1/2 финал
20:00 «SPORT REVIEW» ақпараттық-сараптамалық бағдарламасы
20:35 MMA. «ALASH PRIDE 84»
22:40 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының журналы
23:10 ХОККЕЙ. Өлем Чемпионаты. Қазақстан – Словения. Тікелей эфир
01:55 «Азиядағы алыптар айқасы». Арнайы репортаж
02:10 Өнұран

balapan BALAPAN

7:00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Өнұраны
7:05 «Бой сергіт!» ойын-сауықтық бағдарлама
7:15 Анимация: отандық / «Сәби»
7:40 «Джунгли кітабы» Мультхикая.
8:05 «Дуда мен Дада» Мультхикая.
8:30 Анимация: отандық / «Пырақтар»
9:00 «Құтқарушы ойыншықтар» Мультхикая.
9:15 «Өнертапқыш» танымдық бағдарлама
9:25 «Лесси» Мультхикая.
9:50 Анимация: отандық / «Экосарбаздар»
10:00 «Қонжық Расмус» Мультхикая.
10:25 танымдық бағдарлама. «100% қасқыр» Мультхикая.
11:00 «Суретші балапан» танымдық бағдарлама.
11:05 «Трансформерлер: құтқарушы боттар» Мультхикая.
11:30 Анимация: отандық / «Бөпе»
11:40 Анимация: отандық / «Көңілді көкөністер»
12:00 «Байқа, балақай!» танымдық бағдарлама.
12:05 Анимация: отандық / «Ойыншықтар»
12:25 «Аға болғым келеді!» ситком.
12:45 «Ойыншық сақшылар» Мультхикая.
13:00 Тікелей эфир «Кім тапқыр?» интеллектуалдық ойын
13:35 «Достық–жеңілмейтін күш» Мультхикая.
13:55 «Саядан хат» танымдық бағдарлама
14:15 «Джунгли кітабы» Мультхикая.
14:40 «А4» ситком.
15:00 Анимация: отандық / «Сәби»
15:35 «Құтқарушы ойыншықтар» Мультхикая.
15:50 Анимация: отандық / «Экосарбаздар»
16:05 «Өнертапқыш» танымдық бағдарлама
16:20 Анимация: отандық / «Пырақтар»
16:50 «Тәуекел» спорттық бағдарлама
17:15 «Дуда мен Дада» Мультхикая.
17:40 «Үйрен де, жирен!»

танымдық бағдарлама
17:55 «100% қасқыр» Мультхикая.
18:20 «Аға болғым келеді!» ситком.
18:40 Анимация: отандық / «Көңілді көкөністер»
19:00 «Джунгли кітабы» Мультхикая.
19:25 «Лесси» Мультхикая.
19:50 «Қонжық Расмус» Мультхикая.
20:20 «Достық– жеңілмейтін күш» Мультхикая.
20:45 «А4» ситком.
21:05 «Ойыншық сақшылар» Мультхикая.
21:25 «Трансформерлер: құтқарушы боттар» Мультхикая.
21:50 Анимация: отандық / «Бөпе»
22:00 «Әжемнің ертегісі» кешкі ертегі.
22:15 Анимация: отандық / «Трансформер Тұлпар»
22:55 «Саядан хат» танымдық бағдарлама
23:05 Анимация: отандық / «Ойыншықтар»
23:25 «Тәуекел» спорттық бағдарлама
23:55 «Бесік жыры» Өнұран
0:00 Эфирдің жабылуы

ASTANA TV

06.00 «Кішкентай келін» телехикаясы
07.00 «Маша и медведь» Мультфильм
09.00 «Практика» телесериал
10.00 «Қара шаңырақ» телехикаясы
12.00 «Осман» түрік телехикаясы
13.00 «Қара ниет» түрік телехикаясы
15.00 «Ене» үнді телехикаясы
15.35 «Королева игры» телесериал
18.00 «Гольчатай. Ради любви» телесериал
19.00 «Восток-Запад» телесериал
20.00 «Astanatimes»
21.00 «Осман» түрік телехикаясы
21.55 «Тағдыр талқысы» үнді телехикаясы
23.40 «Гольчатай. Ради любви» телесериал
00.45 «Восток-Запад» телесериал

TALIM TV TALIM TV

07:00 Views
08:10 Қышқыл мысқыл
09:00 Балалық шаққа саяхат
09:30 Проза параграфы
09:55 Сау болайық
10:10 Қалақай
10:20 Простатинор
10:30 Бабалар сөзі – өсиет
11:00 «Маңызды мәселе (Архив)» – Қайталау
12:00 Ұлт саулығы
12:20 Ғибратты ғұмырлар
13:24 Dental planet
13:30 Абайдың жолы
14:10 Talim Speakers
14:50 Ұлт саулығы
15:00 «Сырласайық» (Архив) – Қайталау
16:00 «Үлкен үй-6» – телехикая
17:00 Сау болайық
17:10 Айтыс. Алтын қор
17:50 Менің анам, әкем
18:20 Саморазвитие с Маржан-коуч
18:30 «Бабалар сөзі – өсиет»
19:00 Тәлім trend
19:35 Саммари 100 кітап
19:50 Ұлт саулығы
20:00 «Маңызды мәселе (Архив)» – Қайталау
20:54 Dental planet
21:15 Ұлт саулығы
21:30 «Жолсерік» – телехикая
22:30 Автопортрет
22:55 Views

СЕЙСЕНБІ
23 МАМЫР

Almaty TV АЛМАТЫ

6:00 Қорытынды жаңалықтар/Итоговые новости
6:50 Телехикая. Ұлы Селжүктер
7:45 Жаңалықтар/Новости
8:00 Таңғы студия
10:00 Алматы со вкусом
10:15 Мультфильмы
11:30 Мультфильм. Татонка, Джеки Чан
12:40 Үздік әзілдер
13:30 Телехикая.
15:00 Күндізгі жаңалықтар
15:15 Дневные новости
15:30 Женский кино клуб.
17:00 Женский кино клуб.
18:00 Шешімі бар
19:00 Қорытынды жаңалықтар
19:30 Итоговые новости
20:00 Телехикая. Ұлы Селжүктер
21:00 Телехикая.
22:00 Мужское кино.
0:00 Телехикая.
1:00 Қорытынды жаңалықтар/Итоговые новости
2:00 Шешімі бар
2:45 Әмір иірімі
3:25 Дала сазы
3:50 Алматы тұнған тарих
4:10 Алматынские истории
4:40 Алматы кеші
5:55 ҚР Өнұраны

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

6:00 Өнұран
6:05 «Жәдігер»
6:25 AQPAPAT
7:00 «TANSHOLPAN». Таңғы ақпаратты-сазды бағдарлама.Тікелей эфир
10:00 AQPAPAT
10:10 «Жазықсыз жүрек». Телехикая.
(Түркия, 2016 ж.)
12:00 «ӨМІР КӨРКЕМ». Тікелей эфир
13:00 AQPAPAT
13:10 «Біздің сынып». Телехикая. («Qazaqstan» Ұлттық телеарнасы, 2022 ж.) (с субтитрами)
14:20 «Қызық екен...»
15:20 «Тұлға»
16:00 «Ақжауын». Телехикая. («Qazaqstan» Ұлттық телеарнасы, 2021 ж.) (с субтитрами)
17:00 AQPAPAT
17:15 «Ауылдастар»
18:00 «ЖАЗЫҚСЫЗ ЖҮРЕК». Телехикая. (Түркия, 2016 ж.)
20:00 AQPAPAT
20:35 «ASHYQ ALAN». Қоғамдық-саяси ток-шоу. Тікелей эфир.
21:30 «БІЗДІҢ СЫНЫП». Телехикая. («Qazaqstan» Ұлттық телеарнасы, 2022 ж.) (с субтитрами)
22:30 «БАУЫРЛАР». Телехикая. (Түркия, 2021-2022 ж.ж.) (с субтитрами)
23:20 «1001 ТҮН». Қоғамдық бағдарлама. Тікелей эфир
0:30 AQPAPAT
1:05 «Сана»
2:25 «Тұлға»
3:00 «Ауылдастар»
3:30 Өнұран

ХАБАР

05:00 ҚР Өнұраны
05:00 Телесериал. «Вторая жизнь Евы»
07:00 Тікелей эфирде «Оян!»
10:00 «Уәде»
10:30 Мультфильм. «Тролль: история с хвостом»
12:00 Телехикая. «Мелек 2»

14:00 Тікелей эфирде «АйнаLine»
15:00 Телевикторина. «Бегом за деньгами»
16:00 Телесериал. «Вторая жизнь Евы»
18:00 Новости.
18:20 Ток шоу. Итоги
19:00 Қорытынды жаңалықтар.
19:20 Ток шоу. Біздің мақсат
20:00 Телехикая. «Мелек 2»
21:45 Телехикая. «Келінжан 4»
23:00 «Ұйқым келмейді»
Тікелей эфир!
00:00 «Дүлдүлдер дүбірі»
01:00 ҚР Өнұраны

31-КАНАЛ

05.58 ҚР ӨНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студия
06.30 What's up?
07.00 Информбюро
08.00 Мультсериал «Ұлы жауынгер»
08.10 «31 әзіл»
09.00 «Жапырақтар төгілгенде» түрік телехикаясы
10.00 «Ұшқан ұя» түрік телехикаясы
11.00 «Құнсыз келін» үнді телехикаясы
12.10 Мультсериал «Маша и медведь»
13.30 Мультсериал «Команда «Мстители»
14.00 КИНО. «Рэмбо 4»
16.00 КИНО. «16 кварталов»
18.00 КИНО. «Драконы навсегда»
20.00 Информбюро
21.00 КИНО «Снегоуборщик»
23.40 «Жапырақтар төгілгенде» түрік телехикаясы
00.20 «31 әзіл»
01.00 Индийский сериал «Анупама»
01.40 What's up?
02.30 Әзіл студия
03.50 1001 Әзіл
04.00 BALA BATLLE
04.30 What's up?
05.00 Ризамын

ЕВРАЗИЯ

6:00 «КЕШКІ КЕЗДЕСУ» бағдарламасы
7:00 «П@УТИНА» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10:00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»
10:50 «МУЖСКОЕ/ЖЕНСКОЕ»
11:35 «НА САМОМ ДЕЛЕ»
11:35 «ТРЕЙДЕР». Многосерийный фильм
13:15 «ТАТЬЯНИН ДЕНЬ». Многосерийный фильм
14:10 «НОВОСТИ»
14:20 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы.Тікелей эфир
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMİZ» бағдарламасы
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:35 Премьера. Филипп Азаров, Борис Бедров в многосерийном фильме «КРЕПКИЕ ОРЕШКИ». НОВЫЙ СЕЗОН
0:05 Премьера. Михаил Гаврилов, Сергей Пускепалис, Агния Дитковските в многосерийном фильме «ТРЕЙДЕР»
1:10 Ночной кинотеатр. «ФУРЦЕВА. ЛЕГЕНДА О ЕКАТЕРИНЕ»
2:15 «НОВОСТИ»
2:20 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
2:30 «KÖREMİZ» бағдарламасы
3:15 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»

3:40 «П@УТИНА» бағдарламасы
До 4:30



7-КАНАЛ

06:00 Т/п «Қуырдақ»
07:10 Т/х «Ата-ана. Бала-шаға»
07:30 Т/п «Айна Online»
08:00 Jaidarman
09:00 Т/с «Что делает твоя жена?»
11:00 Т/с «Гости из прошлого»
12:30 Т/с «Женский доктор»
14:30 Ток -шоу «Қыздар-ай»
15:40 Т/х «Шырғалаң тағдыр»
17:00 Т/с «Семейные узы»
18:00 Т/с «Что делает твоя жена?»
20:00 Т/с «Гости из прошлого»
21:00 Т/х «Аппак келін»
21:30 Т/х «Шырғалаң тағдыр»
22:30 Т/х «Қанатсыз құстар»
23:30 Т/х «Полешеевтер»
00:10 Т/х «Ата-ана. Бала-шаға»
00:40 Т/п «Айна Online»
01:15 Jaidarman
02:00 Т/п «Тамаша 7 км»
02:45 Т/х «Япырай»
03:40 Т/п «Жеңіп көр»
05:10 Т/п «Қуырдақ»



KTK

07.00 ҚР ӨНҰРАНЫ
07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
07.30 «ЕРІКСІЗ МАХАББАТ», корей телехикаясы. Тұсаукесер! С субтитрами на русском
08.00 «ЖҮРЕГІМНІҢ ИЕСІ». Өзбек телехикаясы. С субтитрами на русском
09.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (повтор)
09.40 «БЫЛО ДЕЛО»
10.30 «МЕТОД МИХАЙЛОВА», остросюжетная драма (повтор) (худ.сериал)
12.30 «БОЛЬШОЕ НЕБО», мелодрама (повтор) (худ.сериал)
15.00 «ЕКІНШІ ӘЙЕЛ», өзбек телехикаясы.
17.40 «ӨТКЕН КҮНДЕР», өзбек телехикаясы. Тұсаукесер! С субтитрами на русском
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу. Жаңа маусым!
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.40 «БОЛЬШОЕ НЕБО», мелодрама (худ.сериал)
00.00 «МЕТОД МИХАЙЛОВА», остросюжетная драма (худ.сериал)
01.40 «БЫЛО ДЕЛО» (повтор)
02.25 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу (қайталау)
03.10 «ӨТКЕН КҮНДЕР», өзбек телехикаясы (қайталау)
04.30-
05.00 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

07:00 Өнұран
07:05 ФУТБОЛ. УЕФА Еуропа Лигасының шолуы
07:55 ХОККЕЙ. Әлем Чемпионаты. Қазақстан – Словения
10:35 «SPORT REVIEW» ақпараттық-сараптамалық бағдарламасы
11:05 ВОЛЕЙБОЛ. Ерлер командалары арасындағы Азия клубтық чемпионаты. Финал
13:05 «PRO FOOTBALL». УЕФА Чемпиондар, Еуропа мен Конференция лигасы. 1/2 финал
13:45 «Karate Combat» турнирі
15:45 «Жүлде бұйырмаған жарыс». Арнайы репортаж
16:05 Дзюдодан Әлем

Чемпионатының шолуы
17:10 «PRO FOOTBALL». Лига Чемпионов, Европы и Конференций УЕФА. 1/2 финал
17:50 Бокстан Әлем Чемпионатының шолуы
19:05 «Азиядағы алыптар айқасы». Арнайы репортаж
19:25 «SPORT REVIEW» ақпараттық-сараптамалық бағдарламасы
19:55 ФУТБОЛ. U-17 қыздар арасындағы Еуропа чемпионаты. Жартылай финал. Тікелей эфир
21:55 ФУТБОЛ. U-17 қыздар арасындағы Еуропа чемпионаты. Жартылай финал. Тікелей эфир
23:55 ФУТБОЛ. U-20 жастар арасындағы футболдан Әлем чемпионаты. Өзбекстан - Жаңа Зеландия. Тікелей эфир
02:00 «Баскетболдағы бәсеке». Арнайы репортаж
02:25 Өнұран

balapan BALAPAN

7:00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Өнұраны «Қане, бізге қосыл!» ойын-сауықтық бағдарлама
7:05 Анимация: отандық / «Сәби»
7:40 «Джунгли кітабы» Мультхикая.
8:05 «Дуда мен Дада» Мультхикая.
8:30 Анимация: отандық / «Тотықұстар»
9:00 «Құтқарушы ойыншықтар» Мультхикая.
9:15 «Аспаз мектебі» танымдық бағдарлама
9:25 «Лесси» Мультхикая.
9:50 Анимация: отандық / «Экосарбаздар»
10:00 «Қонжық Расмус» Мультхикая.
10:25 «Күмбір live» танымдық бағдарлама
10:35 «100% қасқыр» Мультхикая.
11:00 «Алтын сақа» танымдық бағдарлама.
11:05 «Трансформерлер: құтқарушы боттар» Мультхикая.
11:30 Анимация: отандық / «Балақайлар»
11:40 Анимация: отандық / «Көңілді көкөністер»
12:00 «Жан-жануарлар әлемі» танымдық бағдарлама.
12:05 Анимация: отандық / «Ойыншықтар»
12:25 «Галактикадағы сайыс» интеллектуалдық ойын.
12:45 «Ойыншық сақшылар» Мультхикая.
13:00 Тікелей эфир «Кім тапқыр?» интеллектуалдық ойын
13:35 «Достық–жеңілмейтін күш» Мультхикая.
13:55 «Қос алқа» танымдық бағдарлама
14:15 «Джунгли кітабы» Мультхикая.
14:40 «А4» ситком.
15:00 Анимация: отандық / «Сәби»
15:35 «Құтқарушы ойыншықтар» Мультхикая.
15:50 Анимация: отандық / «Экосарбаздар»
16:05 «Аспаз мектебі» танымдық бағдарлама
16:20 Анимация: отандық / «Тотықұстар»
16:50 «Тәуекел» спорттық бағдарлама
17:15 «Дуда мен Дада» Мультхикая.
17:40 «Алтын сақа» танымдық

бағдарлама.
17:45 Анимация: отандық / «Жұлдыздар әлемі»
17:55 «100% қасқыр» Мультхикая.
18:20 «Галактикадағы сайыс» интеллектуалдық ойын.
18:40 Анимация: отандық / «Көңілді көкөністер»
19:00 «Джунгли кітабы» Мультхикая.
19:25 «Лесси» Мультхикая.
19:50 «Қонжық Расмус» Мультхикая.
20:20 «Достық–жеңілмейтін күш» Мультхикая.
20:45 «А4» ситком.
21:05 «Ойыншық сақшылар» Мультхикая.
21:25 «Трансформерлер: құтқарушы боттар» Мультхикая.
21:50 Анимация: отандық / «Балақайлар»
22:00 «Әжемнің ертегісі» кешкі ертегі.
22:15 Анимация: отандық / «Ертемір»
22:55 «Қос алқа» танымдық бағдарлама
23:05 Анимация: отандық / «Ойыншықтар»
23:25 «Тәуекел» спорттық бағдарлама
23:55 «Бесік жыры» Өнұран
0:00 Эфирдің жабылуы



ASTANA TV

06.00 «Кішкентай келін» телехикаясы
07.00 «Маша и медведь» Мультфильм
09.00 «Практика» телесериал
10.00 «Қара шаңырақ» телехикаясы
12.00 «Осман» түрік телехикаясы
13.00 «Қара ниет» түрік телехикаясы
15.00 «Ене» үнді телехикаясы
15.35 «Королева игры» телесериал
18.00 «Гольчатай. Ради любви» телесериал
19.00 «Восток-Запад» телесериал
20.00 «Astanatimes»
21.00 «Осман» түрік телехикаясы
21.55 «Тағдыр талқысы» үнді телехикаясы
23.40 «Гольчатай. Ради любви» телесериал
00.45 «Восток-Запад» телесериал



TALIM TV

07:00 Syrym story
07:40 Руханият
08:10 Қазақ спортының классикасы
09:00 «Сырласайық» (Архив) – Қайталау
09:55 Сау болайық
10:10 «Ерте, ерте, ертеде...» – Балалар уақыты
10:20 Простатинор
10:30 Балалар сөзі – өсиет
11:00 Пруст сауалнамасы
11:30 Семейный доктор
12:00 Ұлт саулығы
12:20 Өнер қырандары
13:24 Dental planet
13:30 Бір дубль
14:50 Ұлт саулығы
15:00 «Сырласайық» (Архив) – Қайталау
16:00 «Жолсерік» – телехикая
17:00 Сау болайық
17:10 Views
18:20 Оңіле
18:30 «Балалар сөзі – өсиет» – Терме
19:00 Емен жарқын
19:35 По душам
19:50 Ұлт саулығы
20:00 «Маңызды мәселе (Архив)» – Қайталау
20:54 Dental planet
21:15 Ұлт саулығы
21:30 «Жолсерік» – телехикая
22:30 Orkeni style
22:55 Views



СӘРСЕНБІ
24 МАМЫР



Almaty TV АЛМАТЫ

6:00 Қорытынды жаңалықтар/Итоговые новости
6:50 Телехикая. Ұлы Селжүктер
7:45 Жаңалықтар/Новости
8:00 Таңғы студия
10:00 Алматы со вкусом
10:15 Мультфильмы
11:30 Мультфильм. Татонка, Джеки Чан
12:40 Үздік әзілдер
13:30 Телехикая.
15:00 Күндізгі жаңалықтар
15:15 Дневные новости
15:30 Женский кино клуб.
17:00 Женский кино клуб.
18:00 Шешімі бар
19:00 Қорытынды жаңалықтар
19:30 Итоговые новости
20:00 Телехикая. Ұлы Селжүктер
21:00 Телехикая.
22:00 Мужское кино.
0:00 Телехикая
1:00 Қорытынды жаңалықтар/Итоговые новости
2:00 Шешімі бар
2:45 Өмір иірімі
3:25 Дала сазы
3:50 Алматы тұнған тарих
4:10 Алматинские истории
4:40 Алматы кеші
5:55 ҚР Өнұраны

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

6:00 Әнұран
6:05 «Жәдігер»
6:25 AQPAPAT
7:00 «TANSHOLPAN». Таңғы ақпаратты-сазды бағдарлама. Тікелей эфир
10:00 AQPAPAT
10:10 «Жазықсыз жүрек». Телехикая. (Түркия, 2016 ж.)
12:00 «ӨМІР КӨРКЕМ». Тікелей эфир
13:00 AQPAPAT
13:10 «Біздің сынып». Телехикая. («Qazaqstan» Ұлттық телеарнасы, 2022 ж.) (с субтитрами)
14:20 «Қызық екен...»
15:10 «Тіршілік»
15:35 «Өзекті»
16:00 «Ақжауын». Телехикая. («Qazaqstan» Ұлттық телеарнасы, 2021 ж.) (с субтитрами)
17:00 AQPAPAT
Қонаевтың қолтаңбасына қатысты ой жетегінде жүргенде, біраз уақыттан соң қолыма екінші фотосурет түсті. Ұлы тұлға мен талантты ақынды жүздестірген байланыс кілтінің бір ұшы көрінгендей болды. Бұл суретте Қонаевтың оң жағында отырған белгілі фольклортанушы, айтыс өнерінің жанашыры Мардан Байділдаев. Таныс бейне. Содан «осы Қайрат айтыс туралы көп жазушы еді ғой» деп газет тігінділерін ақтардым. Сарғайған газет тігінділерінде қатталған жазбаларға үнілген сайын менің пазлым да жинала бастады...

1990 жылы Қайрат Әлімбек «Алматы ақшамы» газетінде қызмет етті, осы басылым ашылған күннен ыстық-суығын бір кісідей көрген, өзі де журналист ретінде шыңдалған еді.

1990 жылғы «Ақшамның» 21 тамыздағы санында «Айтыстағы ақ тілек бойынша» айдары тағылып, «Жадымыздан өшпейтін жүздесу» деген мақала және Мардан ағамыздың Дінмұхамед Қонаевқа шапан жауып, кілемшені сыйға тартқан фотосуреті басылған екен. Кадрға Қонаевтың комиссары Аманкелді Шабдарбаев пен шетелдік қонақтардың бірі іліккен. Репортаж авторы Қайрат Әлімбеков, суретті түсірген Жүсіп Ерғалиев. Менің қолымдағы фотосурет сол күні түсірілгені айдан анық. Қонаевтың оң жағында Мардан Байділдаев пен Қайрат досым, ал сол жақтағы журналистиканың майталманы, көсемсөз шебері Серік Әбдірайымұлы және комиссар Аманкелді Шабдарбаев. Мардан ағаның төс-белгісі де суреттің бір қолдан шыққандығын айғақтап тұр...

Мақала суреттер сырын тарката бастады, бірінші сөйлемде-ақ «Өткен сенбіде республикалық айтысқа қатысқан бір топ шетелдік отандастарымыз халқымыздың ардақты ұлы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевқа барып сәлем берді» деп басталады. 90-жылдың 18 тамызы, сенбі күні болған екен. Алты күнге созылған III республикалық айтыстың қорытындысы шыққан күн. Қонаевтың сыйға фломастермен жазған «18/8-90 г.» дерегі деп түсіп тұр.



Кемеңгер тұлғадан сұхбат алу сәті, 1991 жыл.

ҚОНАЕВТЫҢ ҚОЛТАҢБАСЫ

Қазақ мемлекеттігінің айбыны, ұлт ардақтысы Димаш ағамыз – Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың өзі «Қайратқа!» деп қолтаңбасын қалдырған осы сурет қолыма тигенде, «мұнда не сыр бар?» деген ынтызарлық пайда болды. Құрмет жасап отырған Қайраты менің досым, курстасым, талантты ақын, журналист, «Алматы ақшамының» ізашарларының бірі – Қайрат Әлімбек. Өкінішке орай, осыдан 17 жыл бұрын жол апатына түсіп, досымыздан көз жазып қалған едік...

Өз мақаласында Қайрат бірден «халық ұлдарының, ел ағаларының тағдыры» маңыздылығын қозғап, соңғы жылдары орын алған әділетсіздіктер мен көпе-көрнеу бұрмалауларды мінсиді. «Бақандай үш жыл бойы әрі-сәрі күй кешкен Дінмұхамед ақсақалға» соңғы партия съезінде лайықты бағасын берді дей келе, үнсіздіктің сені бұзылғанын тілге тиек етеді және соны тарқатып береді. «86-ның желтоқсаны» ызғарынан соң «Ең алғаш ол кісінің есімі биылғы «Наурыз-айтыста» жырға қосылып, жұрт ду қол шапалақтаған» дей келе, «Кеше ғана астанада дүркіретіп өткен III республикалық айтыста әділқазылар алқасының мүшесі, фольклорист-ғалым М.Байділдаев өзіне түркиялық қазақтар жапқан шапанды жұртшылық алдында Дінмұхамед ақсақалға ел құрметі ретінде ұсынатынын айтқан еді» деп тұжырымдайды. Сөйтіп, Мардан аға бастап, шетелдік жеті қандасымыз Димекеннің қабылдауында болады. Осы басқосу туралы автор: «Сыртқы келбеті «енсегей бойлы Ер Есімді» еске салатын ардагер қарт қонақжай болып шықты. Ашық-жарқын амаңдасудан кейін-ақ ол өзінің кішіпейілдігімен арыстандай айбарлы, айбынды адам екендігін «ұмыттырып» жіберді. Біз бейнебір туған ағамызға келгендей ерекше еркіндік сезіндік» деп тағылымды кездесудің көңіл ауанын жеткізеді. «Ақсақал дәстүр бойынша алыстан келген ағайындармен танысып, ол жақтағы ел амаңдығын, туысқандардың жай-күйін сұрады» деп арада болған әңгімені тарқатып береді. Журналист «Біздің әйгілі ел ағасы Дінмұхамед Ахметұлымен кездесуіміз осылайша жарасты аяқталды. Алыстан көрінген тау жақындай келе асқақтай түсетіні рас екен» деп ой қорытады.

Шағын мақала көп жайды жеткізгенімен, оның қамту шекарасы әлдеқайда кең, тамыры терең, астарлы ой да, салмақты саясат та аңғарылады. Енді сол себеп-салдарға тоқталып, алғышарттарына тереңдеп көрейік. Қонаевтың сол күні журналист Қайратқа ерекше ілтипат білдіріп, ықылас танытқанын мен «Алматы ақшамы» газетіне, оның журналисіне деген құрмет деп бағаладым. Мардан ағаның Қайратты талантты ақын, айтыстың насихатшысы деп таныстыруы бек мүмкін! Бәрі келіп, Айтыс төңірегінде тоғысады.

1990 жылы аймақтық (студенттікті айтпағанда) екі айтулы айтыс өтті. Наурыз мерекесі мемлекеттік (Өзбекәлі Жәнібековтің еңбегі), бұқаралық сипат алып, бір ай бойы тойланды. Соның шеңберінде 5-8 сәуір күндері қазіргі Республика сарайында «Наурыз» айтысы ұйымдастырылды, оған небір дүлдүлдер қатысып, сөз өнерін биікке көтерді, телевизиялық түсірілім болды. Халықтың ықыласы ерекше болып, бір желпініп қалды, төрт күн бойы үлкен сарайда ине шаншар орын табылмады. Осы күндердің бірінде Қостанай облысының ақыны Қонысбай Әбілов пен алматылық Ерік Асқаров айтысқа

түседі. Орайы келгенде Ерік ақын Алматының жайын айтып келіп:

«Алматым талайларға арман қала,
Көзінде көп жұлдызы жанған қала.
Душпаны не десе де о десінің,
Жайнатып Димаш ағам салған қала.
Осы сөз маған сор боп тиер ме екен,
Біреулер байбалам сап күйе ме екен.
Сонда да ел-жұртыма ризамын,
Ағасын әлі күнге сүйеді екен», – деп ақтарылады. Жұрт ұзақ қол шапалақтап, дүрлігіп, орындарынан тұрып кетеді. Қарсылас әріптесін Қонысбай ақын да қоштап:

«Біреулер жаман науқан ашқан еді,
Кеудесін ағамыздың баспақ еді.
Мен неге айта алмаймын Торғайымды –
Кезінде Димаш ағам ашқан еді.
Жағдайды, інішегім, байқадым көп,
Өкініп талай басты шайқадым кеп.
Өмірі еш жамандық көргенім жоқ,
Алғыстан басқа ағаға айтарым жоқ», – деп, заматта суырып салып, Димекене жылы көзқарасын білдіреді.

Залда осы ахуалды сезініп, сүйсініп



III республикалық айтыстан соң Қонаевқа қонақта: «Алматы ақшамы» газетінің журналисі Қайрат Әлімбеков, фольклортанушы-ғалым Мардан Байділдаев, Дінмұхамед Қонаев, публицист Серік Әбдірайымұлы және комиссар Аманкелді Шабдарбаев, 1990 жылдың 18 тамызы.

отырған Қайрат жеделғабыл айтыс мәтінін газетке даярлап, «Парасат жарасады шын ақынға» деп тақырып қойып, «Ақшамға» жариялап жібереді.

Сөйтіп, 1990 жылы сәуір айында Айтыс төрінде және «Ақшам» бетінде халқы сүйікті ұлы Дінмұхамед Қонаевпен қайта қауышады. Соңғы үш жылда айтылған ғайбаттар, пышпыш әңгіме әдірем қалады. Соған досым Қайраттың дәнекер болғанын, журналистік кәсібіне адалдығын, ал «Алматы ақшамы» газетінің тәуелсіздігіміздің елең-алаңындағы сол бір аумалы-төкпелі заманда-ақ халқының «көзі, құлағы һәм тілі» бола білгендігін айтқан жөн.

«Наурыз айтыстың» дүмпуі Таразға да жетеді. Жамбыл облыстық «Ақ жол» газеті 11 сәуірдегі санында «Д.Қонаевтың не кінәсі бар?» деген тақырыппен еңбек ардагері, қарт педагог Ә.Садықбековтың хатын жариялайды. Бір айдан соң үнқату ретінде 11 адамның пікірі де жарық көреді. Осы газетті алып, журналист Қыстаубай Байтуов Алматыға келеді. Ол кісінің естелігінде үш күн есігін күзетіп жүріп, Димекен жолыға алғандығы айтылады. 14 маусымда облыстық газет шағын сұхбатты жариялап, Қонаевтың дін аман қоныр тіршілігінен елді құлағдар етеді. Айтыс өткен күннің ертеңіне Қ.Байтуов Димаш Ахметұлына қайта жолығып, көлемді сұхбатын «Ақ жолда» 5 қыркүйекте жариялайды.

Елді елең еткізген жарияланым «Қазақ әдебиеті» газетінде 10 және 17 тамыз күндері жарыққа шығады. Айқарабеттік сұхбатты алған белгілі журналист Серік Әбдірайымұлы болатын. Тақырып Қонаев сөзімен «Ақиқат айтылмай қалмайды» деп аталды. Осы сұхбатты бірнеше облыстық газеттер көшіріп басты. Ал Серік ағамыз Димекен өмірінің

соңғы жылдары қасында жүріп, ұлы тұлғаның көптеген естеліктерін жарыққа шығарды.

Қайрат Әбдіраманұлы 1991 жылдың көктемінде жастар басылымы – «Өркен» газетіне қызметін ауыстырады. Қазақтың тағы бір аяулы ұлы Алтынбек Сәрсенбаев газеттің бас редакторы, оның орынбасары Бейбіт Исабаев (қазір Жетісу облысының әкімі) еді. Бұл «Өркеннің» нағыз өркендеп тұрған шағы болатын. Кейіннен Қайрат бас редактордың орынбасарлығына тағайындалды. Бас редактор іссапарда жүргенде жауапкершілік жүгін арқалап, жекелеген газет нөмірлерінің жарыққа шығуына қол да қойды.

Жалпы, Қайрат Әлімбек қазақ журналистикасының дамуына, қалыптасуына өзі жұмыс істеген «Лениншіл жас», «Алматы ақшамы», «Өркен» газеттері, «Қазақ радиосы» арқылы зор үлес қосқан тұлға.

Ол Димаш Ахметұлымен кейін де бірнеше рет кездеседі, ол кісінің естеліктерінің қазақ тілінде жарыққа шығуына көп қолғабысын тигізді. «Өркен» газеті 1991 жылы 13 сәуірде Қонаевқа қатысты 2 материалды «Совершенно секретно» басылымынан ықшамдап аударып бергені бар. Оның бірі – Димаш Ахметұлының «Көптің көңілінен шығу қиын» атты естелігі, екіншісі ақын Олжас Сүлейменовтің «Сұлбалармен тұлғалар ғана тіресе алады» атты көсемсөзі.

Д.А.Қонаев өз естеліктерін орыс тілінде жазғаны белгілі. Оның «О моем времени» атты мемуарын «Простор» журналы 1991 жылдың қазан айындағы санынан бастап жариялай бастайды.

«Өркен» газетінде 1991 жылдың 29 қазанында «Д.А.Қонаев: Ақиқатты әрлеудің қажеті жоқ...» атты тақырыппен айқарабеттік естеліктері жарияланады. Сонына «Халқымыздың ардақты ұлы, көрнекті мемлекет қайраткері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың «Менің кезеңім хақында» атты естелік-мемуарынан алынған бұл үзіндінің алғашқы жар салуы «Өркенде» болғанымен, толыққа жуық жарияланым «Парасат» журналының 10-шы нөмірінде басталады да келесі жылға созылады» деген түйінсөз береді. Бұған Қайрат Әлімбектің қатысы барлығын дәлелдейтін үшінші суреттің «Парасат» журналының 1992 жылғы маусым айындағы санында Қонаев естелігінің ортасын ойып берілуі. Оған «Тілшімен тілдесуге де уақыт керек» деген мәтін беріледі. Сол тілшіміз – менің Қайратым, қайран досым!

Осылай үш суреттің де сыры белгілі болды. Бұл жолдар Қайрат Әлімбектің жедел жұмыс істейтін, уақыт тынысын сезінетін, халқына өте жақын журналист екендігін дәлелдеп тұр. Басқа да шеберлік қырларына жеке тоқталармыз. Ал ақындық талантына баға берілген біршама жарияланымдар баршылық. Ақынның таңдаулы жырлары «Жыр маржаны» атты он томдық қазақ поэзиясының антологиясына (7 том, 2015) енгізілген. Алдағы уақытта да Қайрат Әлімбек туралы тұшымды дүниелер жазылары хақ. Өйткені, тұлғатануда, белгілі бір үрдістерге баға беруде айтылған деректердің маңызы бар. Адамдар бір-бірінің қадірін білсе, сыйласса екен! Бұл Қайраттың ғана емес, жалпы журналистиканың кредосы!

Аязби АҚБЕРГЕНҰЛЫ,
журналист, ХАТУ профессоры.



● ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

ЖАСАНДЫ СҰЛУЛЫҚ

Бет-әлпетті өзгертудің құны қанша?

Қазір сұлулық индустриясы күн санап дамып келеді. Елімізде пластикалық ота жасатқысы келетіндер қатары да азаймай тұр. Бірақ адам қолымен жасалатын сұлулық қаражатты талап ететіндігі белгілі. Алайда, табиғат бермегенді ақшаға жасатып аламын деу қаншалықты дұрыс? Біз бүгінгі тақырыпта жасанды сұлулық мәселесіне тоқталғанды жөн санадық.

Адам өміріне өте қауіпті

Қазақстанда 20 жыл бұрын эстетикалық медицина нарығы мүлдем жоқ еді. Мәселен, 2015 жылдың аяғында ел бойынша 50-ден аса пластикалық хирург болса, қазіргі кезде арнайы сертификатқа ие хирургтардың саны мыңға жетіп қалыпты. Мамандардың пікірінше, еліміздегі ең танымал пластикалық операциялар қатарына қабақты хирургиялық жолмен өзгерту мен омырау пішінін үлкейту кіреді екен. Оның үстіне, біздегі пластикалық хирургия нарығы бәсекеге қабілетті, ота жасау бағасы да қалтаға ауыр салмақ салмайтын көрінеді. Мәселен, айнала блефаропластика жасату (қабақ пішінін өзгерту – қазақстандықтардың көп жасататын отасы) Корея Республикасымен салыстырғанда, әлдеқайда арзан. Аталмыш ота үшін ол жақта 3 мың доллар сұраса, Қазақстанда 700 долларға жасатуға болады. Егер Ресеймен салыстырсақ, бағада аса үлкен айырмашылық жоқ. Ең танымал операциялардың бірі – маммопластика (омырау пластикасы) туралы айтар болсақ, қандай имплантанттар қолданылғаны мен отаның күрделілігіне байланысты, баға 2-3 мың доллар аралығында тербеліп тұрады екен. Германияда мұндай ота 5-6 мың доллар тұрса, ал Кореяда 10 мың доллардан басталады.

Бірақ біз бір нәрсені ұмытпауымыз керек. Кез келген пластикалық операцияның адам өміріне өте қауіпті. Кезінде пластикалық операцияны жасатудан алдына жан салмаған америкалық поп-жұлдыздардың бірі Майкл Джексон ақыры соның зардабын тартып қайтыс болды. Мұрнына жасалған кезекті операция кезінде тері астына кіріп кеткен қауіпті инфекция әншінің беті мен денесіне қауіп төндірді. Мамандар дертті емдеуге дәрі-дәрмектердің қауқары жетпейтінін мойындап, әлемдегі ең бай поп-жұлдыздың өзі өмірімен қош айтысты.

Қайғылы жағдайлар көбейген...

Мұндай жағдайлар біздің елімізде де аз орын алған жоқ. Осыдан екі-үш жыл бұрын кеудесіне пластикалық ота жасатқан алматылық әйел көз жұмды. Әйел белгілі бір косметология орталығы базасындағы операция кезінде пайда болған дірілдеуі синдромымен ауруханаға түскен. Оған жергілікті анестезия беріп, үрпіні қалыптастырып жетілдіретін операция жасалған. Көз жұмған әйел 30 жаста еді, аты – Лаура. Отбасындағы жалғыз кыз екен.

Тіпті өткен жылы Ташкентте пластикалық операция жасатқан қазақстандық әйел қаза тапты. Ол 43 жаста болған. Қазақстандық әйел Ташкентте ринопластика жасаған, яғни мұрынның деформациясын және мұрынның қисықтығын түзеткен. Операциядан кейін біраз уақыттан соң әйел күрт нашарлады. Ол Республикалық жедел медициналық жәрдем ғылыми орталығына сараптамаға жіберілді, бірақ оны құтқару мүмкін болмады. Науқас реанимацияда қайтыс болды.

Айта берсек, мұндай оқиғалар жетіп-артылады. Бірақ пластикалық операция жасатушылардың көбісі операциядан соң нәтижеге көңілі тол-



маса да жариялылықтан қорқып, үнсіз қалуды жөн санайды. Сондықтан «токал ешкі мүйіз сұраймын деп жүріп, құлағынан айырылыпты» дегендей, шектен тыс сәнқойлыққа ұрынар алдында жүз ойланып, мың толғанғанның артықтығы жоқ.

Әдеміліктің құны қанша?

Мәселен, ең танымал деген ота түрлерінің құнын қарастырып көрсек, «AMIRA» пластикалық хирургия және косметология клиникасында жоғары қабаққа блефаропластика жасату – 150 000 теңге, төменгісі – 190 000 теңге, айналма блефаропластика – 300 000 теңге, қабақты еуропаландыру – 170 000 теңге, трансконъюнктивтік блефаропластика – 150 000 теңге тұрса, липосакция құны 350 000 мыңнан басталып, 600 000 теңгеге жетеді, ал ринопластика бағасы 350 000 – 850 000 теңге аралығында, мұрын ұшын өзгерту 150 000 теңге тұрады, бетке толық лифтинг жасату – 820 000 – 1 180 000 теңге аралығында.

Ең танымал пластикалық ота – блефаропластика (қабақты хирургиялық жолмен өзгерту, оған көз пішінін өзгерту, жасқа байланысты өзгерістер мен қабақтың кем-кетігін жою кіреді). Еліміз бойынша оның құны 80 мың теңгеден басталып, отаның күрделілігіне байланысты 350 мыңға дейін жетеді. Орташа құны – 200–300 мың теңге аралығында.

Қазақстандық қыз-келіншектер құп көретін тағы бір ота – липосакция құны – 100–350 мың теңге. Бетті жасарту оталарының бағасы 500 мыңнан басталып, 2 миллион теңгеге дейін жетеді. Құлақ қалқанының кем-кетігін түзету (отопластика) құны – 150 мың теңгеден басталады. Ал ринопластика жасату құны 150 мыңнан басталып, 1 миллионға жетіп жығылады. Маммопластика жасатуға 500 000 – 2 000 000 теңге қажет болса, іш майын алу (абдоминопластика) 500 мыңнан 1,3 млн теңгеге дейін барады. Бөксені өсіру 1 млн теңге тұрады.

Дәрігерлік ескерту

Бірінші, клиниканы емес, тәжірибелі дәрігерді таңдаңыз. Есіңізде болсын, ең жақсы хирург оның сертификаттарының санымен емес, ол жасаған операциялардың санымен бағаланады. Тіпті, жақын таныстарыңыздың ұсынысына да құлақ түргеніңіз абзал.

Екінші, шыншыл болыңыз. Операция кезінде

барлық созылмалы аурулар қосымша асқынуларға соқтыру ғажап емес. Бұл туралы хирургке алдын ала ескертіп, өз ағзаңыздың әлсіз жерлері туралы ашық айтып беріңіз.

Үшінші, тексеруден өтіңіз. Күтпеген жағдайлардың орын алмауы үшін операция алдында: бүйрек, жүрек, бауыр сияқты мүшелерді тексерту керек. Қан сараптамасын міндетті түрде тапсырыңыз.

Төртінші, дәрігер нұсқауын орындаңыз. Айталық, таңғыш пен денені қалыпты ұстап тұруға арналған тартқыштарды хирургтың рұқсатымен шешкен жөн. Ал дәрігер тағайындаған препараттарды қабылдау оң әсерін тигізетінін есте сақтаңыз.

Шариғат не дейді?

Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы қызметкерлерінің айтуынша, пластикалық ота жасату бұл шариғат бойынша Жаратқанның дегеніне қарсы шығу, Алланың бермегенін тартып алу болып саналады. Сондықтан мұсылман баласы үшін бұл харам дүние. «Егер құлағыңыз естімейтін болса, оны естірту үшін операция жасатуға болады. Алайда, естіп тұрған құлақты әдемілеймін деп тыраштану күпірлік», – дейді имамдар.

Ерікті (косметикалық) хирургия, бұл – адамның өз еркімен әдемі көріну мақсатында жасалатын ота. Бұның өзі пішінін өзгерту және жасарту болып екіге бөлінеді. Бірінші түріне мұрынның пішінін өзгерту, иекті түзету, омырауды үлкейту немесе кішірейту, отопластика (құлақ қалқандарын түзету), ота арқылы ішті тарту (абдоминопластика) т.б. жатады. Ал екіншісіне бетті тартып, әжімін кетіру, қабақты лазермен тарту тәрізді әсемдік үшін немесе табиғи керілікті жасыру мақсатында жасалатын оталар жатады. Бірқатар ғалымдар пластикалық отаның аталмыш түрлеріне тыйым салған. Өйткені, ол жаратылысты өзгертумен тең. Алла Тағала мұндай өзгертулерді харам еткен. Абдулла ибн Масғұд (р.а.) Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай деп айтқандығын риуаят етеді: «Алла Тағала денеге сурет салушыны, сурет салғызғанды, қас терушіні, қас тергізгенді, әдемі көріну мақсатында тістерінің арасын ашқандарды, Алланың жаратылысын өзгерткендерді лагнеттеді». Сондай-ақ, отаның бұл түрі алдамшылықты, көзбояушылықты қамтыған. Ал бұлар шариғатымызда харам етілген. Егер көзбояушылық және Алланың әуелгі табиғи жаратқан бейнесіне өзгеріс енгізу мақсаты болса, оған шариғатымызда қатаң түрде тыйым салады.

● ТҮЙІН:

Дегенмен, әлгінде айтқанымыздай, кез келген ота адам өміріне қауіп төндіреді. Сондықтан бойдағы кемшілікті өзгертуге асықпаған жөн. Себебі, статистикаға сәйкес, пластикалық түзету жағдайларының 2–5%-ында операциядан кейінгі асқынулар пайда болады. Мұны дәрігерлер де қуаттайды. Пациентке жасалатын барлық ота түрлері тәуекелге барумен тең. Ал операциядан кейінгі ең көп таралатын асқынулардың ақыры өкінішпен аяқталып жатады.

● ОҚШАУ ОЙ

АЖЫРАСҚАН
ЖАҒДАЙДА

бала тек өз жұртында қалуы тиіс

Елімізде ажырасушылардың саны жылдан-жылға ұлғайып барады. Қазақстанда бір жылда 50 мыңнан аса жұп екіге айырылады екен.

Осы орайда ата-анасы некені бұзған кезде, баланы кіммен қалдыру мәселесі – ең күрделі жайттардың бірі. Әдетте кәмелет жасына толмаған жеткіншектердің барлығы дерлік анасына қалдырылады.

Бүгінгі күні ажырасу процесі кезінде әкелер белсенді түрде балаларын тәрбиелеуге құқылы екенін дәлелдеуге тырысып, балаларын өздерінде қалдырғысы келсе де, сот тек бір жақты шешім шығаратыны жасырын емес. Бұл, негізі, Кеңес Одағы кезінде тәжірибеге сүйене отырып қабылданған заңдық норма. Сол тәжірибе әлі күнге келе жатыр. Ол кезде «аналарға, әйелдерге құқықтық басымдық беруіміз керек» деген желеумен көп жағдайда ананың мүддесіне басымдылық беріліп келді. «Ана мен әкенің балаға деген құқықтары бірдей» деп айтқанымызбен, ананың мүддесін жоғары қойып келеміз.

Негізі, бала өз жұртында қалуы тиіс. Бірақ қазір бұрынғы салт-сананың өзгергені сонша, жиендердің барлығы нағашыларының үйінде қалып, сіңісіп кетіп жатыр. Кейбір ауылдарда өз әкесін танымайтын, өз жұртын білмейтін жиендер өсіп келеді. Бұл жаскылықтың нышаны емес. «Жиен ел болмас, жылке ас болмас» деген қазақтың мақалы тегіннен-тегін айтылмаса керек. Бала нағашы жұртында өгейліктің күйін кешпес үшін қандай жағдай болмасын өз жұртында қалуы тиіс. Әйтпесе, қазір ажырасуға көп жағдайда баланың анасымен қалатыны себеп болуда. Өйткені аналар «бала да, бастана да өзіммен қалады, алимент те өндіріп аламын» деген пиғылмен ажырасуға тіпті мүдделі болуынан шаңырағы ортасына түсетін отбасылардың жыл сайын артып барады. Олай болса, ерлі-зайыпты ажырасқан кезде баланы тек анасында қалдыру дұрыс па?..

Қолданыстағы заң бойынша бала 11 жасқа дейін анасымен бірге болуы қажет деп жазылған. Ал 11 жастан кейін анасымен немесе әкесімен қалуды баланың өзі шешеді. Осы жасқа толмаған балалар үшін әдетте кімде қалдыру қажеттігін сот шешеді. Ал сот шешімі көбіне анада қалдыруды көздейді.

Әрине, бала үшін ана мен әкенің қатар отырғанына не жетсін! Алайда, ерлі-зайыптылар әртүрлі жағдайлармен ажырасып жатқаны өкінішті. Ал мұның нәтижесінде бала күйзеліске ұшырайды. Оның үстіне көп жағдайда анасы баланы әкесіне қарсы тәрбиелеп, көрсетпейді. Мұндай жағдайда бала әкесінен мүлдем алыстап кетеді. Ана баласын алып алғанымен қоймай, үнемі баласын әкеге қарсы қойып отырса, ерегіскен әкелердің алимент төлемей қоюы әбден мүмкін.

Өз кезегінде әйелдер эмоцияға тез берілетіндіктен, кейде ішкілікке немесе жеңіл жүріске салынып, бала қараусыз қалып жатады. Мұндай жағдайда бала нендей күй кешеді?

Яғни аналарға да әрқашан сене беруге болмайды. Сондықтан шешім шығарғанда сот бала үшін ата-анасының қайсысы жақсы тәрбие бере алатынын, қайсысының бала үшін орны бөлек екенін мұқият анықтауы керек. Әсіресе, ер бала тәрбиесіндегі әкесінің орны бөлек. Әкесі де баласын өзінде қалдыруға мүдделі болған жағдайда мұны сот ескеруі тиіс.

Бәтті әзірлеген С.ЖҰМАБАЕВ.

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Данияр НҮРЛАНҰЛЫ,
тәжірибелі хирург:

Ерлер де сымбатты болғысы келеді

Бүгінгі күні елімізде пластикалық отаға деген сұраныс көбейген. Пластикалық хирургия орталығымызға күніне құлағын, мұрын, ерін өзгерткісі келетін 10–15 адам келеді. Оларға арнайы кеңес беріп, қажетті анализдер алынып, бәрі ойдағыдай болса ота жасалады. Бір айда шамамен 50–60 адамға қызмет көрсетеміз. Әр науқастың жағдайын жіті қадағалап, қалауын орындаймыз. Бір ерекшелігі, бұрын пластикалық отаға тек әйелдер қауымы жүгінсе, бүгінде ерлер де сымбатты болуға талпынатын болды. Мәселен, хирургиялық орталықтың барлық клиенттерінің 18-19%-ын ерлер құрайды. Бізде пластикалық отаға деген көзқарас оң бағытта деп айта алмаймын. Бұған қазақы менталитетіміз, сонымен бірге дініміз қарсы. Бірақ соған қарамастан, әйелдер де, ерлер де пластикалық операцияға жүгінеді. Әсіресе, өнер адамдары мен саясат сахнасындағы кейбір шенеуніктер де операция жасатады. Сонымен бірге, жасы 40-тан асқан, 50-ге таяған азаматтар қабақтарын алдыру, салбыраған беттерді көтеру, көз астындағы мимикалық әжімдерді тарттыруға көбірек келеді.



ҚАУЛЫ

Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 16 мамырдағы
№2/220-276 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2023 жылғы 16 ақпандағы №1 қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Индустриалды аймақтың шекарасын кеңейту үшін Алматы қаласының Алатау ауданындағы ЖЭО-2 солтүстігінде орналасқан жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүліктерді осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелерін ескертсін және жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ә.Е.Әбдіқадыровка жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің
2023 жылғы 16 мамырдағы
№2/220-276 қаулысына қосымша

Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі

Р/с	Жер учаскесі меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадатрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1	Долматов Сергей Сергеевич	20-321-066-029	«Алғабас» шағынауданы, 7 көше, 136 учаске	жалпы – 10, үлесі – 2
2	Тен Наталья Чунгуновна	20-321-066-029	«Алғабас» шағынауданы, 7 көше, 136 учаске	жалпы – 10, үлесі – 1
3	Алтай Айдоc Әлжанұлы	20-321-066-029	«Алғабас» шағынауданы, 7 көше, 136 учаске	жалпы – 10, үлесі – 7
4	Калутин Василий Васильевич, Калутина Татьяна Андреевна	20-321-066-228	«Алғабас» шағынауданы, 7 көше, 142/9 учаске	1,5
5	Смак Ербол Тұрарбекұлы	20-321-066-196	«Алғабас» шағынауданы, 7 көше, 140 учаске	12,82
6	Каражанов Сатпай Қонарбаевич	20-321-066-278	«Алғабас» шағынауданы, 7 көше, 151 учаске	5,31
7	Джурмий Галина Андреевна	20-321-066-028	«Алғабас» шағынауданы, 7 көше, 138 учаске	жалпы – 21,33 үлесі – 2,45
8	Аляева Фаузия Каимовна	20-321-066-028	«Алғабас» шағынауданы, 7 көше, 138 учаске	жалпы – 21,33 үлесі – 2,41
9	Буханцев Александр Иванович	20-321-066-028	«Алғабас» шағынауданы, 7 көше, 138 учаске	жалпы – 21,33 үлесі – 2,45
10	Дюсембеков Битымбай Төлегенович	20-321-066-028	«Алғабас» шағынауданы, 7 көше, 138 учаске	жалпы – 21,33 үлесі – 0,8
11	Паначев Александр Алексеевич, Уйғасбаева Майгуль Кабылжановна	20-321-066-028	«Алғабас» шағынауданы, 7 көше, 138 учаске	жалпы – 21,33 үлесі – 3
12	Иванова Нина Ивановна	20-321-066-028	«Алғабас» шағынауданы, 7 көше, 138 учаске	жалпы – 21,33 үлесі – 2,41
13	Кибиrow Рахматулла	20-321-066-028	«Алғабас» шағынауданы, 7 көше, 138 учаске	жалпы – 21,33 үлесі – 2,73
14	Парахневич Татьяна Александровна	20-321-066-028	«Алғабас» шағынауданы, 7 көше, 138 учаске	жалпы – 21,33 үлесі – 2,41
15	Пивоварова Наталья Викторовна	20-321-066-028	«Алғабас» шағынауданы, 7 көше, 138 учаске	жалпы – 21,33 үлесі – 2,67

Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 17 мамырдағы
№2/220-289 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесі бөлігін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2023 жылғы 16 ақпандағы №1 қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мектеп құрылысы үшін «Алатау Прогресс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Алматы қаласы, Алатау ауданы, «Самғау» шағынауданы, Ырысты көшесі, 46/5 учаске мекенжайы бойынша орналасқан (кадастрлық нөмірі 20-321-054-220), жалпы ауданы – 8,4077 га жер учаскесінен, ауданы – 3,4820 га жер учаске бөлігін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесі бөлігін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иесі (жер пайдаланушы) жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иесін (жер пайдаланушыны) ескертсін және жер учаскесі бөлігінің меншік иесіне (жер пайдаланушыға) өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесі бөлігін мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесінің бөлігін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ә.Е.Әбдіқадыровка жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

ТҰСАУКЕСЕР



Суретті түсірген Самат Құсайынұлов

«ЖАҚСЫНЫҢ АТЫ, ҒАЛЫМНЫҢ ХАТЫ ӨЛМЕЙДІ»**Әбсаттар қажы Дербісәлінің жаңа кітабы жарық көрді**

Кеше Ұлттық кітапханада мемлекет және қоғам қайраткері, ҰҒА академигі, белгілі шығыстанушы-ғалым, исламтанушы, марқұм Әбсаттар қажы Дербісәлінің «Араб, парсы деректеріндегі Тараз және таразиліктер (X-XX ғ.ғ.)», «Забытые мысли-тели Великой степи» (IX-XX в.в.) кітаптарының тұсаукесер рәсімі өтті.

**Гүлжанат
СЕМБАЕВА**

Рәсімде әуелі Құран оқылып, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы Әбсаттар қажы Дербісәлінің рухына арнайы Құран аятын бағыштап, дұға жасады.

«Қазақ халқында «Жақсының аты, ғалымның хаты» өлмейді деген даналық сөз бар. Әбсаттар хазірет ағамыз арамьздан кетсе де, оның ғылым жолындағы еңбектері өз оқырмандарымен мәңгі жасап келеді. Біз бүгін соның тағы куәсі болып отырмыз. Өйткені, академик, шейх Әбсаттар қажы Дербісәлі хазіреттің өз қолымен жазып қалдырған «Араб, парсы деректеріндегі Тараз және таразиліктер (X-XX ғ.ғ.)», «Забытые мыслители Великой степи» (IX-XX в.в.) кітаптары оқырман-дарға жол тартты. Алла Тағала ұстазымызды мейіріміне бөлеп, жанын жәннаттың төрі еткей. Рухы шат болғай. Иманы өзіне серік болып, пәни өмірде жасаған ізгі амалдарының қарымын алғай.

Әбсаттар қажы Дербісәлі

хазірет дінбасылық қызметін атқарумен қатар сайын даланың санлақтарын түгендеп, ұмыт қалған ұлыларымызды тірілтті. Шетелдік сапарлары кезінде кітапханалар мен қолжазба қорларына арнайы бас сұғып, ұлы даламыздан шыққан ғалымдардың еңбектерін қазақ тілінде сөйлетті. Бүгінгі қолымызға тиіп, тұсауы кесілгелі тұрған «Араб, парсы деректеріндегі Тараз және таразиліктер (X-XX ғ.ғ.)» кітабы да көне шаһар Тараздың 10 жылдық тарихын қамтып, осы кезең бедерінде араб, парсы тілдерінде қалам тербеген жетпіске жуық ойшылдың өмірі мен шығармашылығын егжей-тегжейлі зерделеп кетті», – деді ҚМДБ Төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы.

Жиынға қатысқан зиялы қауым өкілдері мен ғалымдар Әбсаттар қажы Дербісәлі туралы естеліктерімен бөлісті. Айта кететін жәйт, Әбсаттар қажы өмірінің соңғы сәттерінде аталған кітаптарды жазып қалдырған. Марқұмның жұбайы Рафия Бәкірқызы оның еңбектерін құрастырып, баспаға ұсынып шығаруға ұйытқы болды.

ХАБАРЛАНДЫРУ

ҚҰРМЕТТІ АУДАН ТҮРҒЫНДАРЫ!

2023 жылы 23 мамырда, сағат 11.00-де Алматы қаласы, Түркебаев көшесі, 176 мекенжайдағы «Шәкәрім Құдайбердіұлы атындағы №75 жалпы білім беретін мектеп» КММ-де Алмалы ауданы әкімінің халықпен кездесуі өткізіледі.

Жиынға қалалық Мәслихат депутаттары, Қоғамдық кеңес мүшелері, прокуратура қызметкерлері және аудандық басқарма өкілдері қатысады.

Тұрғындардың өзекті толғандырған мәселелері бойынша ұсыныстарын жинау әлеуметтік желілер Whatsapp – 8 708 683 02 94, Instagram – akimat_almaly, Facebook – akimatalmaly, Twitter – akimat_almaly, Алмалы ауданы әкімі аппаратының WEB сайты арқылы және 313-31-08, 313-31-12 телефондары арқылы жүргізіледі.



Бас директор –

Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ**Қабылдау бөлмесі:**
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –

Абдухалил ЖАЛИЛОВ

тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық

жөніндегі орынбасары –

Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА

тел.: 293-04-28.

Бас редактор –

Төрехан ДАНИЯР

тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –

Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –

Серік ЖҰМАБАЕВ

тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат

бөлімінің редакторы –

Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің

редакторы –

Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және

тұрғын үй-коммуналдық

шаруашылық бөлімінің

редакторы –

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –

Куаныш ДЮСКАЛИЕВ

тел: 293-08-12.

e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама және

тарату бөлімінің менеджері –

Алия ЕСИМХАНОВА

e-mail: dalemesh@vecher.kz

tel: 293-08-12.

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –

Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:

Мұрат ӘУЕЗОВ,**Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,****Сейітқазы МАТАЕВ.**

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамына: +7 707 932 39 18 телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық баспасы.

Меншік иесі:**«Almaty Akshamy» ЖШС.**

almatyqparat@mail.ru

Мекенжайымыз:

Индекс: 050022.

Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.**Апталық таралымы – 18 663****Кезекші редактор –****Гүлжанат СЕМБАЕВА**

Газет Қазақстан Республикасының

Ақпарат және қоғамдық даму

министрлігінің

Ақпарат комитетінде тіркелген.

Тіркеу туралы

№KZ80VPY00026040

куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty akshamy»-ның

компьютер орталығында теріліп,

беттелді.

Суреттердің сапасына

редакция жауапты.

Жарнама мәтініне жарнама беруші

жауап береді.

Автордың мақалалары редакция

көзқарасын білдірмейді.

Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де

басылды. 050044, Алматы

қаласы, Қалдақов көшесі, 17.

Тел.: 273-50-53

Офсеттік басылым,

көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty akshamy» газетінің**электронды нұсқасы****«AIR ASTANA»****әуе компаниясы бортындағы****жолаушыларға қолжетімді.**



ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

«ҚҰРАЛАЙДЫҢ САЛҚЫНЫ»

Дала аруының ұрпақ сабақтастығын жалғастыратын мезгіл



Сәрсенбек
БЕКМҰРАТУЛЫ

«Саратан-Зауза» амалы аяқталды. Өткен жолы жазғанымыздай, жауын-шашын, күннің күркірі, салқындық көрініс берді.

Ауа райы күнде құбылуда. Алматының аспаны ұзақ күнге бір жадырамай қойды. Түске дейін күн көзі көрінсе, түс ауа көкті бұлт бүркейді. Ал кешке өткінші болса да, жаңбыр нөсерлетіп өтеді. Көктем ерте шыққанымен, шаруаға да, қала тұрғындарына да тым қолайсыз болып тұр. Табиғаттың құбылмалы мінезі бақша дақылын егу мен көшеттеуге қолбайлау болып отыр. Базарда түрлі дақылдың көшеті дайын, бірақ оларды отырғызғанмен ары қарай жетілдіретін бақша топырағы дайын емес. Әлі салқын әрі қатты...

Осымен бір мезгілде түз аңдарының күйегі түсуі (күйек) қатар жүреді. Басқа аталуы: қыркүйек. Бұл күзгі қыркүйек емес. Ол үй жануарларының өсіп-өнуі. Бұл болса түз аңдарына арналған. Амал кезінде бірнеше күнге созылған сылбыр жауын болады.

Бұрынғы амал зерттеушілердің айтуы бойынша, осы айдың 17-сінен, яғни бүгіннен бастап амал көрініс береді. Бұл – аң төлдейтін мезгіл. Осы кезде киіктер төлдейді. Киік қанша көп болса да, олар 2-3 күннің ішінде-ақ түгелдей төлдеп болады. Мұның сыры – еселері кез келген құралайды емізіп, бауырына ала береді. Киік құралайының далада жетім, жалғыз қалмауы әрі нау-



қанның тез бітуі, міне осыдан болса керек. Киіктің айта кететін ерекше қасиеттерінің бірі де осы.

Киіктердің төлдеуі екі-үш күнге ғана созылады дедік. Артынша нөсерлі жаңбыр жауып, соңы дауылды желге ұласады. Сол жауынмен олар тазаланып, желдің күшімен лақтарын өргізеді. Суық та екпінді желдің демеуімен жерден бір тұрып кеткен лақ қайтып жатпайды, шапқылап кете береді.

Мамырдың соңына қарай болатын өте суық жел жерді кептіргенімен, ауаны қатты суытып жібереді. Сол кезде тау басына бұлт төніп, аспан бұзылады. Осындай суық күн-

дерді «Құралайдың салқыны» деп атаған. Өйткені, осы желге қарсы киік өз құралайларын аяқтандырып, жүгіртіп, өргізетінін айттық. Қазақтар «Құралайдың салқынын» күтіп, одан сақтанатын болған.

Биыл «Құралай» амалы жылдағыдан ерте келген сияқты. Жоғарыда айтқанымыздай, көктемнің ерте келуінің әсері болар. Анда-санда күн көзінің жылт етіп, бірер күн шуақ шашқаны болмаса, ауа райы әлі жылы қалпына түскен жоқ. Алатаудың алып шыңдарында жатқан қар әлі еріген жоқ.

Алматыда биыл жеміс ағаштарының бәрі гүлдеп, артынша түйнектеді. Бірақ күннің салқындығынан бой жазып кете алмай тұр. Ерте пісетіні өрік пен шие. Сосынғы кезек алманыкі. Бір күн жел, келесі күні жаңбыр, әйтеуір есебін тауып жеміс ағашының өсуіне мүмкіндік берер емес. Биыл алматылықтар жарытып жеміс жей алмайтын шығар.

Қолданыстағы күнтізбе бойынша, бүгін мамырдың 18-і, ай есебінше – 29-ы, қазақша айдың – 16-сы. Апта айдың ортасы мен соңын қамтып тұр. Жауын-шашын, салқындық, күн күркірі болуы әбден мүмкін.

БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

МАМЫРДА:

- Күн ерте күркіресе, жаңбыр мол болады.
- Ай қораланса, бұршақ пен жаңбыр жауады.
- Қоқиқаз былтырғы ұясына жұмыртқаласа, құрғақшылық болады.
- Ескі ұясын жөндеп, биіктетсе, онда мамыр айы жаңбырлы болады.

ЖАСЫЛ АЛМАТЫ

АЛЫП ШАҒАР АЖАРЫ

ҚЫЗЫЛДЫ-ЖАСЫЛДЫ ГҮЛДЕРМЕН КӨМКЕРІЛЕДІ



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

(Басы 1-бетте)

Мегаполисте гүл отырғызу жұмыстары жалғасуда. Дәл қазіргі уақытта Алматыда көпжылдық және біржылдық декоративті өсімдіктерді отырғызу жұмыстары жүріп жатыр. Гүлмен абаттандырылатын аумақтың жалпы көлемі шамамен, 185 мың шаршы метрді құрайды.

Алматының көрікті жерлері мен жол жиектеріне рау-



шан, қызылкүрең, колабус, абба, лаванда, сәлбен, қазтамақ, гортензия және өзге де декоративті өсімдіктер отырғызылады. Ал жол жиектеріне маусымдық гүлдерден соң келесі маусымда өсіп шығатын гүл түптерін отырғызу ыңғайлы болуы үшін біржылдық өсімдіктер егіледі.

Мамандар Бадалалы өсімдіктермен қатар, көпжылдық және біржылдық гүлдерді де егеді. Қазіргі кезде көпжылдық өсімдіктердің үлесін арттыру бойынша жұмыстар кезеңмен жүргізіліп жатыр. Бүгінде көпжылдық өсімдіктер үлесін 60%-ға жеткізу жоспарланған.

Гүлдер климаттық жағдайларға, көлемі мен қалпына, гүлзарлардың көлеміне және сәндігіне қарай таңдалады. Биыл көпжылдық гүлдерді 15 мамырға дейін, біржылдық өсімдіктерді 10 маусымға дейін отырғызады. Ал бадалалы өсімдіктер қазан және қараша айларында егіледі.

Биыл суару жұмыстарын қала бойынша күшейту жоспарланған. Мемлекеттік жеке серіктестік аясында қаланы декоративті көгалдандыру жұмыстарына 400 маман мен 50 бірлік техника жұмылдырылды.

Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ҰЛТТЫҚ БАНК:
ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ



EUR/KZT 489,63 теңге



USD/KZT 450,48 теңге



RUB/KZT 5,69 теңге



CNY/KZT 64,78 теңге